В ответ на критику вышеуказанных подходов, группа канадских и австралийских ученых в конце 1980-х – начале 1990-х годов разработала альтернативное определение, в котором основное внимание уделялось тому, как ведут себя средние державы. В рамках «поведенческого подхода» внимание было уделено тому, какое определенное поведение проявляют государства на международной арене. Так, А.Купер, Р.Хигготт и К.Носсал (Cooper, Higgot, Nossal, 1993:19) отмечали, что суть дипломатической деятельности средних держав наиболее полно выражается не в ожидании того, что должна делать эта группа государств, а в том, какой тип поведения они проявляют. Авторы определили его как «тип дипломатического поведения, который они проявляют или могут демонстрировать в целом», например, стремление к многосторонним решениям международных проблем, компромисс в международных спорах и «хорошее международное гражданство». Это «поведенческое» определение вскоре приобрело популярность для выявления и понимания средней державы.

Таким образом, к началу 1990-х главным вопросом академических споров о средних державах стал вопрос: «что именно определяет страну как среднее государство»?

Отличительное внешнеполитическое поведение или ее материальная, экономическая и военная сила?

В 2003 г. Эд.Джордаан (Jordaan, 2013) сделал попытку сблизить позиционный и поведенческий подходы, дав определение средних держав, как государств «по международной силе, потенциалу и влиянию не великих и не малых, склонных к укреплению сплоченности и стабильности в мировой системе».

Основываясь на таком определении, Э.Джордаан (Jordaan, 2013) разделил средние державы на «традиционные» и на «зарождающиеся». Под традиционными средними державами понимались стабильные социальные демократии с устоявшимся экономическим статусом. В отличие от них, зарождающиеся средние державы – это страны с менее стабильной социальной демократией, в большей степени в прошлом авторитарные, с растущим экономическим статусом. В таких странах наблюдается большее социальное расслоение, они менее интегрированы в мировую экономику. Э.Джордаан (Jordaan, 2013) указывал, что различия между традиционными и зарождающимися средними державами влияют на их внешнеполитическое поведение. Государства вначале достигают мощи средних держав, а затем переходят на стадию такого развития, когда начинают придерживаться внешнеполитического поведения, присущего средним державам.

Меньшую популярность по сравнению с позиционным и поведенческим подходами приобрело определение статуса средних держав как намеренно конструируемой политиками «политической категории». В рамках данного подхода рассматривается самоидентификация страны в качестве «средней державы». Конструктивистский подход важен для понимания того, как действуют определенные страны, но устойчивое определение средних держав требует более стабильной основы, чем самоидентификация политиков.

Все разработанные подходы к определению средней державы силы не дают полного определения «средней державы». Размах академических дебатов на тему средних держав заставил некоторых ученых усомниться в полезности термина и необходимости продолжения дальнейшей дискуссии. Оправданным представляется аргумент Дж. Робертсона (Robertson, 2017), выступающего за прагматизм в анализе концепта «средних держав». Так, прагматический подход не предполагает

постановку вопроса «что же такое средняя держава?», вместо этого, поощряет размышления над определением, спрашивая, какие и чьи потребности, интересы и ценности оно обслуживает. Тем самым, прагматический подход ставит вопрос следующим образом: «как мы должны использовать понятие «средняя держава» в данном контексте?». По мнению Дж.Робертсона (Robertson, 2017: 366-367), одно из возможных определений средней державы может быть: «в контексте глобального управления 2010-х гг., средняя держава – это государство, имеющее возможности (материальные ресурсы, дипломатическое влияние, креативность и др.) и заинтересованное в совместной работе с такими же государствами развивать и укреплять институты управления всеобщего достояния».

Среди казахстанских исследователей поведения страны как средней державы можно отметить работу А. Бахтияровой, представленной в соавторстве с турецким ученым Сейит Али Авджу (Bakhtiyarova, Seyit Ali Avcu, 2022). Авторы, рассмотрев дипломатическую деятельность Казахстана по урегулированию конфликта в Сирии, создание KazAID, обосновывают статус страны как средней державы и анализируют дальнейшие перспективы отношений с США, КНР и РФ.

Анализу влияния статуса Казахстана как средней державы в борьбе с терроризмом посвящена совместная публикация Х.Садри, А.Курмашева, А.Джолдасбековой и Д.Ахмедияновой (Sadri, Kurmashev, Zholdasbekova, Akhmedyanova, 2018). Авторы доказывают, что особенности борьбы Казахстана с терроризмом определены во многом его позицией как средней державы.

Использование «ядерной дипломатии» в качестве «нишевой» средними державами, включая Казахстан, рассматривается в работе французской исследовательницы Э.Майтре (Maitre, 2018). Автор пытается ответить на вопрос, успешна ли «ядерная дипломатия» Казахстана и способна ли повлиять на глобальную ситуацию. Изучив в качестве кейсов «ядерную дипломатию» Японии, ЮАР и Казахстана, автор приходит к выводу, что их внешнеполитические инициативы отвечают множеству интересов и приносят средней державе укрепление безопасности, повышение политического статуса, экономической мощи, а также повышает их самооценку.

Если говорить о вышеупомянутом проекте Нидерландского института международных отношений, то нидерландские

авторы, определив ряд важных критериев средних держав и, разделив их на «устоявшиеся» и «зарождающиеся», выделили несколько десятков стран, подпадающих под категорию «средних держав», в числе которых есть и Казахстан (Oosterveld, Torossian, 2018).

Появление большого количества государств, претендующих на статус средней державы, заставило современных исследователей переосмыслить подходы к их определению. В последние десятилетия становится ясным, что новые средние государства уже не могут рассматриваться, как страны, способствующие поддержанию установленного мирового порядка, какими, к примеру, являются традиционные средние державы.

Тему переосмысления концепта средних держав продолжил Э.Джордаан (Jordaan, 2017), предложив отойти от деления стран на традиционные и зарождающиеся. Вместо этого, автор оставил определение средних держав только за средними странами, активно выступающих за сохранение либерального гегемонистского порядка. Подобное ограничение оставляет в категории средних держав только традиционные средние страны, как Канада, Австралия, Норвегия, Швеция и ряд новых, имеющих союзнические отношения с США, как, к примеру, Южная Корея.

«Позиционный» подход

В 1960-е годы был сформирован «позиционный» подход к понятию «средняя держава», направленный на определение места государства внутри международной иерархии. Внимание исследователей в рамках данного подхода было сосредоточено на поддающихся количественному измерению факторах, таких как валовой внутренний продукт (ВВП), численность населения, военная численность и расходы на оборону.

Нидерландский институт международных отношений “Clingendael” (Oosterveld, Torossian, 2018), предварительно выделив категорию великих держав из 8 стран, включающую США, Китай, Японию, Россию, Францию, Британию и Индию, проанализировали три показателя количественной силы, а именно, данные стран мира по ВВП, населению и расходам на оборону в 2013-2017 гг.

С целью разграничения средних держав от малых, за исключением восьми великих держав, следующие шестьдесят

стран в категориях ВВП и военных расходов получили по одному баллу за индикатор. За численность населения любой стране (кроме великих держав) с населением более четырех миллионов был присвоен один балл. В результате, получившие три из трех общих баллов пятьдесят стран, включая Казахстан, попали в список «потенциальных средних держав».

«Позиционный» подход предполагает количественный анализ ресурсов страны в региональном и мировом измерении, чтобы в итоге определить место страны в международной иерархической системе. Сложность данной методики состоит в проведении разграничения между великими, средними и малыми государствами. Выделение великих государств не представляет больших затруднений в силу их малочисленности (у Clingendael – их восемь). Учитывая, что, за исключением великих держав, в мире насчитывается больше 180 стран, сложность представляет проведение разграничения между средними и малыми странами. Исследование “Clingendael”, следовательно, является масштабным проектом по изучению большого массива данных по всем странам, и потому, опираясь на его результаты, можно говорить о том, что по «позиционному подходу» Казахстан рассматривается в качестве потенциального среднего государства.

В проекте Германского института по международным отношениям и безопасности авторы выделили 12 «средних стран», включая Казахстан. Отмечается, что «эти страны имеют много общего в том, что им потенциально приписывается важная региональная или международная сила действий, что отличает их от других государств» (Lippert, Mair, 2024). Авторы проекта выделяют три свойства «средних государств»: первостепенное значение экономического развития, сильный фокус на безопасность и стабильность, а также стремление к стратегической автономии. В качестве 12 «средних стран», помимо Казахстана, в работе рассматриваются Турция, Израиль, Египет, Саудовская Аравия, Индия, Индонезия, Эфиопия, Кения, Южная Африка, Мексика и Бразилия.

«Географический» подход

Одним из вариантов позиционного подхода, расширяющего концепцию средних держав, является рассмотрение географии, как части оценки силы государства.

Можно выделить три географических индикатора, используемых для утверждения статуса средней державы (Саг, 2014). Во-первых, некоторые используют географический размер как показатель силы. Казахстан занимает 9 место в мире по территории и по данному индикатору уже относится к средним государствам.

Во-вторых, согласно прусскому военному теоретику Карл фон Клаузевицу, государства могут считаться средними державами, если они занимают ключевое географическое положение, разделяющее два великих государства, поддерживают дружеские отношения с соседями и способны вносить некоторый вклад в защиту своих великих соседей (Holbraad, 1984: 22–23). Также, можно рассматривать страну как среднее государство, если она находится между великой державой и большим рядом малых стран, к примеру, Мексика (Holbraad, 1984: 20–22).

Имея общие границы с Китаем и Россией, Казахстан физически не разделяет эти страны, при этом состоит в союзнических отношениях с Россией через ОДКБ и ЕАЭС, а также является членом ШОС, куда входит и Китай.

Наконец, можно выделить третий индикатор географического подхода к определению средней державы, заключающийся в ее позиции в своем регионе. В конце 1960-х годов Исследовательским институтом Германского общества по внешней политике была разработана классификация государств по оказываемому ими влиянию. Средняя держава, согласно данному исследованию, «это государство, играющее роль в регионе» (Holbraad, 1984:72)

Купер, Хигготт и Носсал (Cooper, Higgott, Nossal, 1993) отмечают, что есть как минимум два варианта географического подхода. Первый предполагает, что государства, сильные в своих географических регионах, могут рассматриваться как средние державы. Второй вариант, популярный в годы Холодной войны, предполагал, что средние державы занимают идеологически «среднюю» позицию между двумя противостоящими великими державами.

Казахстан имеет разное региональное и глобальное значения, но стремится к статусу средней державы на основе именно регионального влияния. «Взросшая субъектность Казахстана на мировой арене свидетельствует о повышении роли и

международного авторитета государства, увеличении регионального веса, росте значения для глобальной экономики и финансовых институтов», – говорится в предыдущей Концепции внешней политики страны на 2014-2020 гг. (Akorda, 2014). Отмечается, что «осознавая свою ответственность и роль в регионе, страна будет прилагать всесторонние усилия для обеспечения региональной стабильности и безопасности». В новой Концепции уже говорится о необходимости закрепить статус ответственного участника мирового сообщества и лидирующего государства в регионе Центральной Азии (Akorda, 2020).

Как указывает Э.Джордаан (Jordaan, 2017), новые средние державы часто являются региональными лидерами, в отличие от традиционных. К примеру, Канада и Австралия стремились к статусу средней державы на основе международного, а не регионального влияния, особенно в первые послевоенные годы.

«Поведенческий» подход

Большое исследование поведенческого подхода было проведено Э. Купером, Р. Хигготтом и К. Носсалом (Cooper, Higgot, Nossal, 1993:19), которые определили средние силы по их «тенденции искать многосторонние решения международных проблем, их склонности занимать компромиссные позиции в международных спорах и их склонность использовать понятия «хорошего международного гражданства» в качестве ориентира в своей дипломатии». Проанализировав позиционный, географический и нормативный подходы, Купер, Хигготти и Носсал выступили за то, что именно внешнеполитическое поведение государств должно служить главным критерием их включения в категорию «средних держав».

Указывая, что великие державы имеют гораздо больше возможностей для осуществления вышеизложенных направлений дипломатии, авторы, однако, отмечают, что у великих держав и гораздо больше рассматриваемых вопросов, нежели у средних. В этой связи, авторы рассматривают т.н. «нишевую дипломатию», понятие, появившееся в конце 1980-х-нач.1990-х годов (Cooper, Higgot, Nossal, 1993:25)

«Нишевая дипломатия» означает концентрацию бюрократических ресурсов только в определенных областях, которые лучше всего могут обеспечить достойную отдачу, вместо того, чтобы пытаться охватить все сферы (Cooper, Higgot, Nossal, 1993:26). Примерами «нишевой дипломатии» могут

служить инициативы Канады по развитию мер доверия в военной области в Европе в начале 1990-х годов, по запрету противопехотных мин, а также инициативы Австралии по развитию режима нераспространения ядерного оружия в 1980-е годы.

Инициативы Казахстана, направленные на развитие ядерного разоружения, могут служить примером «нишевой дипломатии». Э.Майтре (Maitre, 2018:24) отмечает, что только два средних государства, наряду с Японией, могут развивать «ядерную дипломатию» в качестве «нишевой», при этом опираясь на легитимность, наличие ресурсов и желание. К таким средним государствам он относит Казахстан и Южную Африку. Изучив «ядерную дипломатию» Японии, Казахстана и Южной Африки, она отмечает, что им удалось связать свою «ядерную дипломатию» с общими внешнеполитическими целями. К главным дипломатическим достижениям Казахстана Э.Майнтре относит: инициативу страны по учреждению Международного дня действий против ядерных испытаний, участие в работе ОДВЗЯИ, в Программе совместного уменьшения угроз, ведущую роль в заключение Семипалатинского договора 2006 г., подписание Соглашения о размещении БНОУ МАГАТЭ на территории страны.

Оказание официальной помощи развитию (ОПР) странам Центральной Азии также может служить примером «нишевой дипломатии» Казахстана. В 2020 г. было создано международное агентство помощи развитию KazAID, в уставе которого основные географические приоритеты оказания помощи – это Центральная Азия и Афганистан. Из стран региона в 2019 г. помощь развитию была оказана Таджикистану (1.7 млн. долл. США) и Кыргызстану (0.1 млн. долл. США). За шесть лет с 2013 по 2019 годы официальная помощь развития, оказываемая Казахстаном, увеличилась с 8 млн. долларов США до 34 млн. долларов США. Значительная доля помощи направляется в страны Центральной Азии и Афганистан, где KazAID уделяет особое внимание инициативам в области инфраструктуры, гуманитарной помощи, гендерного равенства, образования и здравоохранения (OECD, 2022). В 2018 г. Казахстан был впервые приглашен участвовать в 25-й пленарной сессии по управлению, проводимой Комитетов по содействию развитию ОЭСР в Париже.

Обращаясь снова к проекту института “Clingendael” (Oosterveld, Torossian, 2018), надо отметить, что одной из их методик определения средних держав был подсчет количества

дипломатических представительств за рубежом и количество сроков работы страны в качестве непостоянного члена Совета Безопасности с 1998 г. и в составе Комиссии по правам человека ООН с 2006 г. По результатам методики, Казахстан был включен в категорию потенциальных средних держав.

Следующей методикой института Clingendael (Oosterveld, Torossian, 2018) по классификации средних держав стал анализ финансовой поддержки странами мира ПРООН в 2013-2017 гг. и Индекса состояния свободы Freedom House на 2017 г. По результатам подсчетов, Казахстан находится в категории «зарождающихся средних держав» («emerging middle powers»). В данную категорию также включены такие страны, как Алжир, Ангола, Ирак, Таиланд и Вьетнам.

Применяя поведенческий подход к Казахстану, можно выступить в пользу того, что страна является средним государством. Так, в новой Концепции внешней политики РК закреплена важность обеспечения более эффективного продвижения международных инициатив Казахстана в целях получения конкретных результатов для страны и мира. Внешнеполитические инициативы Казахстана по ядерному разоружению, развитие СВМДА, позиционирование страны в качестве ответственного участника международного сообщества – все это выступает в поддержку статуса как среднего государства.

Рассмотренные подходы к анализу «средней державы», примененные к Казахстану в данной работе, позволяют говорить о формировании статуса страны как среднего государства. Применяя «позиционный» и «географический» подходы к Казахстану, можно выступить в пользу того, что страна является потенциальной средней державой. Анализ «поведенческого» подхода и последующее его тестирование в отношении страны свидетельствует о том, что успешная реализация ряда внешнеполитических инициатив, развитие «посреднической» дипломатии, позволяют заявить о Казахстане как о среднем региональном государстве. Внешнеполитические инициативы по ядерному разоружению, развитие СВМДА, позиционирование страны в качестве ответственного участника международного сообщества – все это выступает в поддержку статуса страны как среднего государства.

Работы казахстанских и зарубежных авторов, посвященных изучению политики Казахстана как средней державы, нидерландского и германского проектов, идентификация страны

в Концепции внешней политики на 2014-2020 гг. обосновывают важность развития значимых исследований в этой области и выработки практических рекомендаций.

Цитируемая литература:

Akorda (2014) Концепция внешней политики Республики Казахстан на 2014- 2020 гг. 21 января 2014 г. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1400000741>

Akorda. (2020). Концепция внешней политики Республики Казахстан на 2014-2020 гг. 9 марта 2020 г. – URL: https://www.akorda.kz/ru/legal_acts/decrees/o-koncepcii-vneshnei-politiki-respubliki-kazakhstan-na-2020-2030-gody

Bakhtiyarova A., Seyit Ali Avcu (2022). Middle Power Behavior during the Transition in World Order: the Case of Kazakhstan // Вестник КазНУ им.аль-Фараби. Серия международные отношения и международное право. №1 (97). С.53-62

Carr, A. Is Australia a middle power? A systemic impact approach (2014) // Australian Journal of International Affairs. Vol.68. No.1. P.70-84

Cooper A. Higgot R., Nossal K. (1993) Relocating Middle Powers: Australia and Canada in a Changing World Order. UBC Press

Cooper, A. Emel Parlar Dal. (2016) Positioning the third wave of middle power diplomacy: Institutional elevation, practice elevation // International Journal. Vol.71 (4). P.516-528

Holbraad, C. (1984) Middle Powers in International Politics. – London Macmillan Press. – URL: <https://www.clingendael.org/pub/2018/strategic-monitor-2018-2019/a-balancing-act/>

Jordaan, Ed. (2003) the concept of a middle power in international relations: distinguishing between emerging and traditional middle powers // South African Journal of Political Studies. Volume 30. Issue 1

Jordaan, Ed. (2017) the emerging middle power concept: Time to say goodbye? // South African Journal of International Relations. 23:3, P. 395-412. – URL: https://www.academia.edu/es/40074456/_The_emerging_middle_power_concept_Time_to_say_goodbye_in_South_African_Journal_of_International_Affairs_2017

Maitre, E. (2018) Nuclear Diplomacy: A Niche Diplomacy for Middle Powers // Foundation pour la recherche strategique – FRC. N.8. – URL: <https://www.globalfirepower.com/countries-listing.php>

OECD (2022) Официальный сайт ОЭСР. – URL: <https://www.oecd-ilibrary.org/sites/7da178e1-en/index.html?itemId=/content/component/7da178e1-en>

Oosterveld, W., Torossian, B. (2018) A balancing act: the role of Middle powers in contemporary diplomacy // Strategic Monitor. – 2018-2019

Robertson, J. (2017) Middle-power definitions: confusion reigns supreme // Australian Journal of International Affairs. Vol.71. No.4. – P.355-370

Sadri, H., Kurmashev, A., Zholdasbekova, A., Akhmedyanova, D. (2018) Kazakhstan's Middle Power Response to Terrorism//Insight Turkey. Vol.20. N.4. – URL: <https://www.insightturkey.com/articles/kazakhstans-middle-power-response-to-terrorism>

ГЕОСАЯСИ ӨЗГЕРІС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ КӨЛІК ДӘЛІЗІНІҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Орталық Азия – Еуропа мен Азия арасындағы көлік бағыттарының қиылысында орналасқан экономикалық даму мен транзиттік сауда үшін өте маңызды аймақ. Жаңа геосаяси шынайылықта осы өңірдің трансконтинентальды сауданы ілгерілету мен дамытудағы рөлі қарқынды өсуде.

Орталық Азиядағы көлік дәлізі – осы өңірдегі мемлекеттер мен көршілес мемлекеттерді, атап айтқанда, Қытай, Ресей, Еуропа, Иран, Үндістан және Пәкістан сияқты елдерді қосатын халықаралық көлік бағыттарының бір бөлшегі болып табылады.

Аймақтағы мәселелердің бірі, көлік инфраструктурасы мен транзиттік сауда саласы бойынша аймақтағы кейбір мемлекеттер арасындағы келісімнің әлсіздігі және шектеулердің болуы. Бұл жүк тасымалының тежелуіне және товар жеткізу шығынының ұлғаюына алып келуі мүмкін. Келесісі ол көлік бағытының тар болуы және инфраструктураға қатысты мәселелер болып табылады, бұл өз кезегінде өткізу мүмкіндігін шектеп, тасымалдау уақытының созылуына алып келеді.

Дегенмен, Орталық Азияда көлік дәлізін дамытудың бірнеше жолдары бар. Көршілес отырған елдердің барлығында мемлекеттік көлік жолдарын дамытуға арналған өзіндік бағдарламалары баршылық. Мәселен, Ресейдің «Транссібір магистралы», Моңғолияның «Далалық жол», Қытайдың трансконтиненталдық «Бір белдеу, бір жол», Оңтүстік Кореяның «Еуразиялық Жібек жолы» халықаралық көлік жолы бағдарламалары бар. Сондай-ақ, еліміздің көтеріп отырған «Еуразиялық трансконтиненталдық дәліз» мультимоделдік көлік дәлізін құру жөніндегі жоба осы жобалардың құрамдас бір бөлігі болып табылады. «100 нақты қадамның» 65-қадамы алдағы уақытта толық жүзеге асуы, еліміздің экономикасында үлкен бір секіріс болмақ деп сенімді айтуға болады. Одан бөлек, Каспий теңізі және Иран арқылы өтетін баламалы бағыттарды қолдану

потенциалы да бар. Соңғы әлемде болып жатқан жағдайларға байланысты, Ресей арқыты транзит кез-келгеннің таңдауы болмағандықтан, Орталық Азия дәлізі көпшіліктің назарында болып отыр.

Бүкіләлемдік банктің бағалауы бойынша Орталық Азиядағы көлік дәлізі аймақтағы бес мемлекеттің ішкі жалпы өнімін 15 пайызға көбейтеді. Көрші мемлекеттер арасындағы саудасаттықты жандандыру үшін көлік дәлізінің маңызы аса зор. Соның нәтижесінде экономикасы дамыған көрші Қытаймен арадағы транзиттік ағыстарды ұлғайту ерекше маңызға ие.

Бұл – тек Орта Азия елдері үшін ғана емес, Қытайдың өзі үшін де пайдалы. Соның арқасында көрші мемлекет транзитті-көлік бағыттарын диверсификациялап, интеграцияланған логистикалық шешімдерді іске асыруды күшейте түсті. Сөйтіп, жерүсті көлік дәлізі іске қосыла бастады. Мұндай маңызды шаруа мүдделі екі тарап жағынан да қаржы бөлуді талап етеді. 2025 жылға дейін Қазақстан дәл осы мақсатта жиырма миллиард доллар қаржы бөлуді жоспарлап отыр.

Қазақстан аймағы арқылы өтетін магистральды көлік дәлізі Қытай тауар өндірушілерінің Еуропаның, Таяу Шығыс пен ТМД елдерінің нарқына шығуын барынша жеңілдеті түседі. Ляньюньгандағы терминал, Қорғастағы жерүсті порты және «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» авто-магистралі сияқты бірлескен инфра-құрылымдық жобалар «Бір белдеу – бір жол» мегажобасының тірегіне айналып отыр. Жалпы, “Орталық Азия-Қытай” жерүсті көлік бағыттары (1-кесте) Орталық Азия елдері мен Қытай арасындағы жолаушылар тасымалы, жүк тасымалы және сауда-саттық пен туризм саласына айтарлықтай жеңілдіктер алып келді.

Автожол нөмірі	Басып өтетін маңызды қалалар
АН15	Шаңхай-Нанкин-Сиань-Ланьчжоу-Урумчи-Қорғас-Алматы-Бішкек-Ташкент-Ашхабад
АН61	Қашқар-Бішкек-Арал-Ақтөбе-Орал
АН65	Қашқар-ЭркешТам-Ош-Душанбе-Турсунзаде-Узун-Термез
АН67	Куйтунь-Бақты-Семей-Павлодар-Қарағанды-Жезқазған
АН68	Дзинхэ-Алашанькоу-Достық-Үшарал

Мемлекеттер арасын байланыстыратын көлік дәлізіне негізделген жан-жақты сауда байланыстары тек жерүсті жол қатынасына негізделмейді. Себебі, бұл жердегі басты мақсат атақты Жібек жолының дәстүрімен Еуропа және Азия арасындағы сауда қатынастарын жандандыру. Бұл жерде Транс-Каспий дәлізінің маңыздылығына да ерекше. Осы дәліз халықаралық сауда мен тауар айналымында көп нәрседен үміттендірген жоба. Қазіргі таңда Транс-Каспий дәлізінің аса ірі көліктік бағыт болатын мүмкіндігі зор екені болжанып отыр.

Теңізбен қоса құрғақтағы көлік қатынасын біріктіретін Транс-Каспий дәлізі Қытай халық республикасынан Еуропаға дейін созылып жатыр. Жолдың негізгі бөлігі Қазақстан аумағында болып отыр. Оған қоса соңғы кезде осы халықаралық сауда бағыты трансшекаралық сауда үшін маңыздылығын одан әрі арттыра түскені байқалады.

Дегенмен басқа қосалқы мәселелермен қоса қаржы тапшылығының жылдам дамып келе жатқан осы бір инфрақұрылымдық дәліздің одан әрі өркендеуіне кедергі келтіруі мүмкін деген болжам да жоқ емес.

Транс-Каспий дәлізінің алдымен Орта Азия аймағы үшін, оның ішінде Ауғанстанды, Әзірбайжанды, Грузияны, Қазақстанды, ҚХР-ды, Қырғызстанды, Моңғолияны, Пәкістанды, Түрікменстанды және Өзбекстанды біріктіретін Орта-лық Азия аймақтық экономикалық әріптестік ұйымының дамуына аса қажет екені анық.

Транс-Каспий дәлізінің жетекші ойыншылары ретінде ең алдымен Қазақстан мен Түрікменстанды санауға болады. Себебі, Каспий теңізі арқылы өтетін кең ауқымды көлік дәлізінде осы екі мемлекет көп түйінді шеше алады. Еуропаға теңіз жолы арқылы өтуге тиіс Қытай тауарының тағдыры да алдымен осы мемлекеттердің қолында деп санауға толықтай негіз бар.

Минералды ресурстардан түскен кіріс көлемі Қазақстан мен Түрік-менстанға порт, автомобиль және теміржол инфрақұрылымдарына ауқымды қаржы құюға мүмкіндік береді. Бұл да халықаралық сауда байланыстарында осы екі мемлекеттің деңгейін біршама жоғарылататын фактор болып табылады. Осы жобада теңіз қатынасының қаншалықты маңызды екені айтпаса да, белгілі. Осы орайда Қазақстан мен Түрікменстанға Әзірбайжанның да қосылатыны бәрімізге мәлім.

Аталған теңіз дәлізін іске қосуда маңызды роль атқаруға тиіс Түрік–менстандағы, Әзірбайжан мен Қазақстандағы шешуші үш порттың бір кезеңде, яғни 2018 жылдың екінші жартысында іске қосылуы да бекер емес. Себебі, бұл жерде де үш мемлекет арасында келісім мен ымыра болғаны күмәнсіз. Түрікменстандағы Түркменбашы атты халықаралық теңіз портын іске қосуға бес жыл уақыт кетіп, 1,5 миллиард доллар шығындалғаны белгілі. Техникалық жетістіктердің арқасында ондағы жүк сыйымдылығы, мұнай өнімдерін есептегенде, бұрынғы 18 миллион тоннаның орнына жылына 8 миллион тоннаға артық болды. Сонымен қатар 2018 жылы Ашхабадты Түркменбашы теңіз портымен қосатын 564 шақырымдық жол тартылды. Осы жобаның іске асуына Қазақстанның да қосқан үлесі зор. Қазіргі уақытта екі құрлықты байланыстыруда шешуші роль атқарып отырған Құрық портының жұмысы соған дәлел. Ал қос құрлықты жалғастыратын құрғақтағы көлік дәлізінің ұзақтығы 365 мың шақырымнан асып отыр.

2017 жылдан бері осы дәліздің бағдары бойынша контейнерлер тасымалы 3 есе артқан. Бұдан бөлек, Қазақстан "Мазари-Шариф – Кабул – Пешавар" теміржол құрылысына қатысуға дайын, атап айтқанда, Қазақстан теміржолдың жоғарғы құрылысына материалдар жеткізіп, жылжымалы құрам ұсына алады деп болжанып отыр.

Орталық Азиядағы теміржол дәлізін одан әрі дамытудың да маңызы аса зор. "Қазақстан – Түрікменстан – Иран" теміржолын белсенді қолдануға үгіттеуге болады. Себебі, бұл Шығыс Азия мен Парсы шығанағы елдері арасындағы ең қысқа бағдар болып табылады. Айта кету керек, жуырда Түрікменстан мен Иран аумағы арқылы Қазақстаннан алғашқы контейнерлік пойыз Түркияға аттанды. Бұл жаңа логистикалық шешім 6 мыңнан астам шақырымды небәрі 12 күнде ескеруге мүмкіндік береді. Ал Таяу Шығыс пен Еуропа елдерінің нарығына қазақстандық Ақтау мен Құрық теңіз порттары арқылы шығуға болады.

Қазіргі таңда Қазақстан мен Өзбекстанның белсенді жұмысы арқасында, "Дарбаза – Мақтарал" теміржол желісінің іске қосылуы өткізу қабілетін 2 есе ұлғайтуға және жүк тасымалдау мерзімін 1,5 есеге қысқартуға мүмкіндік береді.

Қырғызстан, Өзбекстан және Қытай арасындағы 25 жыл бойы жоспаланған Қытай-Еуропа теміржол экспресінің оңтүстік дәлізінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын теміржол

құрылыс жобасы биыл өз жұмысын бастайды деп жоспарланып отыр. Жалпы ұзындағы 523 шақырым болатын темір жол құрылысы, Қытайдың 213 шақырым, Қырғызстан аумағының 260 шақырымын, сондай-ақ Өзбекстанның 50 шақырым жерін басып өтпек. Қырғызстан, Өзбекстан және Қытай арасындағы теміржол жобасы Қытайдың ШҰАА-дағы Қашқардан бастау алып, Қырғызстанның Қарасу аумағынан өтіп, Өзбекстанның Андижан қаласына дейін созылады деп жоспарланып отыр. Бұл теміржол құрылысы аяқталғаннан кейін, Қытайдан Еуропа мен Таяу Шығысқа жүк тасымалының ең қысқа бағыты болады деп болжануда. Жол ұзақтығын 900 шақырымға дейін қысқартып, уақыт жағынан 7-8 күнге дейін үнемделеді делінген. Бұл жоба Еуразиялық континентальді көпірдің оңтүстік дәлізін толықтыратын, Шығыс Азия және Оңтүстік-Шығыс Азиядан Орталық Азияға, Оңтүстік-Батыс Азия және Солтүстік Африка мен Оңтүстік Еуропа шығатын жылдам әрі ыңғайлы транзитті бағыт болмақ.

Жалпы, аймақта экономикалық даму мен сауданы ұлғайту мақсатында Орталық Азиядағы көлік дәлізін дамыту маңызды тапсырмалардың бірі болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін аймақтағы мемлекеттер келісімнің болуын, бағыттардағы тар жерлердің кеңейтілуін және балама бағыттардың енгізілуін, сондай-ақ, ел үкіметтері тариф саясатын оңтайландыру және әкімшілік процедураларды жеңілдету мәселелері бойынша өзара тығыз қарым-қатынаста болуы керек екенін талап етеді.

Қазіргідей алмағайып шақта темір жолдың әлеуетін арттыру, оның мүмкіндігін барынша пайдалану маңызды. Достық – Мойынты темір жол дәлізін жаңғырту жобасы «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасына енгізілді. Оны іске асыру жүктерді тасымалдау жылдамдығын және Қытай – Еуропа – Қытай транзиттік дәлізі бойынша темір жол инфрақұрылымының өткізу қабілетін бес есеге арттырады. Одан бөлек, Дарбаза – Мақтаарал темір жол желісі мен Алматы стансасын айналып өтетін Жетіген – Қазыбек Бек айналма темір жол желісін салуды жоспарлап отыр. Дарбаза – Мақтаарал желісі Сарыағаш мемлекетаралық түйісу пункті мен Ташкент торабында инфрақұрылымдық шектеулерді «кестелеуге» мүмкіндік береді. Жетіген – Қазыбек Бек айналма желісі жүк ағынын қайта бағдарлау есебінен Алматы торабы жүктемесінің төмендеуін қамтамасыз етеді және жүктерді жеткізу уақытын

қысқартады. Бұл жобалар жоғары локализацияға (85 пайыз) байланысты экономикаға айтарлықтай мультипликативтік әсер етеді және қосымша жұмыс орындарын құруға жол ашады. Қазіргі жағдайда елдің көлік-транзиттік әлеуетін дамыту жөніндегі шараларды күшейту әрі жандандыру қажет екені түсінікті. Бүгінгі таңда Қазақстанда темір жол көлік дәліздерінің тармақталған желісі бар. Қосымша темір жол инфрақұрылымын, терминалдық қуаттарды салу бойынша жоспарлар бар. Теңіз саласын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Бүгінде Каспий теңізіндегі позициямызды нығайтып, Ақтау және Құрық теңіз порттарын дамытып, отандық сауда флотын құрып, одан әрі дамытатын уақыт келгенін ерекше атап өткен жөн. Егер дәліздерге жеке тоқталатын болсақ, Ресей мен Қытай арасындағы транзиттік экспорттық тасымалдарды дамыту үшін Достық – Мойынты темір жол учаскесінің екінші жолдарының құрылысы жоспарланып отыр. Сондай-ақ Алматыны айналып өтетін айналма темір жол құрылысын салу көзделген. Бұл Алматы торабын орта есеппен 30 пайызға жеңілдетуге мүмкіндік береді. Оған қоса Бақты – Аягөз темір жол учаскесі мен үшінші шекара өткелінің құрылысы мәселесі қарастырылып жатыр. «Қазақстан темір жолы» қазіргі уақытта ресейлік серіктестермен және қытайлық әріптестермен осы жобаларды іске асыру бойынша келіссөздер жүргізуде. Орталық Азия өңіріне қатысты айтар болсақ, қазіргі таңда Сарыағаш стансасы толық қуаттылыққа ие, резервтер шамамен 1 млн тоннаны құрайды. Осыған байланысты Дарбаза – Мақтаарал темір жолының құрылысы жоспарланған. Темір жолдар Мақтаарал ауданын негізгі магистралдық темір жол желісімен қосуға мүмкіндік береді. Тиісінше, осы өңірдің дамуына оң әсер етеді.

Транскаспий халықаралық көлік бағытының әлеуеті әлі ашылмаған. Бұл – негізгі балама бағыттардың бірі. Транскаспий халықаралық көлік бағыты дегеніміз – 8 мемлекеттің аумағында 11 мың шақырымға созылған жол бағдары. Бұл жол Қытай Халық Республикасының шығыс жағалауында орналасқан Ляньюньган портынан басталып, Еуроодаққа дейін жетеді. Жол Қытай, Қазақстан, Каспий теңізі, Әзербайжан, Грузия, Түркия, Украина, Польша, Румыния секілді мемлекеттерді басып өтеді. Шығыс пен Батысты жалғайтын аса маңызды көлік дәлізі болып саналады. Бұған дейін мемлекеттік бағдарламалар аясында Ақтау портында паром кешенін салу бойынша жобалар іске асырылды,

қолданыстағы порттың өткізу қабілетін кеңейту бойынша шаралар қабылданды. Атап айтқанда, үш құрғақ жүк терминалы салынды. Бүгінде инфрақұрылымның өткізу қабілеті шамамен 21 млн тоннаны құрайды. Осы бағытта жүктің кез келген түрін тасымалдауға мүмкіндік бар.

2017 жылғы 30 қазанда жүктерді өткізу мақсатында Баку – Тбилиси – Карс темір жол телімі ашылды. Ол қазір аяқталуға жақын. Одан басқа, 340 шақырым аумақты қамтитын Зангезур жаңа көлік дәлізі салынады. Бұл да Қазақстанның жүк жөнелтушілері үшін тағы бір зор мүмкіндік. Ол 5 жылда бітеді деп жоспарланып отыр. Себебі алты елдің министрлері Баку қаласында кездесіп, үшжақты келісімге қол қойып, декларация жариялады. Аталған көлік дәлізі де қазіргі жүк ағынының екпінін қарқынды етеді деп ойлаймыз. Бұдан басқа, Түркия мемлекетінде ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылуда. Осылайша, біз Еуроодақ елдеріне тікелей шығуға мүмкіндік аламыз. Ірі интеграцияланған көлік-логистикалық компания құру – қазіргі заманның талабы. Бұл жақсы нәтижелерге жетелейді. Аталған бастама жүзеге асырылса, Қазақстанның әлемдегі логистикалық индексі біршама өседі.

Қазіргі таңда көлік дәлізінде теңіз, темір жол саласын қамтитын жұмыстар атқарылуда. Бұл мультимодалды, интермодалды көлік дәлізі болып есептеледі. Себебі онда тасымалдау бірнеше көлік түріне тиесілі технологияларға сай жүзеге асырылады.

Алматы – Қарағанды жобасының да маңызы зор. Жалпы ұзындығы 946 шақырым болатын «Орталық – Оңтүстік» көлік дәлізін реконструкциялау негізгі 4 учаскеге бөлінген. Олар – Қарағанды – Балқаш (363 шақырым), Балқаш – Бурылбайтал (288 шақырым), Бурылбайтал – Құрты» (228 шақырым) және Құрты – Қапшағай (67 шақырым). Қазіргі уақытта жаңа асфальтбетон жабыны бойынша Қарағанды – Балқаш учаскесінің 277 шақырымында қозғалыс жүзеге асырылуда. Осы жылдың 20 мамырынан бастап 10 шақырымында негіздің төменгі қабаты және 32 шақырымында жабынның төменгі қабаты төселді. Жыл соңына дейін қозғалысты толық ашу жоспарланып отыр. Айта кетейік, учаскеде 198 құрылыс техникасы мен 375 адам жұмылдырылған. Балқаш – Бурылбайтал жобасы бойынша қазіргі күні 123 шақырымында (43 пайыз) жабын, 143 шақырымында (50 пайыз) негіз және 13,2 млн текше метрінде (75

пайыз) жер жұмыстары орындалыпты. Биыл 114 шақырым бойынша қозғалысты ашу жоспарлануда. Жұмыстар 2023 жылы толық аяқталмақ. Бұрылбайтал – Құрты учаскесінің 102 шақырымында (71 пайыз) жабын, 111 шақырымында (78 пайыз) негіз және 6,7 млн текше метрінде (90 пайыз) жер жұмыстары орындалды. Жобаны іске асыруға 200-ден астам техника мен 312 адам жұмылдырылған. 2023 жылы жұмыстарды толық аяқтай отырып, 143 шақырым бойынша қозғалысты ашу жоспарланған. Құрты – Қапшағай учаскесінде құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі уақытта жобаны іске асыру үшін инженерлік және өндірістік персоналдың 277 маманы және жол-құрылыс техникасының 131 бірлігі жұмыс істеуде. Айта кету керек, құрылыс жұмыстары басталғаннан бері 4 шақырымында (6 пайыз) жабын, 8 шақырымында (12 пайыз) негіз және 3 млн текше метрінде (71 пайыз) жер жұмыстары орындалды. Осы жылы төсемнің төменгі қабаты бойынша бір бағытта жүруді қамтамасыз ету міндеті қойылды. Нысанды пайдалануға беру 2024 жылға жоспарланған.

Тағы бір маңызды автомобиль дәлізі – Ақтөбе – Қандыағаш – Мақат бағытының жалпы ұзындығы 436 шақырым. Дәліз екі учаскеге бөлінген Ақтөбе – Қандыағаш (96 шақырым) және Қандыағаш – Мақат (340 шақырым). Қандыағаш – Мақат учаскесіндегі құрылыс-монтаждау жұмыстары 2018 жылы басталған. Қазіргі таңда жаңа асфальтбетон жабындысы бойынша қозғалыс ашылды. Осы жылы жұмыстарды толық аяқтау және пайдалануға беру көзделуде. Бұдан бөлек, жоба аясында Мақат ауданы Доссор кентінің ұзындығы 5 шақырым болатын айналма жолының құрылысы жүзеге асырылды. Ақтөбе – Қандыағаш учаскесін реконструкциялау 2021 жылдың сәуір айында басталды. Қазіргі уақытта құрылыс жұмыстары тұтас ұзындық бойынша жүргізілуде. Осылайша, 5 мың текше метрден астам жер төсемі, 28 шақырым төменгі жабын қабаты төселді және 36 су өткізу құбыры монтаждалды. Жыл соңына дейін жаңа жабын бойынша 46 шақырым бойы қозғалыс ашу жоспарлануда. Жұмыстарды толық аяқтау 2023 жылға көзделген.

Мемлекет басшысының өзі маңыз берген бағыттың бірі – Талдықорған мен Өскеменді байланыстыратын жоба. Талдықорған – Қалбатау – Өскемен автомобиль жолының жалпы ұзындығы – 768 шақырым. Соның 37 шақырымы I техникалық санатқа жатса, 731 шақырымы II санатқа тиесілі. Жобаға сәйкес

автомобиль жолы 16 учаскеге бөлінген. Мұндағы реконструкциялау жұмыстары 2019 жылы басталған. Қазіргі таңда қозғалыс жолдың төменгі қабатының 593 шақырымы бойынша ашылған. Барлық ұзындығы бойынша қозғалысты ашу осы жылдың соңына таман көзделіп отыр. Ал жұмыстарды толық аяқтау 2023 жылға жоспарланған. Айта кету керек, жұмыстың аяқталу мерзіміне COVID-19 пандемиясы әсер етті. Сонымен қатар Қызылорда – Қарабұтақ – Ақтөбе – Ресей Федерациясының шекарасы автожолы екі кезеңде реконструкцияланады. Бірінші кезеңде ұзындығы 262 шақырым болатын «Ақтөбе – Ұлғайсын» автожолының учаскесін реконструкциялау көзделіп отыр. Қазіргі уақытта жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде. Ол 2023 жылы дайын болады деп күтілуде. Ал екінші кезеңде, яғни 2025 жылдан кейін ұзындығы 1101 шақырымды құрайтын қалған учаскелерді қайта жаңарту жоспарланған.

Болашағы зор, бірақ толық қолданылмай отырған бағыттың бірі – Иран. Әлеуеттің 19 пайызы ғана пайдаланылып отыр. Сондықтан бұл бағытты пайдалануға үлкен мүмкіндік бар. Бұл Парсы шығанағына, тиісінше, Үндістан нарығына, одан әрі ашық жолдармен еуропалық нарықтарға шығуға мүмкіндік береді. Сауда-экономикалық байланыстардан басқа, осы жылдар ішінде көлік саласындағы ынтымақтастық маңызды мәнге ие болды. Ол 1996 жылы мамырда Иран темір жолдарының желісімен Орталық Азия темір жолдарын байланыстыратын Мешхед-Серахс-Теджен темір жолы іске қосылғаннан кейін басталды. Иранның Орталық Азия бағытындағы сындарлы және сарапталған саясаты оған өзінің де, Орталық Азия энергия тасымалдаушыларының да транзиті үшін өзінің геостратегиялық жағдайының барлық артықшылықтарын барынша орындауға көмектеседі. Міне, сондықтан да өткен жылдар ішінде Иран тасымал саласындағы өзара іс-қимылды мүмкіндігінше барлық жерде еркін экономикалық аймақтарды дамытуға ықпал ете отырып, екіжақты ынтымақтастық жоспарларының негізі етіп қояды.

Орталық Азия елдерінің Иранға деген қызығушылығы, аймақ елдері ашық теңізге шыға алмайды, ал Иран порттары Араб теңізіне тікелей кіре алады, олар ірі кемелерді қабылдай алады. Мысалы, Чахбар порты өте маңызды, өйткені ол Парсы шығанағынан тыс орналасқан және Араб теңізіне тікелей шығатын жалғыз ірі теңіз сауда порты. Иран мен Орталық Азия елдерінің көлік саласындағы мүдделері сәйкес келеді. Мысалы,

Тегеран Парсы шығанағы порттарына, Таяу Шығыс, Оңтүстік және Оңтүстік–Шығыс Азия нарықтарына кіруді қамтамасыз ететін Теджен–Серахс–Мешхед транзиттік жолын салды. Екінші маңызды жоба – Орталық Азия елдеріне Парсы шығанағы порттарына жол ашқан Қазақстан – Түрікменстан – Иран темір жолы. Транзиттік жүк тасымалдары Иранға «Қазақстан-Түрікменстан-Иран» теміржолы және Каспий теңізіндегі Ақтау порты арқылы жүзеге асырыла бастады.

Иран Орталық Азия үшін гидроэлектростанциялар, құбырлар салу, сондай-ақ электр желілерін салу мәселелерінде де мүдделі. Тәжікстанмен осы мәселелер бойынша ынтымақтастық жүріп жатыр. Мысалы, Түрікменстан үшін Иранмен газ саласындағы ынтымақтастық ерекше маңызға ие. 1997 жылы «Корпече Курткуи» газ құбыры салынды, ал 2010 жылы «Довлетабад Серахс–Хангеран» газ құбыры пайдалануға берілді. Қазақстандық аналитик Л.Пархомчик атап көрсеткендей, 2010 жылға дейін Ақтау порты арқылы Каспий теңізінде своп-операциялар аясында жыл сайын 5 млн тоннаға дейін қазақстандық мұнай кететін. Иранның Қырғызстанмен қарым – қатынасы нәтиже бермеді, онда басқа ойыншылар, ең алдымен Ресей мен Қытай белсенді және табысты жұмыс істеуде.

Иран-қазақ қатынастарына келетін болсақ, тәуелсіздік жылдары аймақтағы Иранның ең ірі сауда серіктесі ретінде мұнайды айырбас негізінде жеткізген Қазақстан болды. Ирантүрікмен қатынастарының мысалындаИраннан санкциялар алынып тасталғаннан кейін елдер арасында ірі жобалар жүзеге асырылмады деуге болады. 2018 жылы ашылған жаңа Түркменбашы халықаралық теңіз порты келешекте Иранның Энзели және Нека порттарымен және Парсы шығанағындағы Бендер-Аббас порты арқылы байланысты арттыруға мүмкіндік береді. Шавкат Мирзиесев билікке келгеннен (2016 жылғы 14 желтоқсан) кейін Иран мен Өзбекстан қарым-қатынасында белгілі бір ілгерілеу байқалады. Мәселен, 2017 жылдың қазан айында Өзбекстан делегациясының Иранға сапары аясында және бизнесфорумның қорытындысы бойынша кәсіпкерлер 25,5 миллион доллар сомасына ауыл шаруашылығы және тоқыма өнімдерін жеткізу туралы келісімге қол қойды.

Сонымен қатар, Иран Гератқа (Ауғанстан) алғашқы теміржол құрылысын жүргізуде. Осы жағдайда Өзбекстанда Ауғанстан аумағы арқылы өзінің көлік желісін Иран желісімен қосу жобасы

қарастырылуда. Келесі маршрут ең ыңғайлы болып көрінеді: Термез (Өзбекстан)- Мазари-Шариф – Герат (Ауғанстан). «Қытай-Қырғызстан-Тәжікстан-Ауғанстан-Иран» теміржол құрылысы бағытында бәрі біркелкі жүріп жатқан жоқ. Қытай Өзбекстан бағытында жаңа көлік дәлізін іске қосқан кезде, Қырғызстан-Тәжікстан-Ауғанстан-Иран теміржол маршрутын салу жобасының тағдыры инвестицияның жоқтығынан түсініксіз болып қалуда. Кейбір сарапшылар бұл жобаны «тасымалдық және экономикалық жауһар» деп санайды, ал басқалары, керісінше, «миф» деп санайды, өйткені бұл Орта Азиядағы күрделі рельефті таулы жерлерден өтетін алғашқы теміржол болады.

2010 жылы Иран-Ауғанстан-Тәжікстан-Қырғызстан-Қытай темір жолын салу бастамасын көтерді және төрт жылдан кейін – 2014 жылдың желтоқсанында Душанбеде өңірлес елдер осы жоба бойынша уағдаластыққа қол жеткізді. Маршруттың ұзындығы 2 мың шақырымға жуық болуы, ал оның 580 шақырымы Тәжікстан арқылы өтуі керек еді. Жол төменгі Пянджадан басталып, Руми, Яван, Вахдат, Файзабад және Жиргатааль аудандарынан Қырғызстан шекарасына дейін өтеді делінді. Сондай-ақ, 16 шақырым тоннель мен 47 көпір салу көзделген. Сарапшылар ұзындығы 270 шақырым Вахдат-Карамық (Қырғызстан шекарасы) учаскесін ең күрделі бағыт деп атайды. Алдын ала деректер бойынша, Тәжік учаскесін іске асыруға \$3,2 млрд-тан астам қаражат қажет болады. 2010 жылы Иран билігі жобаның Техникалық экономикалық негіздемесіне (ТЭН) миллион доллар көлемінде грант бөлуге уәде берді, бірақ Тегеран мен Душанбе арасындағы қарым-қатынастың нашарлауына байланысты мәселе ешқашан шешілген жоқ. Иран мен Тәжікстанның қарым-қатынасы 2015 жылы айтарлықтай нашарлады, ал Тегеран ТЭН үшін уәде етілген соманы бөлген жоқ.

Иран келісімге қол қойылғаннан кейін жеті жыл ішінде тек 200 мың доллар төледі. Сондықтан жоба тоқтап қалды. Соңғы рет Тәжікстан билігі 2019 жылдың желтоқсан айының соңында Душанбеде Тәжікстан мен Ауғанстан билігі арасында Жалолоддин Балхи (Колхозобод)-Джайхун-Нижний Пяндж-Шерхан Бандар (Ауғанстан) темір жолын салу туралы келісімге қол қойылған кезде Қытай-Қырғызстан – Тәжікстан-Ауғанстан – Иран темір жолының жобасын атап өтті. Саясаттанушы Наргиза Мұраталиева Қытай-Қырғызстан-Тәжікстан-Ауғанстан-Иран

теміржол маршрутын жүзеге асыруда инвестициялардың қалай тартылатыны және қандай шарттармен инвестиция тартылатыны туралы мәселе әлі күнге дейін түсініксіз болып қалатынын атап өтті. Алайда Тәжікстан бұл жобаны жүзеге асыруға деген үмітін үзбейді. Республиканың көлік министрі Худоер Худоерзоданың айтуынша, тәжік мамандары оған Экономикалық ынтымақтастық ұйымының (ЕКО) съезінде түзетулер енгізеді. Сондайақ, жобаға назар аудару мақсатында оны талқылау БҰҰ-ның Азия мен Тынық мұхитқа арналған экономикалық және әлеуметтік комиссиясының (ESCAP) кездесуінде жоспарланып отыр. Министр сондай-ақ, жобаға қатысушы елдер әрқайсысы өз аумағында жеке бюджеттен ТЭН жасайтыны туралы келісті. Халықаралық деңгейде Орталық Азия елдерінің Ислам Конференциясы ұйымына мүшелігі Иран үшін де тиімді болып табылады. Орталық Азия мемлекеттерінің ИБҰ – на (ИКҰ-ға) қатысуы оның құрамы мен аумағын ұлғайтып қана қоймай, сондайақ осы ұйымның әлемдегі күші мен беделін нығайтады. Иранның Орталық Азия мемлекеттерімен қарым-қатынасының тағы бір маңызды бағыты-бұл елдердің халықаралық маңызы бар мұнай экспорттаушы елдер ұйымына (ОПЕК) мүшелігі туралы мәселе және қазіргі уақытта аймақтың егеменді республикаларын осы ұйымға қабылдау мүмкіндігі мәселесі шешілуде.

Қытай-Қырғызстан-Тәжікстан-Ауғанстан-Иран теміржол құрылысының картасы



Дереккөзі. Хурсанд Хуррамов. Новый транспортный коридор и «зависшая» судьба железной дороги из Китая в Таджикистан. Дата обращения 14 июня, 2020 // <https://rus.ozodi.org/a/30670099.html>

Иранның Орталық Азияға қатысты сыртқы саяси стратегиясын және аймақ елдерімен екіжақты байланыстардың жағдайын, санкциялар кезіндегі және санкциялар бәсеңдегеннен кейінгі Иранның Орталық Азия елдерімен көлік логистикасы саласындағы ынтымақтастығы қарастырылды. 2014 жылы Қазақстан – Түрікменстан – Иран («Солтүстік – Оңтүстік» ККМ Шығыс бағыты) тікелей теміржол бағытының пайдалануға берілуі, 2016 ж. ақпанда Шығыс Қытайдан Парсы шығанағы нарықтарына жүктерді (10 тәулік) жылдамдықпен жеткізудегі алғашқы логистикалық шешім болып табылатын Қытай – Қазақстан – Түрікменстан – Иран жаңа бағытының ашылуы екі жақты және көп жақты келісімдердің нәтижесі. Көптеген ауқымды жобалар бар және қайта жаңғыртылуда. Иранның аймақ елдерімен ынтымақтастығы сауда, энергетика, көлік, мұнай-газ саласы сияқты салаларда мүмкіндігі мол. Бұл ретте ұзақ мерзімді перспективада мұндай ынтымақтастық Иранның сыртқы саясаты басымдықтарының бірі болады. Сонымен қатар, Иранның Орталық Азияға «қақпа» рөлін және мұнай-газ құбырлары мен көлік жолдарының транзиттік бағытын қамтамасыз ету міндеттері АҚШ-тың Иранға қарсы санкцияларымен және ОА аймағындағы АҚШ-Ресей геосаяси бәсекелестігімен қиындады. Бүгінгі таңда Иранның қатысуымен Орталық Азия аумағынан жоспарланған мұнай-газ жобаларының көпшілігі аяқталған жоқ, бұл негізінен ағымдағы геосаяси күрестің нәтижелеріне, соның ішінде Иранның төңірегіндегі ахуалдарға байланысты болды. Сонымен қатар, Иранға қарсы санкциялардың Орталық Азиядағы экономикалық процестерге ұзақ мерзімді теріс әсері ОА мемлекеттерін ең ыңғайлы, сенімді және болжамды инвестор ретінде Қытайға бағыттайды. Тегеран мен ОА елдері белгілі бір мәмілеге келу және позицияларды жақындастыру арқылы Каспий ынтымақтастығын жандандыруда.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

Грозин, А. В. (2020). Политика и интересы Ирана в Центральной Азии с учетом энергетического и логистического факторов. Геоэкономика энергетики, (3) (11), 106-130.

Қазақстандағы транспорт және коммуникация 2000-2003. (2004). Статистикалық жиынтық. Алматы, 72б.

Международный транспортный коридор «Север-Юг». (2022). – URL: <https://ru.sputnik.kz/20220609/mezhdunarodnyy-transportnyy-koridor-sever-yug-25437461.html>.

Месамед, В. И. (2010). Иран в Центральной Азии: два десятилетия диалога. Москва: Институт Ближнего Востока, 268 с.

Пак, Е. (2005). Экономика. Транспортный коридор в Центральной Азии. Алматы, 33-346.

Транспортный коридор Север — Юг. (2022). July 1, 2022. – URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki/%>.

Чжэн, Ч. (2016). Финансовое сотрудничество экономического пояса Шёлкового пути: развитие, перспективы и стратегия, (3), 36-42.

Asian Highway Network. – URL: http://www.huoche.wu.com/show_2007168/

Permanent Delegation of the IRU to the EU. (2004). Road Transport in Kazakhstan 2003-2004. Moscow: IRU Blue Paper, 17-21.

Romanov, T. M. (2015). About Eurasian Transcontinental Transport Corridors and Economic Axes. – URL: <http://www.researchgate.net/publication/281571412>, 5-9.

United Nations. (2019). Logistics and Transport Competitiveness in Kazakhstan. Geneva, 113-155.

А. Амирбек¹, А. Ануарбекұлы², Ә. Дильмуратқызы³

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

²Анкара Хаджы Байрам Вели университеті

³Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ҚАУІП- ҚАТЕРЛЕРДІ БОЛЖАУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Кіріспе

Қазіргі кезде әлемдік және аймақтық державалар өздерінің геосаяси және геоэкономикалық мүдделеріне қол жеткізу үшін «гибридтік соғыстың» әдіс-тәсілдерін үшінші мемлекеттердің территорияларында жүргізуді өз саясаттарында кеңінен қолданып қана қоймай тіпті сол елдердің ресурстарын қолдана отырып жүргізуді әдетке айналдырып отыр. Ал Орталық Азия кеңістігі әлемдік және аймақтық державалардың геосаяси және геоэкономикалық мүдделерінің тоғысқан аймағы екенін есімізден еш шығармаған жөн. Бұл мүдделер ең алдымен экономикалық, әскери, саяси жағынан стратегиялық маңызы бар аймақтың бай энергетикалық ресурстар мен табиғи байлықтарын (мұнай, газ, уран, алтын және т.б.) бақылауды қамтамасыз етуге бағытталған. Осы орайда, Орталық Азия мемлекеттеріне төнуі мүмкін «гибридті қауіп-қатерлерді» саралап, талдау, аумақтағы әлемдік және аймақтық державалардың саясатын, ықпал ету тактикалары мен стратегияларын, олардың «гибридті соғыстардың» түрлі технологияларын қолдану әдістерін жетік білу абзал. Сондай-ақ жаһандану үдерісі алпауыт державалардың жаңа жағдайларға бейімделу үшін әдеттен тыс әрекеттер жасап, ойын ережелерін жиі өзгертіп, «гибридті соғыстардың» түрлі құйтырқы әдіс-тәсілдерін кеңінен қолдануға мәжбүрлейді.

Бұл ең алдымен бірполярлы әлемдік жүйені сақтау саясатын жүргізіп отырған АҚШ-қа, өзін әлемдік держава ретінде көретуге ұмтылған Ресейге, сонымен қатар әлемдік саясатта үстемі артып келе жатқан, амбициялы Қытайға тән іс-әрекеттер жиынтығы. Соңғы жылдары бұл державалар арасындағы гибридіт қарама-қайшылықтар шиеленісіп келеді, ал Украинадағы Ресейдің арнайы операциясы аясында үдейе түсті деп тұжырымдауға болады. Бұл үдейе түскен шиеленіс Орталық Азия аймағын еш айналып өтпесі анық, сондықтан «гибридті қауіп-қатердің»

барлық спектрі осы аймақтағы бұл державалардың текетіресімен тікелей байланысты болмақ. Сондықтан аталған субъектілердің Орталық Азия кеңістігіндегі болашақ жоспарларын болжау өте күрделі. Бұл аймақтағы олардың текетірестерінің басты мақсаты: өздерінің бәсекелестерін аумақтың саяси өмірінен ығыстыруды көздеп, осы мақсатқа жету үшін «гибридті соғыстың» әртүрлі технологиялары мен құралдарын қолданып, ықпал етудің барлық тетіктерін пайдаланады. Осы орайда, Д.Франклин мен Дж.Эндрюстың бірнеше онжылдықты болжау былай тұрсын, тіпті таяу жылдардағы оқиғалардың тізбегін болжау өте қиын деген тұжырымдарын келтіру орынды (Абжекенова Н. 2015).

Жоғарыда айтылғандардың контекстінде қазіргі уақытта жан-жақты зерттелмеген Орталық Азия кеңістігіндегі соның ішінде Қазақстандағы «гибридті соғыстарды» болжау перспективаларын зерттеу өзекті болып отыр. Бұл мақаланың мақсаты да Орталық Азия мемлекеттеріне төнетін «гибридті соғыс» әдіс-тәсілдерін анықтау, болжау және перспективаларын анықтап беру болмақ. Негізінде Орталық Азия мемлекеттерінің бірінде «гибридті соғыстың» жүзеге асу мүмкіндігі аталған аймақтағы басқа мемлекеттерге де тікелей қауіп төндіреді. Осы себепті Орталық Азия мемлекеттерінің оның ішінде Қазақстанның ұлттық қауіпсіздік, қақтығыс және бейбітшілік ұғымдарының астарында жатқан идеяларды жаңаша қарастыруды қажетсінеді.

Анықтамалық ақпарат және әдебиеттерге шолу

«Гибридті соғыс» терминін алғаш рет американдық ғалымдардың қолданғанын ресейлік зерттеуші А.Тварковская да мойындайды. Оның пікірінше, ағылшын тілінен «гибридті соғыс» деп аударылатын «hybrid warfare» сөз тіркесі алғаш рет АҚШ-та өткен ғасырда қолданылған. Ол кезде бұл ұғым дәстүрлі және ақпараттық соғысты біріктіретін әскери стратегия ретінде түсіндірілді. Негізінен «гибридті соғысты» жүргізу күтпеген жағдайда әскери және әскери емес құралдарды соғыс науқанында тиімді кіріктіре отырып, пайдалануды қамтиды.

«Гибридті соғыстың» негізін қарсыласқа ауқымды ақпараттық, электрондық, экономикалық және кибер қысым көрсету құрайды. Соғыс сипатын «аралас» сөзінің синонимі болатын «гибридті» сөзі тікелей көрсетеді.

Фрэнк Хоффманның анықтамасына сүйене отырып, кейінгі әскери теоретиктер, ғалымдар және сарапшылар «гибридті

соғыстар» түсінігін әлемдегі әскери-саяси жағдайдың даму динамикасын мен аталған тақырыптың ашылу дәрежесіне байланысты ары қарай дамытып, түсіндіруге тырысты. Олардың интерпретацияларында мынадай терминологиялар міндетті түрде кіріктіріледі: әскери; әскери емес; тұрақты әскер; әскери, ақпараттық және экономикалық қысым; кибершабуылдар; көтерілісшілер; террористер; мемлекеттік емес құрылымдар және т.б., бұлардың әрқайсысы «гибридті соғыстардың» жеке технологиясын немесе құралдар жиынтығын құрайды. Осыған байланысты қазіргі уақытта «гибридті соғыстардың» бірыңғай тұжырымдамалық түсінігі мен оны реттейтін нормативтік-құқықтық база қалыптаспаған. Қолданыстағы нормативтік-құқықтық базалар «гибридті соғыстардың» жекелей технологияларына қарсы бағытталып, ауқымды контексттегі қарсы шараларды қамти алмай отыр.

Осы орайда, атап өтетін жайт, халықаралық қауіпсіздіктің кепілі болып табылатын Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Жарғысына сай халықаралық құқық нормаларын бұзатын агрессия орын алса және басқа мемлекетке шабуыл жасау фактілері тіркелсе, онда бұл Жарғы аясында агрессиялық елге қарсы экономикалық, саяси тіпті әскери санкциялар қолдануы мүмкін және бұл құжат аталған шараларды қолдануға рұқсат етеді. Алайда, БҰҰ Жарғысында «киберагрессия», «мәдени агрессия», «гибридті соғыс және қауіптер» деген сияқты ұғымдар мен оларға қарсы шаралар кешені қарастырылмаған. Жарғыға «гибридті соғыстар» түсінігін және олармен күресу жолдарын тұжырымдайтын баптарды талқылап, енгізу қажеттігі туындап отыр.

Методология

Зерттеу жұмыстың теориялық әдістемелік негіздерін жалпы ғылыми әдістер құрайды. Оның ішінде тарихи салыстырмалы әдісті, контент-анализ әдісін және социологиялық әдістер пайдаланыла отырып, «гибридті» сын-қатерлердің әртүрлі дереккөздерде берілу мәселесі мен оның талданылуы көрінеді. Мақалада салыстырмалы әдіс «гибридті соғыс» әдіс-тәсілдерінің әр кезеңде қолдануы тәсілдерін және әртүрлі мемлекеттерде жүзеге асу стратегияларын анықтау барысында қолданылды. «Гибридті соғыс» және оның әдіс-тәсілдері туралы көптеген ғалымдардың зерттеу жұмыстарын талдау контент-анализ әдісін

таңдау арқылы жүзеге асты. Бұл зерттеу мен талдаулардың нәтижесі Орталық Азия кеңістігіндегі «гибридті» қауіп – қатерлерді болжау перспективаларын айшықтап беру.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Қазіргі кезеңде Орталық Азия кеңістігінде салыстырмалы түрде тұрақты жағдай сақталуда. Алайда, Ауғанстандағы билікке «Талибтердің» келуі, Қазақстандағы қаңтар оқиғасы мен Ресейдің Украинадағы арнайы операциясы секілді жағдаяттар бұл аймақтағы тұрақтылыққа айтарлықтай әсер етіп жатыр деп айтуға негіз бар. Бүгінгі таңда, Ауғанстан аумағынан шыққан содырлардың, есірткі сатушылардың және басқа да жау элементтерінің жекелеген бас көтерулері дер кезінде тоқталып келеді, бұның өзі шекара шебіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етудің кешенді әрекеті болып табылады. Дегенмен, көптеген сарапшылардың АҚШ әскерінің Ауғанстан территориясынан шығарылғаннан кейін Орталық Азия мемлекеттерінің ауған мемлекетімен шекаралас аумақтарында жаппай басып алулар мен ауқымды теріс пиғылды әрекеттердің орын алуын болжаған болжамдары жүзеге аспады. Бұл аталған аймақ мемлекеттерінің қуанышына орай, сәтін салған жағдай болды. Бірақ Орталық Азия мемлекеттері бәсеңсімей, өздерінің қауіпсіздігін сақтауда кешенді әрекеттер жасауы өте маңызды.

Белгілі саясаттанушы Э. Корибконың пікірінше, «гибридті соғыстың» пайда болуын болжаудың негізгі шарты, «гибридті соғыстар» геоэкономикалық мүдделердің тұтастығын жоюға бағытталған сыртқы күштердің асимметриялық қақтығыстарды туғызу әрекеттерінің жиынтығы екенін мойындауымыз қажет. Осы фактіні басшылыққа ала отырып, ықтимал гибриді соққының бағытын анықтап, алдын алу салыстырмалы түрде оңай болуы мүмкін (Аваков, 2018). Осы тезисті басшылыққа ала отырып, Орталық Азия кеңістігіндегі «гибридті соғыстардың» болжау перспективаларын анықтауға тырысамыз.

КСРО ыдырағаннан кейінгі отыз жыл ішінде Орталық Азия кеңістігі ұлы және аймақтық державалардың «үлкен ойынының (Большая игра)» аренасына айналды. Бұл туралы 90-шы жылдардың басында америкалық саясаттанушы және стратег З. Бжезинский атап өткен болатын, дәлірек айтқанда: «Әрбір бәсекелес мемлекет өзінің ықпал ету аймағын айқындап, ықпалын арттыруды көздеп отыр, дегенмен Мәскеудің бұл

аймақтағы мүдделері өте кең, өйткені Ресейдің империялық амбициялары тарихи естеліктермен қуатталып, өзінің ірі державалық мәртөбесін қалпына келтіруге ұмтылады. Оның үстіне Орталық Азия мемлекеттерінде әлі де миллиондаған орыс этностары өмір сүруде. Мәскеудің сыртқы саяси мәлімдемелерін саралай келе, оның бұрынғы Кеңес Одағының бүкіл кеңістігін өзінің ерекше геостратегиялық мүдделерінің кеңістігі ретінде қабылдайтынын анық көрсетіп, сыртқы күштердің кез келген саяси және экономикалық ықпалын мүлдем қабылдай алмайтына назар аудартып отыр» (Бартош, 2014). Америкалық стратегтің бұл мәлімдемелері посткеңестік кеңістіктің, оның ішінде Орталық Азияның дәстүрлі түрде Ресейдің мүдделер аймағына кіретінін тұжырымдай келе, Ресей аталған аймақтағы мүдделерін кез келген жағдайда қорғайтынын тағы да айғақтайды.

Алайда, бұл жағдаймен АҚШ онша келісе қоймайды. АҚШ-тың әлемнің кез-келген стратегиялық аймақтарында өзіндік мүдделері болғандықтан, Орталық Азия аймағы да оның назарынан тыс қалмақ емес. Осыған орай, АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздік стратегиясында АҚШ алыс аймақтарда, яғни үшінші елдердің аумағында және ядролық қаруды қолдану межесінен асуға мүмкіндігін тежей отырып, Ресей және Қытай қарулы күштеріне қарсы іс-шаралар кешенін (соғыс тактикаларын қоса алғанда) жүргізе алатындығы туралы ереже бар. Қарсыласудың дәл осы түрін «гибридтік соғыс» деп атауға болады. «Сондықтан Сирия, Украина, Орталық Азия немесе Кавказ сияқты алыс әскери операциялар алаңында АҚШ-Ресей, АҚШ-Қытай және НАТО-Ресей арасындағы әскери қақтығыс туындап, оның көптеген нұсқалары өрбуі мүмкін» (Бжезинский, 2017). Аталмыш стратегиядан шығатын түйіндеме, Орталық Азия аймағы әлемдік және аймақтық державалардың «гибридті соғыстар» нысандары елдерінің тізіміне кіреді. Бұл аймақта Ресей, Қытай және АҚШ-тан бөлек, Еуропалық Одақ, Түркия, Иран, Сауд Арабиясы, Үндістан және Пәкістан сияқты аймақтық державалардың да геосаяси және геоэкономикалық мүдделері тоғысуда, бұл акторлар да өздерінің аймақтағы мақсаттарына жету үшін «гибридтік соғыстардың» түрлі құралдары мен технологияларын қолдану мүмкіндігі өте жоғары.

Соңғы онжылдықтарда Орталық Азиядағы жағдайды этносаралық, діни және басқа да ішкі және сыртқы факторлар негізінде тұрақсыздандырудың бірнеше рет әрекеттер

жасалғанын ұмытпауымыз керек. Мысалы: 1990 және 2010 жылдардағы өзбек-қырғыз ұлтаралық қақтығыстары, 2010, 2014, 2015 жылдардағы Тәжікстандағы террорлық көріністер, 2016 жылғы Қазақстанның Ақтөбе қаласындағы террорлық әрекеттерді естен шығармау қажет. Э. Корибко атап өткендей, бұл оқиғалардың көбісін сыртқы күштер яғни кейбір әлемдік және аймақтық державалар қозғауы мүмкін және гибридті сипатқа ие болды деуге негіз бар. Бұл ретте баса назар аударатын жайт, сыртқы күштер аймақтың ішкі проблемаларын шебер пайдаланып отыр. Ал, Орталық Азия мемлекеттерінде экономикалық, әлеуметтік және саяси проблемалар өте күрделі. Осы ойды ары қарай ресейлік ғалым Т.Кудрявцева да дамытып, былай дейді: «Біз Орталық Азия аймағын «гибридті соғыстардың» плацдармы ретінде өз пайдаларына пайдаланып кету мүмкіндігін жоққа шығара алмаймыз. Оның үстіне, «гибридті соғыстың» кейбір тәсілдері (мысалы, ұлтаралық және әлеуметтік мәселелерді қоздыру арқылы қақтығыстарға ұластыру) қолданып, апробациядан өтуде» (Грозин, 2017).

Қырғыз саясаттанушысы Э.Суротчуев өз елінде көптен бері «гибридтік соғыс» жүріп жатыр деп иландырады. Оның айтуынша: «Қырғызстан – шағын ел, мұнда «гибридті соғыс» билікті қолға алу мен елді қайта бөліске салу үшін қолданады. Сондықтан БАҚ та, құқық қорғау органдары да, саясаткерлер де текетірестің құралдары болып табылады. Ақпараттық соғысты тұтандырып, лас саяси технологияларды қолдануды бастаған азаматтар, өздерін құқықтық өрістен тыс кеңістікте әрекет етіп, онымен қоймай бүкіл елді ешқандай ережесі жоқ құрдымға апарып жатқанын түйсінуі керек» (Дербисов, 2017).

Кейбір тәуелсіз БАҚ-тардың жарияланымдарын талдай келе, бүгінде «гибридтік соғыстардың» белгілі бір технологиялары мен құралдарын қолдануға болатын тұрақсыздық қаупі жоғары Орталық Азия мемлекеттерінің қатарына Түркіменстан мен Қазақстан да кірігізіп отырғанын байқауға болады. «Түркіменстанға қауіп «түрлі-түсті» революция түрінде емес, Ауғанстан территориясынан лаңкестердің енуі түрінде көрінеді. Мұндай операцияның сәтті болуы үшін астанасын басып алудың қажеті жоқ. Тек, Түркіменстанның және әлемнің ең ірі мұнай-газ провинциясының ортылығы Мара қаласын жаулап алу немесе тұрақты қызметіне нұқсан келтіру жеткілікті.

Ал, Қазақстан үшін қауіп сырттан қаржыландырылатын, «ұлттық мәселені» ушықтыруды көздейтін кейбір үкіметтік емес ұйымдардың қызметі өте қауіпті болуы мүмкін. Олардың мақсаты «ұлттық мәселені» көтере отырып, қазақтар, орыстар және басқа да этностардың экстремисттік көріністер деңгейіне жеткізу арқылы тұрақсыздық орнату (Зеличенко, 1997). Сонымен қатар, Қазақстандағы қаңтар оқиғасының орын алуын зерттей келе, елімізде «түрлі-түсті революцияның» өршу қауіпі бар екенін көрсетті. Орталық Азияның басқа да мемлекеттері осы секілді алуан түрлі «гибридті қауіпке» ұшырауы әбден мүмкін. Жаңа әлемдік тәртіп жағдайында аймақ мемлекеттерінің барлығы дерлік экономикалық, экологиялық, этникалық, демографиялық және басқа да мәселелермен бетпе-бет келіп отыр, ал бұл өз кезегінде «гибридті соғыстардың» түрлі құралдары мен тәсілдерін қолдану үшін қолайлы фактор қызметін атқаруы мүмкін. Э.Корыбконың пайымдауынша, «кез-келген «гибридті соғыстың» басты жасырын мақсаты – өтпелі типтегі мемлекеттерде этникалық, діни, аймақтық, саяси және т.б. қақтығыстарды арандату арқылы халықаралық қатынастардың көпполярлы жүйесін құруға жол бермеу» (Аваков, 2018).

Орталық Азиядағы «гибридті» қауіп-қатер факторлары

З.Бжезинский Орталық Азияның барлық бес мемлекетін ұлтаралық, діни және басқа да текетірес пен наразылық тудыратын мәселелер төңірегінде осалдықтары үшін бұл аймақты екінші «Еуразиялық Балкан» болады деп тұжырымдады. Осы себепті сыртқы күштер аймақтың ішкі саясатына етене араласуға құмартып отыр, олардың әр қайсысы өздерінің бәсекелесін ығыстыра отырып, өз үстемдіктерін орнатуға тырысуда (Бартош, 2014). З.Бжезинский еңбегінің мәтінін талдай келе, Орталық Азия мемлекеттеріне қауіп-қатердің ішкі және сыртқы факторларын бөліп қарастырсақ, негізгі сыртқы факторларға мыналарды жатқызады: халықаралық экстремизм мен терроризм; заңсыз есірткі және қару-жарақ саудасы; заңсыз адам саудасы; аймақтың тұрақсыз көршісі болып табылатын Ауғанстаннан төнетін трансұлттық қылмыстың алуан түрлері. Ал, негізгі ішкі факторларға мыналар жатады: діни ахуал, ұлтаралық қатынастар, заңсыз миграция, толық шешімін таппаған шекара мәселелері, су-энергетика мәселелері, күрделі

әлеуметтік-экономикалық жағдай, экологиялық және демографиялық мәселелер және т.б.

Жоғарыдағы факторлардың әрқайсысы Орталық Азия кеңістігіндегі «гибридті соғыстардың» белгілі бір технологиялары мен құралдарының детерминанты немесе анықтаушы қызметін атқарады. Сондықтан бұл факторлардың ішінара қақтығысы әртүрлі БАҚ-тарда журналистер, ғалымдар мен сарапшылардың тарапынан «гибридті соғыстың» түрі ретінде қарастырылатынын зерттей келе, соңғы онжылдықтарда аймақта «шекаралық қақтығыстардың» (Зеличенко, 1997) «ұлттаралық соғыстардың» (Иванов, 2018) «су мәселесі төңірегіндегі даулардың» (Корыбко, 2016) «теміржол қақтығыстарының» (Кудрявцева, 2015) «көлік және әуе тасымалы дауларының» (Откин, 2014) және т.б. күрделі мәселелердің пайда болуына ішкі факторлар едәуір ықпал етті деп тұжырымдай аламыз. Қақтығыстардың атына қарап ақ бұл соғыстардың негізін қандай факторлар құрайтынын білуге болады.

Қазіргі кезеңде «террористік қауіп-қатерлер» Ауғанстан, Сирия, Ирак және басқа мемлекеттердің территорияларында әрекет ететін халықаралық лаңкестік ұйымдарынан тікелей шығып отыр, бұларға: Ирак және Левант Ислам мемлекеті (ИГИЛ)/ИМ, Талибан қозғалысы, Түркістан Ислам қозғалысы, «Хизб-ут Тахрир-әл-Ислами», Шығыс Түркістанның Исламдық қозғалысы, «Жабхат-ан-Нусра», «Ансоруллох» және т.б. кіреді. Бұл ұйымдардың қатарында Орталық Азия мемлекеттерінің азаматтары да баршылық. Келтірілген ұйымдардың барлығы дерлік лаңкестік күштерді пайдалана отырып, әлемнің әртүрлі аумақтарында әлемдік және аймақтық державалар бастаған «гибридтік соғыстарға» қатысып келеді.

Соңғы жылдары Орталық Азияның үш бірдей мемлекетімен шекараласатын Ауғанстанның солтүстік провинцияларында орналасқан ИГИЛ/ИМ содырларынан, жалпы билікті басып алған Талибан қозғалысынан және аталған мемлекеттің территориясында әрекет ететін көптеген лаңкестік ұйымдардан Орталық Азия мемлекеттеріне үлкен қауіп төнуде. Талибан қозғалысының билікке келуі Ауғанстандағы жағдайдың реттелуінен гөрі ушығуына алып келген сияқты. Өйткені «антиталибтік» қозғалыстар мен майдандардың үлкен тізімі сыртқы күштерден елеулі материалдық және саяси қолдауын алған жағдайда ауған қақтығыстарының әскери құрамдас

бөлігінің тұрақсыздануының және шиеленісуінің негізгі факторы болмақ. Осылайша, Ауғанстанда нағыз «гибридті соғыс» орын алып, бұл өз кезегінде Орталық Азия мемлекеттерінде дәл осындай соғыс орын алуының мекеме трамплиніне айналуы мүмкін. Ал, алдағы қысқа мерзімді перспективада бұл елдегі жағдайдың реттелуі екіталай, өйткені ұлы және аймақтық державалардың стратегиялық мүдделері бір-бірімен тығыз тоғысып, олардың ара-жігін ажырату өте күрделі болмақ.

Қазақстандық сарапшы Н.Әбжекенованың пікірінше, ИГИЛ/ИМ ұйымының тактикасы көп жағдайда «асимметриялық соғыстардың» (гибридтік соғыстар) замануи дамуымен сәйкес келеді, мұнда ең үлкен нәтижеге қол жеткізу үшін тазарту операциялары яғни бейбіт тұрғындар арасындағы құрбандар санын еселеу, азаматтардың жаппай қоныс аударуына себепші болу, гуманитарлық апаттар арқылы жүзеге асады. ИГИЛ/ИМ ұйымының басты мақсаты өзіне қолайлы уақытта Ауғанстан мен Орталық Азия мемлекеттерінде «гибридті соғыстарды» ұйымдастыру арқылы «бақыланатын хаос» жағдайын жасауға тырысады (Панфилова, 2012). Ауғанстанда ИГИЛ/ИМ-нің белсенділігінің артуын байқауға болады, ол жерде бұл ұйым хаосты қолдану арқылы «бақыланатын хаос» тудырып келеді. Бұл ретте айта кететін жайт, әлемде жасалған лаңкестік әрекеттердің барлығына дерлік жауапкершілікті ИГИЛ/ИМ өз мойнына алуда, оның ішіне Орталық Азиядағы жасалған лаңкестік әрекеттер де бар, мысалы 2018 жылдың маусым айында Тәжікстанның Даңғара аймағында, 2019 жылдың қарашасында Ишкобод шекара бекітіндегі лаңкестік әрекеттер.

Жоғарыдағы Н.Әбжекенованың көзқарасы Ауғанстанда ИГИЛ/ИМ, Талибан және басқа да лаңкестік топтардың «гибридті соғыстардың» әскери және әскери емес технологияларды қолдануы фактісімен расталып отыр. Негізінен, олар үкімет күштеріне қарсы және бір-біріне қарсы локальды әскери операцияларды шебер жүргізе алады, шетелдік жалдамалы күштерді кеңінен пайдаланады, ықпал ету аясын бөлісу үшін лаңкестік әрекеттер жасайды. Әскери емес технологияларға «ақпараттық соғыс», «кибер соғыс» және т.б. тәсілдерді жатқызамыз. Атап айтқанда, «Халифаттың электронды елестері» және «Киберхалифат» атауларымен жұмыс істейтін ИГИЛ/ИМ ұйымының хакерлері әлемнің жетекші

мемлекеттерінің бірқатар мемлекеттік және әскери стратегиялық нысандарына шабуыл жасағандары белгілі (Сивков, 2023).

Көпшілікке мәлім, ешбір террористік ұйым, оның ішінде ИГИЛ/ИМ сыртқы күштердің қолдауынсыз өмір сүре алмайды. Сондықтан сарапшылардың қоғамдастығында қалыптасқан мынадай пікірмен келісуге тура келіп отыр, Ирак және Сирия территорияларында «Ислам мемлекеті» жобасының мүдделі сыртқы күштер («кураторлар») тарапынан жабылуы, оның жаңа кейіпте басқа аймақтарда «гибридті соғыс» жүргізу үшін қайта пайда болуы әбден мүмкін (Судный., 2016) ИГИЛ/ИМ ұйымының Сирия және Ирак мемлекеттерінде жеңіліске ұшырағаннан кейін Ауғанстанда пайда болуы оның түптеп келгенде сыртқы демеушілерінің бар екендігінің дәлелі. Бұл тұрғыда Орталық Азия аймағына да дәл осындай күштердің кіріп кету қаупі жоғары, өткені бұл аймақ – мүдделердің тоғысқан аймағы.

Ауғанстан территориясынан туып отырған келесі қауіп түрі, ол – «есірткі соғыстары». Ауғанның шикі апиынын өндіруге, сақтауға және сатуға негізделген, бұл соғыс түрі де «гибридтік соғыстардың» технологиясының бірі ретінде қарастырылады. Ғылыми орталарда «есірткі соғыстарының» негізіне қарай басқа да түрлері яғни «апиын соғыстары», «героин соғыстары» кең тараған. Талдау көрсеткендей, бұрынғы және қазіргі «апиын соғыстарының» мақсаттары бірдей, олар – ресурстар мен нарықтарды бақылау, бұл бүгінде Ауғанстанда анық байқалады.

Ресейлік әскери сарапшы А.Зеличенконың айтуынша, Орталық Азия мен көршілес Ауғанстанда бірнеше жылдан бері нағыз «апиын соғысы» жүріп жатыр. «Ауғанстандағы 20 жылға жуық соғыс, Орталық Азияның кейбір мемлекеттеріндегі соңғы жылдардағы оқиғалар, мысалы, «тәжік синдромы» апиын соғыстарының жалғасы ретінде қарастыруға болады. Ауғанстандағы биліктің жиі ауысуына қарамастан, бұл соғыстарды тұтандырып, демеп отырған есірткі ақшалары» (Суротчув).

Қабылданған қарсы шарарларға қарамастан, соңғы жылдары «есірткі соғысы» ең табысты салалардың біріне айналды, оның артында әлемдік деңгейдегі есірткінің заңсыз айналымына маманданған ірі халықаралық картельдер мен синдикаттар тұр. Орталық Азияда «есірткі соғыстарының» жүзеге асуына негізінен Ауғанстанмен шекаралас осал учаскелерінің болуы

ықпал етеді. Қазіргі кезеңде дүниежүзілік қауымдастық «апиын соғыстарының» негізін құрайтын есірткі тасымалының тамырына балта шаба алмауда. Салдарынан алдағы уақытта Ауғанстандағы жағдай толық тұрақталғанға дейін бұл аймақта осындай соғыстар жалғасын таба бермек. Соңғы кездері есірткі сатушылардың өзара есеп айырысуда қару-жарақтарды есеп құралы ретінде қолдана бастағаны, борышкерлерді не олардың туыстарын төлемге кепілге ала бастауы келеңсіздіктерді тудырған жайт болды. Осының барлығы шекаралас аумақтардағы өлім жағдайларына ұласуда. Мысалы, статистикаға сүйенсек, жыл сайын ауған-тәжік шекарасында мұндай шабуылдардан бейбіт тұрғындар мен шекарашылар қаза табады, ал кейбір азаматтар ауғандық есірткі сатушылардың кепілінде жылдар бойы ұсталады.

Ауғанстандағы және Орталық Азиядағы әскери-саяси жағдайдың шиеленісуі, халықаралық терроризм, экстремизм, есірткі тасмалы күштерінің күшеюі туралы жалған ақпараттарды кеңінен тарату және т.б. заңсыз әрекеттерді «гибридті соғыстың» технологияларына жатқызуға болады. Осы кезде, Facebook, Twitter және басқа да әлеуметтік желілер белсенді түрде қолданып, ол жерлерде көптеген «тролл фабрикалар» жұмыс жасап, ақпаратты бұрмалау арқылы жағдайды ушықтыра түседі. Оның мысалы ретінде Ауғанстан аумағында қашқын тәжік ОМОН полковнигі ИГИЛ/ИМ ұйымының әскери министрі Гулмурод Халимовтың жүргені туралы ақпараттың пайда болуын айтуға болады (Суротчұев).

Орталық Азия мемлекеттерінің шекаралық мәселелері бүгінгі күнге дейін шешімін таппай отыр. Өзбекстан мен Тәжікстан, Өзбекстан мен Қырғызстан және Тәжікстан мен Қырғызстан арасындағы аяқталмаған шекаралық дауларға, әсіресе анклавтарға қатысты мәселелерге, су ресурстарының дұрыс бөлінбеуіне және жоғарыда көрсетілген басқа да мәселелерге қатысты «гибридті қауіп-қатерлер» сақталуда. Осыларға сүйене отырып, болашақта жоғарыда аталған ішкі және сыртқы факторлар Орталық Азия кеңістігіндегі «гибридті соғыстардың» алуан түрлі технологиялары мен құралдарының ілесімі негіздері мен детерминанттары рөлін атқарады деп болжанады.

Жақын болашақта «гибридті соғыстардың» детерминантының маңызды ішкі факторларының бірі Орталық Азия елдеріндегі діни ахуал болуы мүмкін, өйткені аймақтың діни

радикалдану қауіпі өте жоғары. Орыс ғалымы А.В. Грозиннің пікірінше, Орталық Азия мемлекеттерінде діни саясатқа алуан түрлі ұстаным бар, кейбір мемлекеттерде қатал болса, ал кейбір елдерде либералдық көзқарас басым: «Жыл сайын Орталық Азияның барлық мемлекеттері үшін діни экстремизм мәселесі өзекті бола түсуде. Орталық Азия мемлекеттерінің тыйым салынған экстремистік ұйымдар тізіміне көз жүгіртсек, онда ең қысқа тізім қырғыздарға тиесілі екенін көре аламыз, мысалы: Қырғызстанда «Жамаат Таблиғ» қозғалысы экстремистік ұйымдар тізіміне жатпайды. Ал Ресей мен Орталық Азияның қалған республикаларында бұл ұйым экстремистік қозғалыстар тізіміне енген... Мен Орталық Азия мемлекеттері арасында саяси жүйелеріне, әлеуметтеріне және мемлекеттік институттарына төнген экстремистік қауіп туралы ортақ көзқарас пен ұстанымды көріп тұрған жоқпын. Себебі осы уақытқа дейін қоғам мен саяси элитаға үрей тудырған ауыр лаңкестік әрекеттер болған жоқ, алайда болашақта жағдай қиындауы мүмкін» (Судный день, 2016).

Талдаулар көрсетіп отырғандай, шынында да Орталық Азия мемлекеттерінде діни партиялар мен ағымдарға террористік және экстремистік деп жіктейтін біркелкі ұстаным жоқ. Мысалы, Тәжікстан Республикасында «Салафия» ұйымы лаңкестік деп танылып, қызметіне тыйым салынса, Қазақстанда бұл ұйым заңмен қудаланбай, заңды түрде жұмыс атқарады, алайда Қазақстанның көптеген діни өкілдері бұл ұйымның қызметіне тыйым салу үшін бірнеше әрекеттер жасаған болатын. Сондықтан аймақта діни мәселелерге, әсіресе, діни экстремизмге деген көзқарастарды біршама біріздендіру қажет. Бүгінде Тәжікстан мен Өзбекстан Республикаларында Орталық Азияның басқа мемлекеттерінен ерекшелейтін, Тәжікстанда 2021-2025 жылдарға арналған экстремизм мен терроризмге қарсы күрестің ұлттық стратегиясы, ал Өзбекстанда 2021-2026 жылдарға арналған экстремизм мен терроризмге қарсы күрестің ұлттық стратегиясы жүзеге асырылуда, осының өзі аймақ мемлекеттерінің бұл мәселеде ұстанымдарының алшақтығын көрсетеді.

Жоғарыда айтылғандарды талдай келе, кейбір сарапшылар Орталық Азия мемлекеттерінде қоғамның бірте-бірте қарқын ала бастаған радикалдануын, терроризм мен экстремизм қауіпін

негізге ала отырып, бұл аймақта «ислам соғыстарының» тұтану мүмкіндігін жоққа шығармайды (Таджикский «игиловец»).

Алдағы уақытта Орталық Азиядағы «гибридтік соғыстың» тағы бір ішкі факторы су-энергетика мәселелері немесе су ресурстарын тиімді пайдалану мәселесі болуы мүмкін. Ұлттық экономикалардың дамуымен суды тұтыну мәселесінің маңыздылығы арта бермек, бұл аймақ мемлекеттерінің қақтығыс мүмкіндігіне әсер етпей қоймасы анық, өйткені су ресурстарының жетіспеушілігі Орталық Азия елдерінің экономикалық дамуын айтарлықтай шектейді. Оның үстіне аймақ елдерінің егіс алқаптарын суару және елді мекендерді сумен қамтамасыз ету үшін инфрақұрылымды жеткілікті деңгейде жүйелей алмауы мемлекетаралық шиеленістің күшеюіне ықпал етеді. Осыған байланысты Орталық Азиядағы «гибридті соғыстарды» тұтандыруға мүдделі сыртқы күштер бұл мәселені негізгі тұрақсыздандыру факторы ретінде қолданып кету мүмкін деген қауіп бар. Бұл ретте мүдделі ұлы және аймақтық державалар «гибридті соғыстың» түрлі технологиялары мен құралдарын әсіресе диверсиялық технологияларын қолданып, аймақ елдері арасындағы қарым-қатынасты нашарлатуға, су мәселесі бойынша болған оң өзгерістерді бәсеңдету арқылы немесе оң өзгерістерді жоққа шығару арқылы өз пайдаларына шешуге ұмтылады.

Сондай-ақ келешекте әлемдік және аймақтық державалар Орталық Азия мемлекеттерінің көпвекторлы саясатын «гибридті соғысты» жүзеге асырудың келесі бір құралы ретінде пайдалануы мүмкін, өйткені бұл мемлекеттер қауіпсіздік мәселесінде Батыс елдерімен де Ресеймен де тепе-теңдік дәрежеде жүргізуге тырысуда. Бұл саяси ұстаным ұлы және аймақтық державаларының мүдделерінен шықпайтыны анық. Осы орайда орыс академигі А.А. Бартош былай деп тұжырымдайды: «Кейбір Орталық Азия мемлекеттері бір жағынан Батыс әлемімен шүйіркелесіп, екінші жағынан Ресей мен ҰҚШҰ-ға арқа сүйеніп, екі орындықта отыру саясатынан бас тартуы керек. Егер мұндай саясат бір мезетте жарылса, онда сәтсіздікке ұшыраған ойыншы қауіпті қарсыласпен бетпе-бет келіп, жалғыз қалу қаупі өте жоғары. Сондықтан дұрыс таңдау жасау қажет» (Франклин, 2012).

Орталық Азия кеңістігіндегі «гибридтік соғыстың» келесі аспектісі, ол – мәдени аспект. Бұған орыс академигі В.В.

Кочетков баса назар аударар келе, былай дейді: «Жаһандық ақпараттандыру ғасырында «гибридті соғыстардың» маңызды құрамдас бөлігіне «мәдени соғыстар» айналуға, өз кезегінде ол – нысаналы ел тұрғындарының мәдени кодын өзгертуге бағытталған. Мәдениетке араласу дегеніміз белгілі бір халықтың немесе этникалық топтың эпитетіне кіру арқылы оларға жат әлеуметтік институттарды, мәртебелерді, құндылықтарды, дәстүрлерді және т.б. таңу. Осылайша, мұндай соғыстағы агрессор елдің мақсаты индивидті өзінің шыққан мәдениетінен, дәлірек айтсақ, мәдени болмысынан айыру және алшақтату. Басқаша айтқанда, «мәдени соғыс» – бұл мәдени қайшылықтардан туындаған халықаралық қатынастар субъектілерінің қақтығысы, оның салдары оған қатысушы қоғамдардың мәдени кодтарын толық немесе ішінара жою... Қарсыластың рухани құндылықтары мен моральдық қасиеттерін жою экономикалық, саяси, әлеуметтік және басқа да мақсаттарға қарулы күштерді қолданбай-ақ және ұзақ дипломатиялық процедураларсыз қол жеткізуге мүмкіндік береді. «Мәдени соғыстардың» ерекшелігі – олар қоғамның барлық негізгі салаларын қамтиды және олар ұзақ мерзімді, жасырын және соғыстың ашық жүрмеуіне байланысты қарсыластардың ресми бітімге келу ықтималдығы өте төмен...» (Шустов, 2010). Айта кететін жайт, «мәдени соғыстарды» әлемдік ұлы державалармен бірге аймақтық державалар да жүргізуде. Оның жарқын мысалы ретінде Орталық Азияда ирандық музыка мен түрік сериалдарының таралуын айтуға болады.

Қорытынды

Түйіндей келе, қазір мемлекеттің әскери күш-қуаты оның қуаттылығының негізгі факторынан сол елдің ақпараттық, экономикалық, саяси, мәдени, демографиялық, қаржылық мүмкіндіктері сияқты факторларға деңгейлес факторлардың біріне айналуға. Осылайша мемлекеттердің мәселелерді тек әскери күшпен шешу мүмкіндігі азайып, оларға соғыс майдандарында жаңа қосымша ресурстарды яғни алуан түрлі гибриді стратегияларды қолдану мәжбүрлігі туындады. Орталық Азия кеңістігіндегі мемлекеттер үшін ұлы державалар арасындағы экономикалық шиеленістің өршуі аса қауіпті болып отыр. Тиісінше, бұқаралық ақпарат құралдары бұған дейін «санкциялық соғыстар», «кедендік соғыстар», «сауда соғыстары» және т.б. деп аталатын «гибридтік соғыстардың» жаңа

технологиялары пайда болды. Осы орайда қазіргі кездегі жағдайға байланысты АҚШ бастаған батыс әлемі мен Ресей арасындағы «санкциялық соғыстар» Ресеймен тығыз экономикалық байланыстағы елдердің барлығына дерлік кері әсерін тигізуде, әсіресе Орталық Азия мемлекеттеріне елеулі түрде кері әсерін тигізіп жатыр. Сонымен қатар, гибридті соғыстар технологиясы мемлекеттік басқару жүйесі мен саяси үрдістер тұрғысынан идеалды стратегия болуы мүмкін. Осындай технологияларды қолдану бастамасына ие тарап, ірі саяси ойыншылармен геосаяси және геоэкономикалық конфронтация кезінде бірнеше артықшылықтарды иемденуі мүмкін. Қазіргі таңда, аталмыш стратегиялар АҚШ, Ресей және Қытай сияқты ірі саяси күштерге қарсы қолданылуда, бұл осы модельге қызығушылықтың өсуін және оның сапалық жақсаруын анықтайды. Жаңа классикалық емес акторлардың әлемдік саясат сахнасына шығуы, олардың қызметінің мәні мен мағынасын зерттеу актуалдылығын арттырды.

Қорытындылай келе, Орталық Азия кеңістігі болашақта да ұлы және аймақтық державалардың «гибридті соғыстарды» жүргізу объектісі болып қала бермек. Назар аударатын мәселе Ауғанстан Ислам Республикасы халықаралық лаңкестіктің, есірткінің заңсыз айналымының және басқа да деструктивті ұйымдардың отаны бола отырып, бұл мемлекеттің аумағы Орталық Азия елдеріне қарсы «гибридті соғыстар» жүргізудің негізгі трамплині болу мүмкін. Орталық Азия мемлекеттерінің қауіпсіздігіне қауіп төндіретін сыртқы және ішкі факторлар, егер олар келешекте дұрыс шешемін таппаса, бұл кеңістік «гибридті соғыстардың» детерминанты болып қала бермек. Сондықтан, Орталық Азия мемлекеттері өздерінің қауіпсіздігін сақтауда кешенді іс-шаралар жоспарларын жасап, нақты әрекеттерге көшуі өте маңызды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

Абжекенова, Н. (2015). Центральную Азию могут ждать «гибридные войны». – URL: <https://informburo.kz/mneniya/asylbek-izbairov/centralnuyu-aziyu-mogut-zhdad-gibridnye-voynyv-mire-narastaet-ugroza-svyazannaya-s-deyatelnostyu-islamskogo-gosudarstva-ig-v-sostave-ig-sozdanagrappa-mavrenahr-napravlenneya-protiv-centralnoy-azii-n.html>

Аваков, А. (2018). Транспортная война Таджикистана против России: Москва готовит зеркальные меры. – URL: <https://www.mk.ru/politics/2018/03/14/transportnaya-voynatadzhikistana-protiv-rossii-moskva-gotovit-zerkalnye-mery.html>

Бартош, А. А. (2014). Гибридные войны будущего: прогнозирование и планирование. – URL: http://nvo.ng.ru/concepts/2014-12-19/1_war.html

Бжезинский, З. (2017). Великая шахматная доска (Господство Америки и его геостратегические императивы) / Пер. О. Ю. Уральской. Москва: Издательство АСТ, 79.

Грозин, А. (2017). Экстремисты могут воспользоваться проседанием политических систем. – URL: <https://ivran.ru/ivran-v-smi?artid=9236>

Дербисов, А. (2017). Сценарии дестабилизации Центральной Азии: экстремисты и трудовые споры. – URL: <https://365info.kz/2017/01/kazakhstan-vesna-ili-vtorzhenie>

Зеличенко, А. (1997). "Опиумная война" в Центральной Азии. May 24, 2023. – URL: https://ca-c.org.ru/journal/1997/11-1997/st_12_zelichenko.shtml

Иванов, Р. (2018). Станет ли Центральная Азия ареной исламских войн? – URL: <https://365info.kz/2018/04/stanet-li-tsentrlnaya-aziya-arenoj-islamskih-vojn-ekspert>

Корыбко, Э. (2016). Гибридные войны. Часть 1: Закон ведения «гибридной войны». – URL: <https://interaffairs.ru>

Кудрявцева, Т. (2015). Центральная Азия: плацдарм для гибридной войны? – URL: https://24.kg/politika/14781_tsentrlnaya_aziya_platsdarm_dlya_gibridnoy_voynyi/

Откин, В. (2014). «Пограничная война» – часть дорожной карты Бишкека. – URL: http://ca-snj.blogspot.com/2014/09/blog-post_42.html

Панфилова, В. (2012). «Рельсовая война» в Центральной Азии. – URL: http://www.ng.ru/cis/2012-02-03/7_asia.html

Сивков, К. (2023). Третья мировая война неизбежна May 19, 2023. – URL: https://www.kp.ru/best/msk/no_peace_no_war/page389596.html

Судный день: хакеры угрожают Америке (2016). – URL: https://www.gazeta.ru/tech/2017/12/06/11036504/caliphate_cyber_ghosts.shtml

Суротчуев, Э. (n.d.). Гибридная война в Кыргызстане: когда ложь выдают за высшие ценности. – URL: http://rus.kg/news_rus/analytics_rus/50002-gibridnaya-voyna-v-kyrgyzstane-kogda-lozh-vydayut-za-vysshyuy-cennost.html

Таджикский «игиловец» Гулмурод Халимов заинтересовался ситуацией в Горном Бадахшане. – URL: <https://fergana.agency/news/104222/>

Франклин, Д., & Эндрюс, Дж. (2012). Мир в 2050 году. – URL: <http://Royallib.ru/>

Шустов, А. (2010). Центральная Азия: тропой «водной войны». – URL: <https://www.fondsk.ru/news/2010/11/20/centralnaja-aziya.tropoj-vodnoj-voyny-1037.html>

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ САЯСИ МЕДИАТОРЛАРЫ

Кіріспе

Орталық Азия- бай мәдени және тарихи мұрасы бар аймақ, саяси, экономикалық және әлеуметтік трансформациялар контекстінде мәдениетаралық коммуникацияның қиындықтарымен бетпе-бет келеді (Ямщикова, 2012). Саяси делдалдар, әртүрлі мәдениеттер арасындағы диалогты нығайтуда маңызды рөл атқара отырып, жанжалдарды шешуге және бейбітшілік пен ынтымақтастықты ілгерілетуге көмектеседі. Осы зерттеудің мақсаты – Орталық Азиядағы мәдениетаралық коммуникациялардағы саяси делдалдардың рөлін талдау, олардың әдістері мен стратегияларының тиімділігін анықтау, сондай-ақ аймақтағы мәдениетаралық байланысты жақсарту үшін олардың қызметін жетілдірудің ықтимал жолдарын ашу. Зерттеу міндеттеріне кіреді:

1. Мәдениетаралық коммуникация және саяси делдалдықтың теориялық негіздерін зерттеу.

2. Орталық Азиядағы саяси делдалдардың барлық қолданыстағы тәжірибелері мен стратегияларын талдау.

3. Саяси делдалдардың қызметінің аймақтағы мәдениетаралық түсіністікке және ынтымақтастыққа әсерін бағалау.

4. Мәдениетаралық коммуникациялар контекстінде саяси делдалдықтың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Мәдениетаралық коммуникация бұл контекстте әртүрлі мәдениеттердің өкілдері арасындағы ақпарат алмасу процесі ретінде қарастырылады, бұл тек тілдік алмасуды ғана емес, сонымен қатар мәдени нормаларды, құндылықтарды және дәстүрлерді түсінуді қамтиды. Саяси делдал – бұл әртүрлі мәдени немесе этникалық топтар арасындағы диалогты жеңілдету, жанжалдарды шешу және бейбіт бірлескен өмір сүру мен ынтымақтастықты ілгерілету мақсатында делдал ретінде әрекет ететін тұлға немесе ұйым (Гайдук, 2014).

Гипотеза: Саяси делдалдар Орталық Азиядағы мәдениет-аралық коммуникацияларды нығайтуда маңызды рөл атқарады, аймақтағы әртүрлі мәдениеттер мен ұлттар арасындағы интеграцияға және ынтымақтастыққа көмектесе отырып, жанжалдардың бейбіт шешіміне ықпал етеді. Олар мәдени құндылықтарды, дәстүрлерді және көзқарастарды алмасу үшін катализатор ретінде әрекет етеді, бұл оң өзара түсіністік пен құрметтің қалыптасуына ықпал етеді.

Орталық Азиядағы мәдениетаралық коммуникациялар және саяси делдалдардың рөлі тақырыбына кіріспе аймақтағы мәдениетаралық өзара әрекеттесу саласындағы бар қиындықтар мен мүмкіндіктерді талдауды қамтиды, бұл мәдениетаралық коммуникация мен саяси дипломатияның дамуына аймақта және одан тыс жерлерде маңызды үлес қосады (Махмутова, 2022).

Теоретикалық негіз

Мәдениетаралық коммуникация Гирт Хофстедтің мәдени өлшемдері, Педерсеннің мәдени бейімделу теориясы және Спицберг пен Чаннонның мәдениетаралық құзыреттілік тұжырымдамасы сияқты әртүрлі теориялық тәсілдер объективі арқылы зерттеледі. Хофстеде (1980) мәдениетаралық өзара әрекеттесулердегі айырмашылықтарды түсінуге көмектесетін мәдениеттің бірнеше өлшемдерін (индивидуализмге қарсы коллективизм, белгісіздікке жол бермеу, билік арасындағы қашықтық және еркектік пен әйелдікке қарсы) анықтайды (Хофстеде, 2007). Педерсен (1996) мәдениетаралық қарым-қатынас процесінде бейімделудің маңыздылығын атап көрсетеді (Педерсен, 1996), ал Спицберг пен Чангнон (2006) мәдениетаралық құзыреттілік мәдениетаралық ортада тиімді және сәйкес қарым-қатынас жасау қабілеті ретінде анықтайды.

Саяси медиация үшінші тараптың келісілген шешімге қол жеткізу мақсатында екі немесе одан да көп тараптар арасындағы жанжалды шешуге көмектесетін процесс ретінде қарастырылады. Медиация әртүрлі әдістерді қамтиды, соның ішінде келіссөздер, фасилитация және консультациялар. Буш пен Фолгер (1994) конфликтке қатысушылардың түсінігі мен мінез-құлқын өзгертуге, өкілеттік пен мойындауға ұмтылуға бағытталған трансформациялық медиация тәсілін атап көрсетеді (Буш, Р.А.Б., & Фолгер, Дж. П.).

Кесте 1 – Медиация түрлері

Медиация түрі	Ерекшеліктер	Артықшылықтары	Кемшіліктер
Екі жақты (Кочубеева, 2017)	Жанжалдың екі тарапы арасындағы медиация, көбінесе үшінші бейтарап тараптың қатысуымен.	Тереңірек түсінуге және тұрақты бейбітшілікке ықпал ете алатын шиеленіс тараптарының шешуге тікелей қатысуы.	Медиатордың ықтимал бейімділігі, жанжал тараптарына әсер ету ресурстарының шектеулілігі.
Көпжақты (Белякова, 2016)	Бірнеше елдің немесе халықаралық ұйымдардың қақтығысты шешу үшін медиацияға қатысуы.	Қақтығысты шешу үшін халықаралық қауымдастықтың ресурстары мен ықпалын пайдалана білу.	Көптеген қатысушылардың үйлестірудің қиындығы, жергілікті жағдайлар мен қажеттіліктерді елемей қауіпі.
Ішкі (Каримова, 2021)	Жергілікті немесе ұлттық медиаторлардың көмегімен ішкі жанжалдарды шешу үшін ел ішіндегі медиация.	Жергілікті контекст пен мәдениетті түсіну, бұл қолайлы шешім табу ықтималдығын арттырады.	Халықаралық ресурстарға және қолдауға қол жеткізудің шектеулілігі, халықаралық деңгейде ықпалдың болмауы мүмкін.
Халықаралық (Бегалинова, 2021)	Халықаралық немесе азаматтық қақтығыстарды шешу үшін халықаралық ұйымдар немесе шет мемлекеттердің өкілдері қатысатын медиация процесі.	Қақтығысқа халықаралық назарды аудару, халықаралық ресурстар мен сараптамаға қол жеткізу.	Сыртқы мүдделердің медиация процесіне кедергі келтіру қаупі, жергілікті контексттің мүмкін түсінбеушілігі.

Орталық Азия бай тарихы мен мәдени әртүрлілігі бар аймақ мәдениетаралық коммуникацияны зерттеудің бірегей саласы болып табылады. Бұл аймақтағы зерттеулер көбінесе этникалық

сәйкестікке, мәдениетаралық коммуникацияға және жаһандандудың мәдени дәстүрлерге әсеріне бағытталған. Кочубееваның (2017) Орталық Азияның көпұлтты мемлекет-теріндегі мәдениетаралық коммуникация туралы зерттеуі сияқты еңбектер тиімді өзара әрекеттесу мен интеграция үшін мәдени түсіністіктің маңыздылығын көрсетеді (Кочубеева, 2017)

Талқылау/анализ

Аймақтағы саяси медиаторлардың қатысуымен мәдениетаралық коммуникацияның көрнекті мысалдарының бірі Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы шекараны реттеу үдерісі болып табылады. Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Еуропалық Одақтың делдалдары ортақ мүдделер мен мәдени айырмашылықтарды құрметтеуге баса назар аудара отырып, дауды бейбіт жолмен шешуге көмектесетін диалогқа ықпал етті.

Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы шекараны реттеу процесін БҰҰ (БҰҰ) және Еуропалық Одақ (ЕО) сияқты халықаралық ұйымдар делдал ретінде әрекет ететін көпжақты саяси делдалдықтың мысалы ретінде жіктеуге болады. Медиацияның бұл түрі әсіресе аймақтық және трансшекаралық қақтығыстарда тиімді, өйткені медиаторлар диалогты жеңілдету және тұрақты шешім табу үшін қажетті саяси ықпалға, ресурстарға және тәжірибеге ие (Миллер, 2023).

Қазақстан мен Қырғызстан істері бойынша көпжақты медиацияның тиімділігі медиаторлардың сындарлы диалог алаңын құру, ортақ мүдделерге шоғырлану және әділ және қолайлы шешімдерді әзірлеуге ықпал ету қабілетінде жатыр. Дегенмен, мұндай күш-жігердің сәтті болуы көбінесе елдердің ымыраға келуге дайын болуына және сыртқы араласуға ашық болуына байланысты.

Қарсы мысал ретінде шекарада су және жер ресурстарына қол жеткізуге байланысты қарулы қақтығыстар мезгіл-мезгіл орын алатын Тәжікстан мен Қырғызстандағы жағдайды қарастыруға болады. Медиация әрекеттеріне қарамастан, ұзақ мерзімді және жан-жақты шешімнің жоқтығы, сондай-ақ тараптар арасындағы сенімсіздік тұрақты бейбітшілікке қол жеткізуді қиындатады.

Қазақстан-Қырғызстан шекарасындағы реттеу мен Тәжікстан-Қырғызстан шекарасындағы жағдай арасындағы айырмашылық табысты медиацияның бірнеше маңызды аспектілерін көрсетеді:

- Халықаралық ұйымдарды тарту диалог үшін бейтарап алаң құруға және қажетті ресурстар мен тәжірибені қамтамасыз етуге көмектеседі.

- Ымыра мен өзара сенім жанжалдарды шешудің негізгі элементтері болып табылады. Осы құрамдастардың біреуінің болмауы медиация процесін айтарлықтай қиындатады.

- Шешімнің кешенді тәсілі тек дауды тікелей шешуді ғана емес, сонымен қатар ресурстарға қол жеткізу және аймақтардың экономикалық дамуы сияқты шиеленістің себептерімен жұмысты қамтиды.

Дегенмен, саяси медиаторлардың жұмысы бірқатар проблемалармен және шектеулермен байланысты. Олардың ең бастысы – ұлттық мүдделері мен бейтарап көзқарастары терең тамыры бар тараптардың ымыраға келудегі қиындықтары және медиаторлардың белгілі бір мүдделерді жақтаушы ретінде қабылдану қаупі. Сонымен қатар, Тәжікстан мен Қырғызстанның қарсы мысалы ұзақ мерзімді шешімнің болмауы және тараптар арасындағы сенімсіздік медиация процесін және тұрақты бейбітшілікке қол жеткізуді қиындатуы мүмкін екенін көрсетеді.

Қорытынды

Орталық Азиядағы мәдениетаралық коммуникациялардағы саяси медиаторлардың рөлін зерттеу трансшекаралық және мәдениетаралық қақтығыстарды шешудегі осы субъектілердің негізгі маңыздылығын анықтады. Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы шекараны реттеу үдерісі сияқты кейстерді талдау тиімді медиацияның ортақ мүдделер мен мәдени айырмашылықтарды құрметтеуге назар аудара отырып, дауларды бейбіт жолмен шешуге айтарлықтай ықпал ететінін көрсетеді.

Осылайша, тараптардың мәдени және ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, шиеленістерді тұрақты шешуді қамтамасыз ететін ымыраға келу және стратегияларды әзірлеуде саяси медиаторлар орталық рөл атқаратыны анықталды.

Халықаралық ұйымдардың қатысуымен өтетін көпжақты медиация трансшекаралық қақтығыстарды реттеуде, қажетті ресурстар мен тәжірибені қамтамасыз етуде жоғары тиімділікті көрсетеді.

Тұрақты бейбітшілікке қол жеткізу және мәдениетаралық коммуникацияларды дамыту үшін мәдени айырмашылықтарды мойындау және құрметтеу және инклюзивті диалогқа ұмтылу

маңызды. Халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық және көпжақты медиация платформаларын пайдалану қақтығыстарды сәтті шешу мүмкіндігін айтарлықтай арттыруы мүмкін.

Ұсыныстар:

1. Мәдени сезімталдық пен мәдениетаралық құзыреттілік саласында оқыту және біліктілігін арттыру арқылы мәдениетаралық коммуникациялардағы саяси медиаторлардың рөлін күшейту.

2. Жергілікті қоғамдастықтардың мүдделері мен қажеттіліктерін есепке алу үшін медиация процесіне белсендірек қатысуын қамтамасыз ету тетіктерін әзірлеу және енгізу.

Осылайша, Орталық Азиядағы мәдениетаралық коммуникацияларды нығайту және қақтығыстарды реттеудегі саяси медиаторлардың рөлі даусыз маңызды болып қала береді. Халықаралық қауымдастық пен өңірлік субъектілердің алдында аймақта бейбітшілік пен өзара түсіністікке қол жеткізу үшін медиация тетіктерін одан әрі дамыту және жетілдіру міндеті тұр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

Бегалинова, К.К., et al. (2021). Коммуникационные режимы в странах Центральной Азии: научная дискуссия. Россия и мир: научный диалог, 1(2), 96-137.

Белякова, И.Г. (2016). Эволюция моделей межкультурной коммуникации в новых межгосударственных союзах (на примере Шанхайской организации сотрудничества). Вестник Адыгейского государственного университета. Серия 1: Регионоведение: философия, история, социология, юриспруденция, политология, культурология, 4(189), 224-228.

Буш, Р.А.Б., & Фолгер, Дж. П. (1995). Трансформационная медиация: Источники и принципы. Санкт-Петербург: Диалектика.

Гайдук, В.В. (2014). Политические медиаторы этносоциальных и межкультурных коммуникаций. Серия "общественные науки", 4(25), 72.

Каримова, Н.И. (2021). По пути торговых караванов: проблемы сотрудничества и межкультурной коммуникации на евразийском пространстве (вторая половина XV – начало XX в.). Коммуникативная культура: история и современность, 7-13.

Кочубеева, Т.И. (2017). Межкультурная коммуникация в многонациональных государствах Центральной Азии. Алматы: Наука.

Махмутова, Е.В. (2022). Китайская «мягкая сила» в Центральной Азии: перспективы и ограничители. Китай в мировой и региональной политике. История и современность, 27(27), 268-283.

Миллер, Л.В., Лаврова, О.А., & Политова, Л.В. (2023). Проблемы межкультурного взаимодействия при обучении студентов из Центральной Азии (к постановке проблемы). Проблемы преподавания филологических дисциплин в высшей школе, 136-142.

Педерсен, П.Б. (1996). Культурная адаптация и межкультурная компетенция: пути к новому обществу. Москва: Прогресс.

Спитцберг, Б.Х., & Чангнон, Дж. (2006). Концептуализация межкультурной компетентности. В.Л. Волкова (Ed.), Межкультурная коммуникация: теория и практика (pp. 7-52). Москва: Мир.

Хофстеде, Г. (2007). Культуры и организации: Понимание ментального кодирования. Москва: Альпина Бизнес Букс.

Ямщикова, И.В. (2012). Национально-культурные особенности в процессе межкультурной коммуникации. Царскосельские чтения, XVI. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/natsionalno-kulturnye-osobennosti-v-protse-sses-mezhkulturnoy-kommunikatsii>

РАЗВИТИЕ ИТ-ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ КАК ВАЖНЫЙ ФАКТОР ЕВРАЗИЙСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

Мне выпала честь быть аспиранткой настоящего ученого и педагога Жарас Умаровича Ибрашева. Он не только вел меня в мир науки, но привил определенные жизненные принципы. Жарас Умарович является для меня эталоном глубочайшей эрудиции, высочайшей порядочности и доброты. Помню, горжусь и буду всегда благодарна Жарас Умаровичу.

Актуальность данной статьи обусловлена тем, что в настоящее время роль ИТ-образования в поддержании евразийской интеграции становится все более важной. С развитием информационных технологий и их влиянием на различные сферы жизни: политика, экономика, образование. Следовательно, необходимо изучение и понимание того, как ИТ-образование может способствовать интеграции этого региона. Кроме того, цифровизация общества, развитие цифровой экономики и усиление конкуренции на мировых рынках повышают роль ИТ-образования. В данной статье мы рассмотрим влияние развития ИТ-образования на безопасность в Евразии.

Целью данной работы является определение связи образования в Казахстане в области информационных технологий с развитием евразийской безопасности, выявление основных угроз и вызовов в сфере кибербезопасности, а также внесение предложений по поддержанию евразийской безопасности через призму развития ИТ-образования.

Практическая значимость статьи заключается в том, что она может служить основой для разработки и внедрения программ образования и повышения квалификации специалистов в области информационных технологий (ИТ), способных эффективно противодействовать современным угрозам и вызовам в области информационной безопасности, кибербезопасности, защиты данных и прочих аспектов ИТ-безопасности. Внесенные в статью

предложения могли бы способствовать внедрению международных программ и проектов с целью укрепления сотрудничества и обмена опытом между государствами этого региона.

В 2022 году по поручению Президента Республики Казахстан была разработана новая концепция развития цифровой экосистемы на 2023-2027 годы, которая получила название «Киберщит – 2» (Правительство 2023). В целях обеспечения информационной безопасности был принят ряд законодательных актов и отраслевых документов, которые регулируют данную сферу (Правительство, 2017). Они направлены на улучшение механизмов защиты информации от киберугроз и на усиление контроля за использованием информационно-коммуникационных технологий.

Согласно Глобальному индексу кибербезопасности (GCI), наиболее высоким уровнем защищённости обладает Казахстан: набрав 93,15 баллов из 100, республика обеспечила себе второе место среди стран постсоветского пространства и вошла в ТОП-35 государств мира по данному показателю (International, 2021):

Глобальный индекс кибербезопасности 2020 г.: Центральная Азия

Государство	Количество баллов (max 100)	Место в общемировом рейтинге
Казахстан	93,15	31
Кыргызстан	49,64	92
Таджикистан	17,1	138
Туркменистан	14,48	144
Узбекистан	71,11	70

Говоря об евразийской безопасности, следует особо подчеркнуть, что это инициатива центрально-азиатских государств по обеспечению безопасности в регионе Евразии, включающая в себя сотрудничество в борьбе с терроризмом, киберугрозами, незаконными миграциями, наркотиками и другими угрозами. Цель программы – обеспечение стабильности и безопасности в регионе, защита интересов евразийского региона. Поддержка ИТ-образования является одним из необходимых направлений в этой сфере.

С начала 2000-х годов Казахстан активно развивает ИТ-образование. Были открыты специализированные учебные заведения, введены новые программы обучения, проведены

реформы в сфере высшего образования. Казахстан, будучи стратегическим партнёром в рамках Евразийского экономического союза и Шанхайской организации сотрудничества, должен обеспечить надёжную защиту своих информационных систем. Для этого необходимо иметь квалифицированных специалистов по кибербезопасности, способных обнаруживать и предотвращать атаки в реальном времени. Казахстан внедряет программы обучения, направленные на повышение уровня кибербезопасности в стране. Специализированные курсы по кибербезопасности предлагаются в университетах и колледжах, проводятся тренинги и семинары для специалистов государственных и частных организаций. Следует отметить конкретные шаги Таджикистана, Узбекистана и Кыргызстана в этом направлении. Крупнейший международный технопарк IT-стартапов Евразии находится в Казахстане (Astana Hub), имеет перспективы и IT-Park в Узбекистане.

Согласно статистике МЦРИАП, ежегодная дополнительная потребность в ИКТ-кадрах в Казахстане составляет около 30 тыс. человек (Реализация).

Важна роль Astana IT University (AITU) – ведущего университета, лидера инновационного непрерывного IT-образования и науки в нашей стране. AITU был открыт в 2019 году в рамках реализации Государственной программы «Цифровой Казахстан». В университете существует 12 образовательных программ бакалавриата: Smart Technology, Cyber Security, Telecommunication Systems, Media Technologies, Industrial Automation, Computer Science, Big Data Analysis, Software Engineering, IT Management, IT Entrepreneurship, Digital Journalism, Industrial Internet of Things; а также программы магистратуры по специальностям Computational Science, Applied data Analytics, Project management, Computer Science and Engineering, Media Technologies. Что касается программы докторантуры, то она представлена в академических направлениях Computer Science и Project management (Программы Astana). Университет имеет уникальную возможность развивать долгосрочное сотрудничество и обмен опытом с Astana Hub.

Сегодня в Казахстане существуют и другие учебные заведения, которые предлагают образование в области информационных технологий. Вузы и колледжи имеют

специализированные факультеты и кафедры, где студенты могут изучать различные аспекты ИТ и приобретать необходимые навыки для работы в сфере информационных технологий. Правительство Казахстана активно поддерживает развитие ИТ-образования, предоставляя финансовую поддержку учебным заведениям, организуя конференции и мероприятия по ИТ-тематике, а также поддерживая программы обмена студентами и преподавателями с зарубежными учебными заведениями.

Кроме того, в стране активно развиваются онлайн-платформы и курсы по ИТ-специальностям, которые позволяют студентам и ИТ-специалистам повышать свои навыки и компетенции в сфере информационных технологий. Благодаря таким усилиям, ИТ-образование в Казахстане становится все более доступным и качественным, что способствует развитию цифровой экономики в стране и повышению конкурентоспособности молодых специалистов на рынке труда.

Следует отметить растущую роль искусственного интеллекта (ИИ) в различных сферах нашей жизни. Он приобретает все более важное значение в государствах евразийского региона. ИИ предоставляет новые возможности для улучшения образовательного процесса, оптимизируя учебные программы и повышая эффективность обучения.

Автором был проведен опрос об отношении студентов АИТУ к искусственному ИИ и его использованию ими в учебном процессе. Всего в опросе приняло участие 786 студентов: 30,4% студентов на вопрос используют ли они ИИ в учебе ответили, что да, используют; на вопрос какова их цель использования ChatGPT 27,6% респондентов ответили, что они используют его для выполнения домашних заданий по предметам, а также для развития навыков ИКТ, 70,2% студентов на вопрос, планируют ли они использовать ИИ/ChatGPT в своей будущей работе, дали положительные ответы.

В свете глобальной цифровизации и развития ИИ евразийские государства стремятся интегрировать технологии в образовательную систему. В прошлом году в Казахстане была создана программа “ИИ в образовании”, которая направлена на разработку и внедрение инновационных методов обучения с использованием ИИ. Тем не менее, есть и ряд вызовов и проблем, связанных с применением ИИ в образовании. К ним относятся вопросы конфиденциальности данных, недоступности

технологий для всех слоёв населения, а также недостаточной подготовки преподавателей к работе с новыми технологиями.

Роль ИТ-образования в евразийской безопасности

ИТ-образование имеет важное значение не только в обеспечении информационной безопасности Казахстана, но и в укреплении евразийской безопасности в целом. В современном мире все больше угроз возникает из сферы киберпространства, и только совместные усилия могут обеспечить эффективную защиту от них. Казахстан, как важный игрок в евразийском регионе, должен действовать совместно с другими государствами для укрепления кибербезопасности. Обмен опытом, совместные исследования, обучающие программы – все это возможно благодаря развитию ИТ-образования в регионе. Казахстан принимает участие в международных инициативах по сотрудничеству в области ИТ-образования и развития информационных технологий, активно развивает отрасль информационных технологий в стране, внедряет современные цифровые технологии в различные сферы жизни общества, что способствует повышению уровня безопасности как национального, так и регионального уровней.

Международные проекты по вопросам кибербезопасности, в которых Казахстан принимает участие:

1. Азиатско-Тихоокеанский центр по кибербезопасности (APCSS) – Казахстан является участником этого центра, который создан для взаимодействия в обеспечении кибербезопасности в регионе Азиатско-Тихоокеанского пространства.

2. Шанхайская организация сотрудничества (ШОС) – Казахстан активно участвует в реализации проектов по кибербезопасности совместно с другими государствами ШОС (Юе, 2021). В рамках ШОС учреждена рабочая группа по информационной безопасности, которая координирует деятельность стран-участниц в области кибербезопасности, разработке совместных мер по предотвращению киберинцидентов и обеспечению информационной безопасности. Кибербезопасность (информационная безопасность) является приоритетной областью сотрудничества для государств ШОС, учитывая растущую угрозу кибератак и киберпреступности в регионе. Совместные усилия по обеспечению кибербезопасности позволяют государствам ШОС эффективнее защищать свои

информационные системы. В рамках стратегии развития ШОС до 2025 г. также рассматривается необходимость создания общего правового пространства для борьбы с киберугрозами. Это включает в себя разработку единой системы правовых норм и стандартов в области кибербезопасности, которая обеспечивала бы гармонизацию законодательства членов ШОС и упрощала процесс сотрудничества в этой сфере (Галицына, 2023).

3. Глобальный альянс по кибербезопасности (GCA) – Казахстан присоединился к этому альянсу, который объединяет государства, частный сектор и международные организации в целях содействия кибербезопасности.

4. Евразийская экономическая комиссия (ЕЭК) – Казахстан сотрудничает с другими государствами-членами ЕЭК в рамках проектов по кибербезопасности для обеспечения безопасности информационных систем и данных в регионе.

5. Форум инцидентов и трендов в области кибербезопасности (FIRST) – Казахстан принимает участие в работе этого форума, который организует международные проекты по обмену информацией и опытом в области кибербезопасности.

6. Центрально-Азиатский форум по управлению Интернетом (CA IGF) выступает крупнейшей региональной неформальной платформой для обсуждения вопросов цифрового развития. Целью Форума является создание диалога и обмен опытом между различными заинтересованными сторонами для содействия развитию Интернета и цифровой экономики в Центральной Азии. В рамках Форума обсуждаются такие вопросы, как доступ к интернету, кибербезопасность, защита данных, развитие цифровых технологий и др. Участие в CA IGF открывает участникам возможность внести свой вклад в формирование региональной политики в области управления Интернетом и содействовать устойчивому и инклюзивному цифровому развитию в Центральной Азии (Central Asian, 2023)

7. В 2018 году Казахстан стал членом Организации Объединённых Наций по кибербезопасности (UNOCT), что подтверждает стремление страны к укреплению международной кибербезопасности.

Сотрудничество государств Центральной Азии в области образования и ИКТ играет важную роль в развитии человеческого капитала, цифровой экономики и общества в целом. Несмотря на некоторые различия в подходах к

образованию и использованию ИКТ, страны Центральной Азии стремятся к сотрудничеству и обмену опытом в этой области. Существует ряд инициатив и программ, направленных на укрепление сотрудничества в области образования и ИКТ в Центральной Азии. Существует инициатива Центрально-азиатского регионального сотрудничества в образовании (CAREC), которая поддерживает обмен студентами, преподавателями и научными исследователями между государствами региона. Многие страны Центральной Азии активно развивают собственные национальные программы по развитию ИКТ в образовании и развитию цифровой грамотности среди населения (Программа). Сотрудничество в данной области позволяет государствам Центральной Азии совместно решать общие проблемы, развивать высшее образование национального уровня, улучшать доступ к образованию с использованием ИКТ, а также соответствовать современным требованиям рынка труда. Подобная совместная деятельность способствует интеграции цифровых технологий в учебный процесс, что повышает эффективность образования и создаёт условия для обучения с использованием современных образовательных технологий. Развитие IT-образования способствует повышению общего уровня технологической грамотности населения и способствует экономическому развитию страны в целом.

Несмотря на предпринимаемые меры Казахстан все ещё сталкивается с проблемами в области кибербезопасности, такими как:

1. Кибершпионаж и кибератаки на информационные системы государств-участников Евразийского экономического союза (ЕАЭС).

2. Распространение вредоносных программ и вирусов, направленных на нарушение работы экономических и финансовых систем государств-членов ЕАЭС.

3. Кибератаки на критическую инфраструктуру, такую как энергосистемы, транспортные сети, и другие объекты, что может вызвать серьёзные последствия для экономики региона.

4. Киберпреступность, направленная на финансовые учреждения и банковские системы государств-членов ЕАЭС, что приводит к финансовым потерям и нарушению доверия к финансовым институтам.

5. Кибертерроризм, включающий в себя кибератаки на правительственные учреждения и критическую инфраструктуру с целью вызвать панику и хаос.

Для борьбы с этими угрозами необходимо усилить сотрудничество и координацию между государствами-участниками ЕАЭС в области кибербезопасности, укрепить совместные механизмы защиты от кибератак и усовершенствовать законодательство в этой области. Кроме того, на взгляд автора, необходимо проводить регулярные аудиты и тестирования систем информационной безопасности, обучать персонал и повышать осведомлённость о киберугрозах.

Данное исследование о роли IT-образования как одного из значимых компонентов евразийской безопасности выявило несколько важных аспектов. Во-первых, IT-образование играет ключевую роль в обеспечении безопасности информационных систем и данных, что важно для всех стран региона. Важность этого аспекта возрастает в условиях цифровизации и все большей зависимости общества от информационных технологий. Во-вторых, IT-образование способствует развитию профессиональных навыков и компетенций в области кибербезопасности. Это важно для поддержания стабильности и безопасности в регионе. IT-образование способствует развитию сотрудничества и обмену знаниями между государствами региона в области кибербезопасности.

По мнению автора, для повышения качества IT-образования возможно необходимы следующие меры:

- Создание национальной стратегии развития IT-образования и информационных технологий, охватывающей широкий спектр мероприятий по содействию инновационному развитию страны.

- Повышение финансовых инвестиций в IT-образование и модернизация учебных заведений, специализирующихся на информационных технологиях.

- Улучшение качества учебных программ и их адаптация к современным требованиям рынка труда.

- Обмен опытом и сотрудничество между евразийскими ВУЗами с целью создания совместных программ обучения, стажировок и практических курсов.

- Привлечение молодёжи к обучению в области информационных технологий путём проведения информационных кампаний, олимпиад и других мероприятий.

Заключение

Развитие IT-образования в Казахстане играет важную роль в евразийской интеграции, поскольку оно способствует расширению возможностей для сотрудничества и обмена знаниями и опытом в области информационных технологий. Казахстан, как государство с развивающейся экономикой, нуждается в квалифицированных кадрах в области IT, которые могут участвовать в проектах с партнерами из других стран, в том числе из евразийского пространства. Казахстан активно развивает свою систему образования в области информационных технологий, предлагая студентам возможность изучения современных технологий и приобретения необходимых навыков для работы в сфере IT. Результаты научного исследования показывают, что IT-образование способствует развитию компетенций и навыков, необходимых для эффективной работы в области информационной безопасности. Подготовка специалистов в области IT позволяет создавать новые технологии и методы защиты информации, что в свою очередь способствует повышению уровня безопасности данных и информационных систем в евразийском регионе. В целом, развитие IT-образования в Казахстане играет важную роль в обеспечении безопасности не только страны, но и всего евразийского региона. Поэтому необходимо продолжать инвестировать в эту сферу и обеспечивать высокий уровень профессиональной подготовки специалистов. Только таким образом можно обеспечить безопасность информационных систем и защитить национальные интересы в условиях быстрого развития цифровых технологий.

Казахстан сотрудничает с государствами региона в укреплении евразийской безопасности. Обмен опытом, реализация совместных проектов и программ обучения помогут улучшить кибербезопасность в регионе. Это важные факторы, способствующие обеспечению безопасности и процветания страны и евразийского региона в целом. Для достижения положительных результатов необходимо решить проблемы, имеющиеся в этой сфере, и принять ряд мер, направленных на повышение качества образования в области информационных технологий и подготовку квалифицированных специалистов.

Цитируемая литература:

Галицына, А. Э., Кембель, О. В., & Потапова, Д. Д. (2023). Региональное сотрудничество стран Центральной Азии в борьбе с кибертерроризмом.

Постсоветские исследования, 6(6). – URL: regionalnoe-sotrudnichestvo-stran-tsentralnoy-azii-v-borbe-s-kiberterrorizmom.pdf

Правительство Республики Казахстан. (2017). Об утверждении Концепции кибербезопасности («Киберщит Казахстан»). Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 июня 2017 года №407. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000407>

Правительство Республики Казахстан. (2023). Об утверждении Концепции цифровой трансформации, развития отрасли информационно-коммуникационных технологий и кибербезопасности на 2023-2029 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года №269. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000269>

Программа Центральноазиатского регионального экономического сотрудничества. (н.д.). Хорошие соседи. Хорошие партнёры. Хорошие перспективы. – URL: <https://www.carecprogram.org/uploads/CAREC-Program-Brochure-ru.pdf>

Реализация казахстанской концепции кибербезопасности. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/infsecurity?lang=ru>

Программы Astana IT University. – URL: <https://astanait.edu.kz/programs/>
Юе, Г. (2021). Противодействие кибертерроризму в рамках ШОС. Вопросы политологии, 12(76), 3700–3704 Central Asian Internet Government Forum. (2023). – URL: <https://caigf.org/en/2023eng/>

International Telecommunication Union. (2021). Global Cyber Security Index. – URL: https://www.itu.int/dms_pub/itu-d/opb/str/D-STR-GCI.01-2021-PDF-E.pdf

Б.М. Мырзабаева, Д.А. Нурлан
*М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университеті*

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ТҮРІКМЕН ҚАТЫНАСТАРЫ

Қазақстан мен Түрікменстан елдерін тек географиялық емес тамыры тереңде жатқан тарихи сабақтастық, түркі халықтарының түбі бір туыстығы, өткен тарихының ортақтығы, этнолингвистикалық жақындығы, геосаяси және экономикалық байланыстары жақындастырады. Кеңес Одағының ыдырауымен Орталық Азия территориясындағы мемлекеттердің тәуелсіздікке қол жеткізуі елдер арасындағы байланыстарды алға жылжытты.

Тәуелсіздікке қол жеткізумен қос ел арасындағы экономика, ғылым, адами өлшем салаларындағы мемлекетаралық байланыстар ретке келтірілді. Қазақстан мен Түрікменстанды ортақ шекаралары, саяси-экономикалық және гуманитарлық байланыстарды кеңейтудің болашақ мүмкіндіктері де жақындастырады. Саяси тұрғыдан алып қарағанда Қазақстан мен Түрікменстанның ұстанған бағыттары да бір-біріне сәйкес келеді: Түрікменстан да алғашқылардың бірі болып ЭКСПО-2017 шарасына қатысатынын мәлімдеді, Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2017-2018 жылдардағы Тұрақты емес мүшелігіне түскенде қолдау білдірді.

Өз кезегінде Қазақстан Республикасы да БҰҰ-ның бірқатар құрылымдарында Түрікменстанның үміткерлігіне қолдау білдірді, 12-желтоқсанды Халықаралық бейтарап күн деп атау туралы БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарына сәйкес біріккен мәлімдеме жасады.

Ресми мәліметтер бойынша Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылы 5 қазанда орнатылды. 1996 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Республикасының Түрікменстандағы Елшілігі ашылса, ал 1999 жылғы 4 мамырдан бері Түрікменстанның Қазақстан Республикасындағы Елшілігі қызмет етіп келеді (Нурсултанова, 2010).

Екіжақты ынтымақтастықтың шарттық-құқықтық негізін 70-ке жуық құжаттар құрайды. Басты екіжақты құжаттар ретінде

1993 жылғы 19 мамырдағы Достық қатынастар мен ынтымақтастық туралы Келісім және 2017 жылғы 18 сәуірдегі Стратегиялық серіктестік туралы Келісім есептеледі.

Түрікменстан Қазақстанның Орталық Азиядағы маңызды стратегиялық серіктесі болып табылады. Біздің елдеріміздің арасында құрылымдық саяси диалог орнатылған. Қазақстан мен Түрікменстан түрлі халықаралық ұйымдарда, ең алдымен БҰҰ-да, ЕҚЫҰ, ТМД, ИБҰ-да көршілес. Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы саяси сенім мен ынтымақтастық деңгейі жылдан жылға тұрақты түрде нығаюда. Біздің елдеріміз ортақ тарихы, мәдениетінің жақындығы және қызығушылықтарының ортақтығын басшылыққа ала отырып, халықаралық аренада бір-біріне өзара тиімді қолдау көрсетеді. Елдер арасындағы қатынастың барлық тарихи кезеңінде ешқандай да шиеленіс ошағы болмады, керісінше – ол қарқынды түрде түрлі бағытта дамыды.

Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы қатынастар тәуелсіздікке қол жеткізген сәттен бастап достық және стратегиялық серіктестік рухында дамуда. Түрікменстанда Қазақстан Республикасының Консулдығы Түрікменбашы қаласында, Қазақстанда – Түрікменстан Консулдығы Ақтау қаласында қызмет етеді (Екіжақты қатынастар).

Аса жоғары және жоғары деңгейде жасалған өзара сапарлар қос тараптың саяси диалогты нығайтуға және сауда-экономикалық ынтымақтастықты өрістетуге жоғары мүдделілігін нақтылай түседі. 2019 жылы 12 маусымда Түрікменстан Президенті Г.Бердымұхамедов ресми түрде Қ.К.Тоқаевты Қазақстан Республикасының мемлекет басшысы қызметіне кірісуімен құттықтады және Түрікменстанға ресми сапармен келуге шақырды. Сол жылдың 11 қазан күні Қ.К.Тоқаев ТМД мемлекет басшылары Кеңесінің отырысына қатысу үшін Түрікменстанға ресми сапар жасап, онда Г.Бердымұхамедовпен кездесті.

2021 жылы 6 тамызда Каспий теңізінің жағалауында «Аваза» Ұлттық туристік аумағындағы конгресс-орталықта Г.Бердымұхамедовтың төрағалығымен Орталық Азия мемлекет басшыларының үшінші Консультативтік кездесуі өтіп, оған Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан президенттері қатысты.

Соңғы екі жыл ішінде Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев үш рет Түрікменстанға сапар жасады. 2021 жылы оның мемлекет басшысы ретіндегі Ашхабадқа алғашқы мемлекеттік сапары орын алды. Сапар барысында 20 екіжақты құжаттарға қол қойылды, олардың ішінен қазақстандық-түрікменстандық мемлекеттік шекараны және Каспий теңізіндегі балық аулау аумақтарының іргелес учаскелерін делимитациялау туралы Келісім ерекше орын алады. Сонымен қатар қорғаныс, тасымалдау және транспорт, ауылшаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау, ғылым және мәдениет саласындағы ынтымақтастықты одан әрі кеңейту бойынша келісімге қол жеткізілді.

2022 жылғы 29 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың Түрікменстанға жұмыс сапары өтті, сапар аясында Мемлекет басшысы VI Каспий саммитіне қатысты, сондай-ақ Түрікменстан Президенті С.Бердымухамедов пен Милли Генгеш Халық Маслахатының Төрағасы Г.Бердымухамедовпен келіссөздер жүргізді (Тажимаев, 2022).

2022 жылғы 14 қазанда Түрікменстан Президенті С.Бердымухамедов Астанада ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің кезекті отырысына, сондай-ақ «Орталық Азия – Ресей» бірінші Саммитіне қатысты.

2022 жылғы 15 қазанда Түрікменстан Президенті С.Бердымухамедовтің Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапары болды. Түрікменстан Президентін қарсы ала отырып, Қазақстан басшысы екі ел халықтарын тарихи және туысқандық байланыстар байланыстыратынын және мұның қазақ-түрікмен ынтымақтастығын одан әрі дамыту үшін маңызы зор екенін атап өтті. «Түрікменстан Қазақстан үшін бауырлас мемлекет, біздің шекарамыз ортақ, тарихымыз ортақ. Мәдениет, гуманитарлық байланыстар және, әрине, экономикалық мүдделер саласында біздің ортақ тұстарымыз көп», – деді Мемлекет басшысы.

Келіссөздер барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Сардар Бердымухамедов қазақ-түрікмен ынтымақтастығының даму болашағын талқылады. Сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге, оның ішінде энергетика, транспорт және логистика, өнеркәсіп және ауылшаруашылығы саласында кеңейтуге ерекше назар аударылды. Өз кезегінде Сардар Бердымухамедов Қасым-Жомарт Тоқаевқа қазақ жерінде көрсетілген қонақжайлылық үшін алғысын білдірді. «Бұл менің Қазақстан Республикасына

алғашқы мемлекеттік сапарым. Біз бұл сапарды біздің елдеріміздің арасындағы екіжақты байланыстарды дамытудағы маңызды кезең ретінде қарастырамыз», – деп атап көрсетті С.Бердымухамедов (Қазақстан, 2022). Сапар нәтижесінде 13 құжатқа, оның ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы 2022-2024 жылдарға арналған ынтымақтастықтың кешенді бағдарламасына қол қойылды.

Шекаралық, соның ішінде Қазақстанның Маңғыстау облысы мен Түрікменстанның Балқандық вelayатымен ынтымақтастықты нығайтуға маңызды көңіл бөлінеді. Болашақта екі ел шекарасында арнайы шекаралық сауда аумағын құру көзделеді. Бұл тұрғыдан автомобиль, теміржол және теңіз тасымалы маңызды роль атқарады. Біздің елдеріміздің транзиттік тасымалдауды жүзеге асыруда Қазақстан-Түрікменстан-Иран теміржолымен тасымалдау, өзара тиімді ынтымақтастықта Ақтау және Түрікменбашы теңіз порттарын дамыту бойынша үлкен транзиттік-транспорттық әлеуеті бар. Маңғыстау облысында экономиканың түрлі салаларында түрікмендік капиталдың қатысуымен 16 біріккен кәсіпорын қызмет етеді. Маңғыстау облысы мен Түрікменстан арасындағы сыртқы сауда айналымы 2021 жылы қаңтар-тамыз аралығында 15 млн. долларды құрады, бұл алдыңғы 2020 жылдың дәл осындай кезеңімен салыстырғанда 50 пайызға көп.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметі бойынша 2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы тауар айналымы 2021 жылмен салыстырғанда 72%-ға өсіп, 438,2 млн АҚШ долларын (экспорт – 340,4 млн доллар, импорт – 97,8 млн доллар) құрады. 2021 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан Республикасы арасындағы тауар айналымы 254,3 млн. АҚШ долларын (экспорт – 211,5 млн. АҚШ доллары, импорт – 42,8 млн. АҚШ доллары) құрады (Түрікмен нарығы, 2022).

Қазақстан Республикасының Түрікменстанға негізгі экспорттық тауарлары: астық, ұн, қара металлдар; химиялық және минералды тыңайтқыштар, металл емес кендер болса, ал Қазақстанға импортты: қызанақ, цитрус жемістері, минералды, химиялық және тоқыма өнімдері құрайды.

Елдеріміз транзиттік мемлекет ретінде энергетикалық ресурстарды сыртқы нарықтарға – оңтүстік бағытта

қазақстандық мұнайды Парсы шығанағына және солтүстік бағытта түркімен газын Ресейге, Украинаға, Еуропалық Одақ елдеріне және Қытайға шығаруға өзара мүдделі. 2009 жылғы желтоқсан айында Түрікменстан-Өзбекстан-Қазақстан-Қытай газ құбырының іске қосылуы, сонымен қатар 2019 жылы «Орталық Азия-Орталық» мұнай құбыры арқылы түрікмен газының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресейге транзиттік жеткізілімін қалпына келтіру осы саладағы ынтымақтастықтың тәжірибелік мысалы болып табылады.

Теміржол, автомобиль және су транспорты саласында өзара тиімді жобалар бар. «Астрахань – Атырау – Ақтау – Түрікменстан шекарасы» автомобиль маршрутын жөндеу жұмыстары жүргізілді. 2022 жылы маусым айында ирандық Бендер-Аббас портына дейін Ресейден Қазақстан және Түрікменстан арқылы контейнерлік поезд ұйымдастырылды. Одан әрі жүк Үндістанға жеткізілді.

2022 жылы 19 шілдеде Түрікменстанның «Теңіз сауда флоты» ЖТАҚ және «Құрық порты» ЖШС арасында теңіз транспорты саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімге қол қойылды. 2022 жылы 8 тамызда қазақстандық Ақтау порты арқылы Түрікменстаннан Қытайға түрлі типтегі жүктерімен 40 футтық контейнердің 42 бірлігін сынақтан өткізу ұйымдастырылды (Екіжақты қатынастар).

Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы әуе қатынасы 1997 жылы 27 ақпанда жасалған (2000 жылы 10 наурызда күшіне енді) әуе қатынасы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан үкіметі арасындағы Келісім негізінде жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы тарапынан бекітілген авиатасымалдаушы «SCAT» авиакомпаниясы, Түрікменстан тарапынан «Туркменховаеллары» авиакомпаниясы болып табылады.

Екі мемлекет арасындағы әскери саладағы ынтымақтастық бірнеше келісімдер негізінде жүзеге асырылады: 2021 жылы 25 қазанда Түрікменстанда екі елдің үкіметтері арасында азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайларды ескерту және жою саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қорғаныс Министрлігі және Түрікменстанның қорғаныс Министрлігі арасында қорғаныс саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімге қол қойылды (Қазақстан мен Түрікменстан).

Басым бағыттардың бірі сонымен қатар агроөндірістік кешен болуы мүмкін. Түрікменстанның бау-бақша өндірісі және малшаруашылығы өнімдерінің өндірісі бойынша мүмкіндіктері жоғары. Осы тұрғыдан алып қарағанда Қазақстанның батыс аймақтарымен өзара тиімді ынтымақтастық ккпірін құру мүмкіндігі бар. Өз кезегінде Қазақстанның астық дақылдарын өсіру бойынша тәжірибесі бар, селекция, тұқым өндіру саласындағы интеграция үшін перспективалар ашылууда.

Екі ел де әлемдік, сонымен қатар аймақтық державалар да игеруге және тасымалдауға қызығушылығы бар көмірсутек ресурстарының үлкен қорларына, сондай-ақ маңызды транзиттік-транспорттық потенциалына ие.

Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы тауар айналымы 2022 жылды қаңтар-тамыз аралығында 286,0 млн. долларды құрады, бұл 2021 жылдың нақ осындай кезеңімен (120,6 млн. доллар) салыстырғанда 2,4 есе жоғары. Қазақстаннан Түрікменстанға экспорт 2022 жылдың қаңтар-тамыз аралығында 2,5 есе өсті және 211,1 млн. долларды құрады (Түрікмен нарығы, 2022).

Қазақстан мен Түрікменстанның мәдени-гуманитарлық ықпалдастықты одан әрі нығайту бойынша үлкен жоспарлары бар. Қазақстанда үлкен түрікмен диаспорасы өмір сүріп жатыр, Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметіне белсенді қатысатын Алматы қаласындағы Түрікмен мәдени-қоғамдық орталығы, түрікмендердің Маңғыстау, Қостанай және Қарағанды ұлттық-мәдени орталықтары жұмыс жасайды.

Түрікменстанның Қазақстандағы мәдени күндері 2008 және 2014 жылдары өтсе, ал Қазақстан Республикасының Түрікменстандағы мәдени күндері – 2009 және 2018 жылдары өткізілді.

Қазақстан астанасында орталық көшелердің бірі ұлы түрікмен ақыны Махтумкули есімімен аталған. 2021 жылы қазан айындағы Президент Қ.К.Тоқаевтың мемлекеттік сапары барысында Түрікменстан Президенті Г.М.Бердымухамедов Ашхабад қаласында екі халықтың жоғары адамгершілік рухани бағдарын, сондай-ақ елдер арасындағы достық пен ынтымақтастықты дамытуды бейнелейтін қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевқа ескерткіш орнатуды ұсынды.

Жыл сайын үлкен көлемде түрікмендік студенттер Алматы, Астана, Шымкент, Ақтау қалаларының жоғары оқу орындарынан

білім алады. Білім беру саласындағы жемісті ынтымақтастық пен тәжірибе алмасу қол қойылған екіжақты келісімдер негізінде біздің елдеріміздің жоғары оқу орындары тиімді жүзеге асырып келеді: қазақстандық тараптан әль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Назарбаев университеті және түрікмендік тараптан Махтумкули атындағы Түрікмен мемлекеттік университеті, Түрікменстан гуманитарлық ғылым және дамудың халықаралық университеті, Түрікменстан СІМ халықаралық қатынастар институты (Екіжақты қатынастар).

Сонымен, қорыта айтқанда, тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы қарым-қатынас достық және стратегиялық әріптестік рухында дамып келеді. Бүгінгі күні қазақстандық-түрікмендік қарым-қатынастар теңқұқылық және өзара құрметтілік принциптерінде өзара тиімді серіктестіктің барлық талаптарына жауап береді. Екіжақты күн тәртібінің барлық спектрлері бойынша ынтымақтастықты жүйелі кеңейту және тереңдету, сондай-ақ қалыптасқан қатынастарды одан да жоғары деңгейге одан әрі жеткізу үшін мүмкіндіктері бар. Біздің бауырлас халықтарымыз арасындағы тату көршілік ынтымақтастық дәстүрі мен достық қатынастар болашақта да қарқынды түрде кеңейіп, нығая түсетініне сеніміз мол.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- Екіжақты қатынастар. (н.д.). – URL: <https://www.gov.kz/>
- Казахстан – Туркменистан: к дальнейшему сближению братских народов. (2022, 17 октябрь). Казахстанская правда.
- Қазақстан мен Түркіменстан арасындағы қатынастар стратегиялық әріптестік сипатына ие болды. (н.д.). – URL: <https://dknews.kz/kz/alem-zhanalyktary/306709-kazakstan>
- Нурсултанова, Л.Н. (2010). Казахстанско-туркменское сотрудничество на современном этапе. Казахстан Спектр, 2010(3), 16–25.
- Тажибаев, А. (2022, 5 октябрь). Туркменистан – Казахстан: 30 лет добрососедства, доверия и взаимного уважения. Нейтральный Туркменистан.
- Түрікмен нарығы – қазақ кәсіпкерлері үшін үлкен мүмкіндік. (2022, 18 сәуір). Егемен Қазақстан.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ ПРИНЦИПТЕРІ

Белгілі заңгер Ганс Кельзен өзінің «Таза құқық теориясы» атты еңбегінде халықаралық сот төрелігіне қатысты қағидаттарды, халықаралық құқық нормаларын, құқықтың қайнар көздері ретінде бірнеше сатығы бөлді. Дәлірек айтатын болсақ үшке бөлді. Біріншісі халықаралық- құқықтық салт дәстүр ретінде қалыптасқан халықаралық жалпы құқық нормалары, әрине егер де бұл нормалар халықаралық шарттар немесе сол мемлекеттің заң актілерінде белгіленсе немесе көрсетілсе. Бұл нормаларды барлық мемлекеттер ұстанады, сол себептен Ганс Кельзен «*pacta sunt servanda*» яғни шарттар орындалуы тиіс принципін айрықша атап көрсетті, себебі ешбір мемлекет бұл принципсіз халықаралық құқықтың субъектісі ретінде танылмайды, екіншісі халықаралық құқық нормалары егер де олар халықаралық шарттар негізінде қалыптасқан жағдайда, осы шартқа қатысты мемлекеттерге ғана тиесілі болуы немесе халықаралық шартты түзген мемлекеттер үшін ғана міндеттелген болып саналуы.

Халықаралық құқық жүйесіндегі нормалардың соңғы үшінші деңгейі бұлар халықаралық Соттар немесе басқа да мемлекет органдарының халықаралық шарттар негізінде қалыптасқан нормалары. Жалпы кез келген халықаралық- құқықтық нормалар егер шарт негізінде пайда болса жалпы, кәдімгі халықаралық құқыққа негізделіп, сүйенеді. Г. Кельзеннің пікірінше құқық нормаларының негізі, сол мемлекеттің негізгі мүддесін көрсетеді. «*Pacta sunt servanda*» принципі халықаралық құқықтың императивті нормасы болып, кез келген өркениетті ұлттың жалпы принципі ретінде мойындалады. Мұнда осы принцип негізінде көптеген процессуальды нормалар ұлттық және халықаралық деңгейіндегі қабылданып, қолданылады. Жаһандану кезеңінде халықаралық қатынастардың дамуы және оларды реттеу халықаралық шарттар шеңберінде болып,

шарттың тараптарының құқықтары мен міндеттері заң формасы ретінде егжей – тегжейлі бекітілуі тиіс.

Халықаралық деңгейдегі реттеуді қажет ететін бір мәселе, сот өндірісі тәртібі, себебі халықаралық ұйымдардың резолюциясы, яғни қарарлары олардың халықаралық шарттарға, халықаралық құқықтық салт- дәстүрлерге тигізетін әсері өте үлкен. Өз кезегінде халықаралық шарттар және халықаралық ұйымдардың шешімдері сот органдарының ұғарымдарының әсері өте үлкен. Әсіресе адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселесіне, неменеге десеңіз адам құқықтары туралы мәселелер қалыптасуының ау- басында ақ БҰҰ, мемлекеттердің құқықтық тәртібі, мінез- құлық ережелері, халықаралық сот трибуналдары шешімдері, сияқты халықаралық институттардың еңбектерінің жемісі болып саналады. Осыған байланысты халықаралық сот органдарының шешімдері, ұғарымдары аса маңызды бола бастады. Халықаралық әскери трибуналдың қылмыскерлерге жауап тағайындау туралы шешімі, жалпы осы органдардың жарғысы басқа да халықаралық қылмыстық соттардың іс- әрекет етуіне зор ықпалын тигізді.

Халықаралық құқықтың нормаларын қатаң бұзған жеке тұлғаларға жаза қолдану қағидаты қалыптасты. Құқық теориясында, құқық нормаларын бұзған тұлғаларға санкция қолдану принципі бекітілді. Халықаралық Сот төрелігінің принциптері дегеніміз – бұл құқықтың негізгі түпнұсқа қалпы болып негізгі ірге тасы болып еспетелінеді. Мысалы әділеттілік принципін алатын болсақ жоғарыда біз айтып өткендей шешім шығару жалпы сот, тергеу амалдарының барлық кезеңдерінде негізгі бағдар шам болып, түпнұсқа ретінде басшылыққа алынады. Заңдылық принципін алатын болсақ әділеттілік принципінен жалпылама қабылданған принцип ретінде аумағы тарлау «*nulleum crimen sine lege*» осындай заң талабы болмаса қылмыс жоқ деген принцип заң бұндай іс- әрекетті қаратырмайды леп түсінсек те болады. Өркениетті ұлттар, мемлекеттердің жалпы принциптері де халықаралық сот төрелігінің принциптеріне негіз болуы мүмкін БҰҰ- ның Халықаралық сотының статутына сілтеме жасай отырып қарастыратын болсақ. Бұл жағдайлар әрине заң логикасына, заң техникасына сай халықаралық құқық принципінің өзгешелеу нормалары ретінде халықаралық- қылмыстық үрдісінің орталық негізі ретінде қабылдануы мүмкін. Құқықтың жалпы принциптерін

қылмыстық- үрдісте құқықты қолдану арқылы халықаралық құқықты дамытуға ресурс ретінде қабылдаған жөн. Себебі бұл принциптер әмбебап және негізгі іргетас ретінде мемлекеттердің жалпы әлемдік деңгейде, халықаралық тәртіп пен қауыпсіздікті қатамасыз етумәселесінде тигізетін пайдасы өте көп. Бұдан басқа құқықтық жалпы принциптері халықаралық сот төрелігін қамтамасыз етуде мемлекеттермен арақатынастарды нығайта түседі.

Халықаралық сот төрелігінде көп қолданылатын немесе басшылыққа алынатын принциптердің бірі халықаралық келіспеушіліктерді немесе дау дамаларды бейбіт жолмен шешу принципі. Мұнда келіспеушіліктерді сот арқылы немесе аралық соттарда, арбитраждарда іс көру кезінде халықаралық екі жақты немесе көп жақты шарттарды және дауларды бейбіт жолдармен реттеу туралы 1957 жылы қабылданған Еуропалық конвенция баптарын шарттарын негізге алған жөн. Осы және басқада жоғарыда айтылған пинциптер халықаралық құқықтың әрекет ету аясының мәнін ашып көрсетеді. Халықаралық қылмыстық соттың Рим статутында халықаралық сот төрелігі басшылыққа алатын бірнеше халықаралық стандарттар бекітілген 25 – бап. Жеке қылмыстық жауапкершілік, 66- бап. Кінәсіздік жорамалы, 29- бап. Қылмысқа ескіру мерзімін қолданбау, 27- бап. Лауазымдық жағдайына сілтеме жасамау немесе қарамау. Жалпы алғанда стандарттар немесе принциптер екеуінің айырмашылығы принциптер базалық- әмбебап жағдайға тәртіпке ие. Сот өз отырысында, іс- қарау кезінде алғашқы тәртіпте қалай түсіндірілсе солай қолдануы керек. Талдау кезінде жалпы белгіленген принциптер және мемлекеттердің қылмыстық үрдіс нормалары халықаралық сот шешімін қабылдауға әсерін тигізетіні сөзсіз. Қалай дегенмен принциптер мен нормалардың бір- біріне қарама қайшылығы болмауы тиіс.

Халықаралық сот өндірісі кезінде мемлекеттер дауларды бейбіт жолмен шешу үшін алынған міндетемелерін толық орындауы, халықаралық қылмыс жасағаны үшін жауапқа тарту, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау яғни халықаралық деңгейде құқықтарының қорғалуына кепілдік беру сияқты қажеттіліктерді өзара ынтымақтаса отырып шешуі керек. Халықаралық соттар өз- міндеттерін атқару барысында ұлттық соттардың принциптерін басшылыққа ала отырып та істерді көре алдады. Мысалы теңділік және әділеттілік принципін алатын

болсақ. Бұл принциптер көптеген мемлекеттердің негізгі заңдарында бекітілген. Теңділік принципін алатын болсақ әмбебап принцип болып қоғамдық арақатынастардың дамуына реттеушілік әсерін тигізеді. Барлық заңды және жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын тең яғни ешкімнің заң алдында басымдығы жоқ екенін көрсетеді. Әділдік принципі, бұл егер сот органдары халықаралық құқық нормаларын бұзып шешім қабылдаса, онда кез келген тарап өз азаматтық саяси құқықтары мен бостандықтарын пайдалана отырып жоғарғы тұрған сот инстанцияларына жүгінуіне мүмкіншілігінің болуы. Сот органдарының халықаралық және ұлттық заңдарды түсіндіру барысында тағы бір негізгі принципке тоқтап өтпеу мүмкін емес. Сотқа жүгінуге құқықтың болуы яғни сот төрелігіне қол жетімділіктің болуы. Бұл принципті халықаралық аспектіде басқа принциптерге ұқсап кететін адам құқықтарын қорғау мақсатындағы құқықтың болуы деп түсінсек болады. Басқа азаматтардың құқығын бұзып немесе таптай отырып келесі біреулерге артықшылықтар беруге болмайтындығы, мемлекет және заң адам құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруі керек. Сотқа жүгінуге құқықтарды шектеу бұл дискриминация болып есептелінеді.

Жалпы алғанда өз табиғатына қарай сот төрелігінің қағидаттары объективті және субъективті мәнге ие. Объективті белгісіне қарай сот төрелігі кез келген мемлекеттің даму жағдайын ерекшелігін көрсетеді. Субъективті себебі болса, жеке азаматтардың немесе лауазымды тұлғалардың құқықтық санасынан көрінеді. Сот төрелігінің қағидаттары өз мінездемесіне қарай жалпы мәнге ие, себебі сот органдарының ұйымдық құрылымын және іс- әрекетінің бағытында жалпылама басшылықты көрстеді. Өз мазмұнына сай әрбір принцип және оның барлық жүйесі басқа нормаларға қарағанда жалпы мәніне мінездемесіне ие. Осы принцип нормаларының негізінде басқа нормалар қалыптасады. Сот төрелігінің принциптері барлық лауазымды тұлғалар мен азаматтар үшін басшы тәртіптік ереже болып табылады. Құқық нормаларының коллизиялық жағдайы қалыптасқан кезеңдерде принцип- нормалары қолданылады. Құқықтық шығармашылықта заң шығарушылар осы принциптерді басшылыққа алады. Заңнамалық оққылықтар кезінде принциптер арқылы түсіндіріледі. Сот органдары өз диспозиалары өте ауыр қарама- қайшылыққа толы істерді қарау кезінде принциптерді

басшылыққа алады. Сот төрелігі принциптері нормативтік мәнге ие болып құқықты нормалар сияқты заң ретінде рәсімделеді. Жалпы құқықтық теорияда, сот төрелігінің қағидаттары бірнеше классификациялық бөлінуге ие.

1. Қайнар көзі ретінде:

- Халықаралық құқық актілерінде белгіленуіне сай.
- Конституцияда бекітілуіне орай.
- Арнайы сот өндірісі, сот іс жүргізуі заң актілерінде

белгіленуіне қарай.

2. Мазмұнына сай:

- Сот органдарының, сот істерін көріп сот билігін сипаттайтын кездерінде, принциптер ретінде.
- Судьялардың мәртебесін сипаттайтын принциптер ретінде.
- Азаматтардың сот төрелігіне қатысуы кезінде құқықтық ережелері принциптері ретінде.

3. Маңыздылығы бойынша:

- Негізгі басымдылығы.
- Арнайы құқықтық институт ретінде екінші реттік.
- Халықаралық- құқықтық сот төрелігінің принциптері негізінен: «Адам құқықтары жөніндегі Жалпы Декларацияда» және «Жалпы адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенция» сияқты өте маңызды құжаттарда белгіленген.

«Жалпы адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенция» ның 5 бабына сәйкес ешкім де сот шешімінің ұйғарымынынсыз бостандығынан шектелмеуі тиіс. Тұлға тек қана егерде, оны Сот кінәлі деп таныған кезде оны заңды түрде қамауда ұстауға болады; Жалпы декларацияның 5-бабында ешкімді азаптауға немесе қатыгез, адамгершілікке жатпайтын жалпы қадір-қасиетін қорлайтын іс-әрекетерді қолданбауға немесе заңсыз жазаға тартпау керектігін белгілейді.

- Құзыретті сот органдарының алдына егер де тұлға құқық бұзушылық жасады деген негізделген күдік болған кезде ғана шығуы немесе оның тағы бір қылмыс жасауына жол бермеу немесе ол қылмыс жасалғаннан кейін оның тәртіп анықтау істеріне қашып кету арқылы кедергі келтіруі мүмкін деп пайымдауға негіз болған жағдайда ғана адамды заңды қамауға алу немесе ұстау ережелерін белгіленуі. Осы екі тәртіп тікелей Сот төрелігінің іс- қарау кезінде қолданылатын принциптері болып табылады, бұл екеуінен басқада принциптер өте маңызды

дегенмен сот іс- көру тәртібінде осы принциптерді қатаң сақтауы тиіс болып есептелінеді.

Қорыта келе біз жоғарыда айтып кеткеніміздей, бүгінгі таңдағы жаһандану жағдайында, саясий, әлеуметтік-экономикалық келіспеушіліктер-дің дау-дамайлардың ықтималды болуы, ал оларды сот төрелігін атқарушы органдар немесе тұлғаларадал ниетпен, іс көру барысында, дұрыс пікірді қалыптастырып, әділ шешім қабылдау және халықаралық сот ұйымдарының өз үрдісін жүзеге асыру кезінде, халықаралық қағидаттардың, ұстанымдардың жоғары тұруы, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың кепілдігі ретінде қалыптасуы әбден мүмкін. Бүгінгі таңда бүкіл әлемді саяси тұрақтылық алаңдатып отыр, осыған байланысты халықаралық ұйымдардың шешімдері, ұйғарымдары халықаралық шарттардың орындалуы өзекті мәселе, ендеше халықаралық ұстанымдардың ролы, қағидаттардың сақталуы да ең керекті қажеттілік болып табылады екен.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

Всеобщая декларация прав человека и Европейская конвенция о защите прав человека и основных свобод. (1948, 10 декабря; 1950, 4 ноября). Генеральная Ассамблея Организации Объединенных Наций.

Международно-правовые принципы правосудия. (1996). Федеральный конституционный закон РФ «О судебной системе Российской Федерации» от 31 декабря 1996 года.

Статут Международного уголовного суда. (1998). Текст Римского статута, распространенного в качестве документа А/CONF. 183/9 от 17 июля 1998 года с изменениями на основе протоколов от 10 ноября 1998 года, 12 июля 1999 года, 30 ноября 1999 года, 8 мая 2000 года, 17 января 2001 года и 16 января 2002 года. Статут вступил в силу 1 июля 2002 года.

Kelsen, H. (1989). Pure Theory of Law. Gloucester, MA.

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІ: ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ МЫСАЛЫНДА

Кіріспе

Білімге деген ұмтылыс бұрыннан қоғамдық прогресс пен жеке дамудың негізі ретінде танылған. Уақыт өткен сайын өзара байланысты және жаһанданған әлемде білім беру динамикасы айтарлықтай дамыды, адамзатқа қолжетімді білім көздері ұлттық шекаралардан асып қана қоймай, халықаралық ынтымақтастыққа терең ықпал етті. Білім берудегі бұл трансформация трансшекаралық білім беру, яғни студенттер мен оқу орындарына географиялық шекараларды еңсеруге және жаһандық ауқымда білім беру ресурстары мен мүмкіндіктеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін білім беру парадигмасының пайда болуына әкелді.

2001 жылы Лиссабон конвенциясында ратификацияланған трансұлттық білім берудің оң тәжірибе кодексі трансұлттық білім беруді "студенттер жоғары білім беретін оқу орнынан басқа елде болатын жоғары білім беру қызметтері, білім берудің барлық оқу бағдарламалары немесе оқу курстарының жиынтығы деп анықтады. Мұндай бағдарламалар олар әрекет ететін мемлекеттен басқа мемлекеттің білім беру жүйесіне тиесілі болуы мүмкін немесе қандай да бір ұлттық жүйеге тәуелсіз әрекет етуі мүмкін" (Peter Ling, 2017).

Халықаралық ынтымақтастық, онлайн платформалар және серіктестіктер жиі ықпал ететін трансшекаралық білім беру студенттерге ұлттық шекарадан тыс жоғары білімге қол жеткізудің жаңа мүмкіндіктерін ашты. Алайда, бұл құбылыс нарықтық күштер академиялық институттардағы шешім қабылдау процестерін басқаратын жоғары білім беруді коммерцияландырудың өсуі мәселесіне алаңдаушылық туғызды (Knight, 2018). Бұл коммерциялық мекемелерді кеңейту, табыс табуға баса назар аудару, білімді коммерцияландыру және білім беру мекемелерін нарықта сұранысқа ие өнімдер ретінде брендтеу сияқты әртүрлі әрекеттерді қамтитын көп қырлы

тұжырымдама. Бұл құбылыс тек бір елмен ғана шектелмейді, бірақ факторлардың жиынтығынан туындаған жаһандық үрдіс болып табылады.

Барған сайын өзара байланысты және жаһанданған әлемде тұрақты дамуға қол жеткізудегі білімнің рөлін асыра бағалау қиын. Экономикалық өсу, әлеуметтік әділеттілік және қоршаған ортаны қорғау арасындағы тепе-теңдікпен сипатталатын тұрақты даму бүкіл әлемдегі мемлекеттердің басты алаңдаушылығына айналды. Көбінесе халықаралық білім немесе жаһандық оқыту деп аталатын трансшекаралық білім тұрақты даму мақсаттарына жетуде шешуші рөл атқарады.

Трансшекаралық білім жеке тұлғаларға өз елдерінде қол жетімді болмауы мүмкін әртүрлі және жоғары сапалы білім беру мүмкіндіктеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Білімге мұндай кеңейтілген қол жетімділік тұрақты дамудың әлеуметтік компонентіне үлес қосу арқылы білім алшақтығын жоюға және теңсіздікті азайтуға көмектеседі. Әр түрлі ортадан шыққан адамдарға бір-бірінен үйренуге және дағдылар мен білім алуға мүмкіндік беру арқылы трансшекаралық білім неғұрлым инклюзивті және әділ қоғам құруға, жаһандық білім беру білімнің берілуіне және экономикалық өсу мен даму үшін қажетті әлеуетті арттыруға ықпал етеді. Әр түрлі елдерден келген адамдар идеялармен алмасып, жобаларда ынтымақтасып, халықаралық институттардан білім алған кезде, бұл олардың жаһандық мәселелерді шешу қабілетін арттырады. Мұндай трансұлттық білім алмасу тұрақты дамудың экономикалық аспектісін қолдай отырып, инновациялар мен технологияларды беруді ынталандыру үшін өте маңызды.

Теориялық негіздеме

Жалпы трансшекаралық білім берудің бүгінгі таңда даму перспективаларымен қатар, бірқатар мәселелермен бетпе-бет келуін атап өту маңызды. Мемлекет шекарасынан асып, жаһандық экономиканың тәуелсіз айналымына бөлек нарық түрінде еніп жатқан білімнің өзекті даму аспектілерін қарастыру мақсатында Орталық Азия елдері талдау және бақылау нысаны ретінде қарастырылады.

Орталық Азия, мәдени әртүрлілігі мен табиғи әлеуеті зор аймақ, соңғы екі онжылдықта экономикалық даму мен саяси өзгерістер тұрғысынан айтарлықтай өзгерістерге ұшырады.

Еуропа мен Азияның түйіскен жерінде орналасқан Орталық Азия елдері соңғы онжылдықтарда өздерінің білім беру жүйелеріндегі елеулі өзгерістердің куәсі болды. 1991 жылы Кеңес Одағының ыдырауы осы елдер үшін жаңа дәуірдің басталуын белгіледі, нәтижесінде болашаққа ұмтылысы айқын тәуелсіз мемлекеттер пайда болды. Осы тұрғыда аймақ елдеріндегі білім беру жүйелері қазіргі әлемнің талаптарына бейімделу үшін елеулі реформалар мен инновациялардан өтті. Бұл өзгерістер отандық білім беру үдерісіне әсер етіп қана қоймай, трансшекаралық білім беру саласында мүмкіндіктер мен мәселелер туғызды.

Осы трансформациялық құбылыстың әртүрлі аспектілеріне жарық түсіру мақсатында Орталық Азия елдеріндегі трансшекаралық білім беру үдерісін жан-жақты талдау маңызды. Трансшекаралық білім беру ынтымақтастығының себептерін, механизмдерін және салдарын қарастыра отырып, аймақтағы трансшекаралық білім берудің ағымдағы жағдайын терең түсінуге бағытталған.

Трансшекаралық білім беру үдерісінің ауқымында қазіргі таңда білім беру саласын жеке әрі тиімді нарық ретінде қарастыру, студенттерге білім беру тұтынушылары ретінде қарау, жоғары білім саласында мемлекеттік реттеуді азайту сынды тенденциялар мен трендтер либералистік және неолибералистік парадигмалар ауқымында халықаралық білім беру нарығы және жаһандану теориясының аясында жүзеге асады (Peter Ling, 2017).

Пікірсапан

Баяндама бастапқы және қайталама деректер көздерінің жиынтығына негізделген.

Сандық деректер жоғары білім көрсеткіштері мен экономикалық даму нәтижелері арасындағы байланысты өлшеу үшін статистикалық әдістерді қолдану арқылы талданады. Орталық Азиядағы жоғары біліммен байланысты саясатты, проблемалар мен мүмкіндіктерді зерттеу үшін сапалы деректер тақырыптық түрде талданатын болады.

Жоғары білім Орталық Азияның төрт елінде – Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстанда экономикалық дамудың шешуші факторы ретінде қарастырылады.

Аталған мемлекеттердің ұлттық даму стратегияларының мазмұнында білім беру мен адами потенциалдың бағалануы жоғарыда айтылған тезиске дәлел бола алады. Дәлірек тоқталатын болсақ, жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған Қазақстан Республикасының "Қазақстан-2050" стратегиясы (Maudarbekova, 2014); басты мақсаты адам әлеуетін дамыту болып табылатын Қырғыз Республикасының Ұлттық Даму стратегиясы; жоғары білімді оқушыларды еңбек нарығына шығуға даярлау құралы ретінде қарастыратын Тәжікстан Республикасының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған ұлттық даму стратегиясы; Өзбекстанды дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл стратегиясы, ол басқа реформалармен қатар оқушылардың 90%-на жұмыспен қамту деңгейін арттыру үшін кәсіптік-техникалық білім беруге жіберуді көздейді, сонымен бірге экономиканы модернизациялау мен жаңғыртуға жәрдемдеседі.

Аймақтағы жоғары біліммен қамтудың жалпы коэффициенттері Қазақстанда 62% – дан Қырғызстанда 41% – ға дейін, Тәжікстанда 31% – ға дейін және Өзбекстанда 10% – ға дейін (Bogatyreva, 2020).

Орталық Азия мемлекеттері тәуелсіздік алғаннан кейін білім беру саласында орын алған жаңа бағдар жоғары білімнің интернационалдандыру, яғни трансшекаралық білім беру үдерістерінің кең етек алуын көздеді. Осы салада әр мемлекеттің білім беру жүйесі қаншалықты өз елінің шекарасынан шығып, жаһанданған жоғары білім нарығының ойыншысы атана алғандығына жеке тоқталып кету маңызды.

1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан, барлық посткеңестік елдер сияқты, өзінің барлық қызметінде реформаларға мұқтаж болды. Бұл үшін жоғары білікті кадрлар қажет болды, олар одан әрі реформалар жүргізіп, әлемдік аренада елдің атынан лайықты өкілдік етуі керек еді. 1993 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен "Болашақ" халықаралық стипендиясы құрылды. Бұл Қазақстанның дарынды жастарына шетелде оқуға мүмкіндік берді. "Болашақ" президенттік стипендиясы жоғары білім беруді интернационалдандырудағы алғашқы қадам болды (Maudarbekova, 2014).

2010 жылы Қазақстан Республикасының Болон процесіне қосылуы, Болон процесінің 47-ші толыққанды қатысушысы бола

отырып, елдің жоғары білім беруінің интернационализациясы мен интеграциясындағы маңызды оқиға болды.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде қысқа уақытқа байланысты білім беру саясатындағы үрдістер туралы түпкілікті қорытынды жасауға болмайды. 2010 жылы Болон процесіне қосылу жоғары білім беру және интернационалдандыру саясатындағы өзгерістерге негіз болды. Жалпы саяси мақсаттар ЕО-ның жоғары біліміне ұқсас болғанымен, қысқа мерзімге байланысты құрылымдар мен процестерде конвергенция немесе алшақтық орын алатыны белгісіз.

Өзбекстанда интернационалдандыру жоғары білім беру жүйесін реформалауда, шетелде оқытуды қолдауда және үкіметтік емес ұйымдар мен қорлар арқылы дамыған елдермен ынтымақтастықта көрінеді. "УМИД" қоры АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция, Жапония, Канада және Италияның беделді оқу орындарында білім алу үшін мүмкіндіктер жасай отырып, шетелдік университеттерде талантты студенттерді оқытуды одан әрі қолдайды. Соңғы екі онжылдықта Өзбекстанда барлығы 21 шетелдік жоғары оқу орны құрылды (Uralov, 2020).

Қырғызстанның көптеген жоғары оқу орындары халықаралық қызметке тартылған, бірақ бұл, әдетте, интернационалдандырудың ең қарапайым деңгейі. Жоғары деңгейде жоғары білім беруді интернационалдандыру халықаралық компонентті жоғары оқу орындарын оқытуға, зерттеуге және қоғамдық қызметке жүйелі интеграциялау процесі ретінде қарастырылуы мүмкін.

15 жылдан астам уақыт бойы қырғыз ұлттық университеті мен Пьер Мендес Франс университеті (Гренобль, Франция) арасында студенттер мен оқытушылар алмасу бағдарламасы болды. Халықаралық білім беру бағдарламалары алмасу процесін ынталандырады. Бізге ең танымал бағдарламалар – еуропалық бағдарламалар. Алдымен "Эразмус Мундус" (1987 жылы Еуропада ортақ нарықты құруға ықпал ету мақсатында басталған), содан кейін (1995 жылдан бастап) "Сократ". "Эразмус Мундус" бағдарламасы және "Комета", "Лингва" және т.б. сияқты ұтқырлық схемалары жоғары білімнің еуропалық моделін құруды мақсат етті (Sabzalieva, 2015). Осы бағдарламалардың арқасында студенттермен алмасу мамандар мен білікті жұмысшылардың жалпыеуропалық нарығын дамытудың қуатты құралы ретінде қарастырылады. Он екі жылдан астам уақыт бойы

Қырғызстанның жоғары оқу орындары Ерасмус Мундус бағдарламаларына қатысуға мүмкіндік алды және Қырғызстанның жоғары оқу орындарынан 200-ден астам студент жетекші еуропалық университеттерде білім алуға мүмкіндік алды (Sabzalieva, 2015).

Кесте 1 – Орталық Азия мемлекеттеріндегі келуші және кетуші студенттердің саны

	Келуші студенттер саны				Кетуші студенттердің саны			
	2019	2020	2021	2022	2019	2020	2021	2022
Қазақстан	22 728	40 742	-	-	89 347	90 338	91 860	-
Қырғызстан	19 626	36 596	61 418	80 701	13 027	13 345	13 757	-
Өзбекстан	-	-	4 219	5 503	52 820	86 248	109 945	-
Тәжікстан	-	-	-	-	27 582	27 931	27 459	-
Түркменстан	175	153	125	69	63 622	68 267	69 519	-
Ескерту* – автор дереккөздер негізінде жасаған (UNESCO Institute of Statistics)								

Берілген статистикаға сүйене отырып, біз белгілі тұжырымдарды жасай аламыз және кейбір тенденцияларды анықтай аламыз.

Қазақстанға келетін студенттер саны 2019 жылдан бастап (22 728) 2020 жылға дейін (40 742) айтарлықтай секіріспен тұрақты өсуде. Қазақстанға оқуға кететін студенттер саны көптеген жылдар бойы салыстырмалы түрде тұрақты болып келді. Қырғызстанда 2019 жылдан бастап (19 626) 2022 жылға дейін (80 701) айтарлықтай өсумен оқуға келетін студенттер санының тұрақты өсуі байқалады. Қырғызстанға оқуға кететін студенттер саны да өсті, бірақ баяу қарқынмен. Өзбекстан деректері 2021 және 2022 жылдармен шектелген және олар осы жылдар ішінде оқуға келетін студенттер санының шамалы өскенін көрсетеді. Өзбекстаннан оқуға кететін студенттер саны үнемі өсіп келеді. Тәжікстанға келген студенттер туралы мәліметтер берілмеген, бұл осы аспект туралы қорытынды жасауды қиындатады.


Тәжікстаннан оқуға кететін студенттердің саны жылдар бойы салыстырмалы түрде тұрақты болды. Түркіменстанға келетін студенттер саны 2019 жылдан (175) 2022 жылға дейін (69) тұрақты түрде төмендеді. Осы кезеңде Түркіменстаннан оқуға кететін студенттер саны да азайды.

Тұтастай алғанда, аймақтың бірнеше елдерінде оқуға келетін студенттер санының артуы байқалады, бұл осы елдерде білімге деген қызығушылықтың артуын көрсетуі мүмкін. Дегенмен, деректер сонымен қатар экономикалық жағдайлар, саяси тұрақтылық және білім алу мүмкіндіктерінің болуы сияқты әртүрлі факторлар әсер етуі мүмкін оқуға кететін студенттер санындағы айырмашылықтарды көрсетеді. Тәжікстаннан келген студенттер туралы деректердің болмауы бұл елдегі үрдістерді талдауды қиындатады.

Ұсынылған статистикалық деректерге сүйене отырып, Орталық Азия елдері трансұлттық жоғары оқу орындары үшін барған сайын тартымды бағыттарға айналып келе жатқаны анық. Әр түрлі елдерден осындай оқу орындарының болуы жоғары білім саласындағы жаһандық серіктестіктер мен интернационаландыру жөніндегі күш-жігердің өсіп келе жатқан тенденциясын көрсетеді.

Қазіргі уақытта Орталық Азия елдері әлемнің түкпір-түкпірінен көптеген трансұлттық институттарды, соның ішінде Ресей, Америка Құрама Штаттары және Ұлыбритания сияқты ірі білім беру орталықтарын, сондай-ақ Оңтүстік Корея мен Түркия сияқты жаңа ойыншыларды қабылдайды. Халықаралық қатысудағы мұндай әртүрлілік аймаққа деген жаһандық қызығушылықты көрсетеді. Бұл үрдіс Орталық Азияның аймақтық жоғары білім беру орталығы ретінде дамып келе жатқанын көрсетеді. Америка Құрама Штаттары мен Ұлыбритания сияқты күшті білім беру жүйелерімен танымал елдердің оқу орындарының болуы Орталық Азия елдерінде қолжетімді білім сапасын жақсартуға күш салуды білдіреді. Бұл жергілікті студенттердің кәсіби және академиялық дамуына ықпал етуі мүмкін.

Трансұлттық жоғары білім беру институттары



Сурет 1 – Орталық Азия елдерінен студенттер қабылдау дәрежесі

Ескерту – автор дереккөздер негізінде жасаған (UNESCO Institute of Statistics)

Қорытынды

Қорытындылай келе, Орталық Азия елдеріндегі трансшекаралық білім беру процесін жан-жақты салыстырмалы зерттеу бірнеше негізгі тұжырымдарға жарық түсірді. Бұл зерттеу Орталық Азиядағы трансшекаралық білім беру аймақтың білім беру және әлеуметтік-экономикалық ландшафтына айтарлықтай әсер ететін көп қырлы және дамып келе жатқан құбылыс екенін көрсетті.

Біріншіден, зерттеу Орталық Азиядағы трансшекаралық білім берудің әртүрлі тәсілдерін көрсетті. Қазақстан мен Қырғызстан сияқты кейбір елдер халықаралық серіктестіктер мен ынтымақтастықты белсенді түрде қолданса, Түркіменстан мен Өзбекстан сияқты басқа елдер жабық көзқарасты ұстанады. Бұл әртүрлілік аймақтағы күрделі геосаяси және тарихи факторларды көрсетеді.

Нәтижелер сонымен қатар Орталық Азиядағы трансшекаралық білім беру саласында деректер жинау мен зерттеулерді жақсарту қажеттігін көрсетеді. Жан-жақты және стандартталған деректердің болмауы бұл бағдарламалардың студенттерге, оқу орындарына және аймақтың дамуына шынайы әсерін бағалауды қиындатады.

Орталық Азиядағы трансшекаралық білім беруді салыстырмалы зерттеу аймақтағы білім беру ландшафтының күрделілігі мен әртүрлілігін көрсетті. Бұл әр елдің бірегей жағдайларын, сондай-ақ аймақтық ынтымақтастықты кеңейту әлеуетін ескеретін ойластырылған саясаттың маңыздылығын көрсетеді. Бұл зерттеу Орталық Азиядағы білім беруді кеңірек түсінуге ықпал етеді және осы маңызды салада Болашақ зерттеулер мен саясатты әзірлеуге негіз береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

Bogatyreva, O. N., Shukusheva, E. V. (2020). Implementation of European Educational Programs in Context of Kazakhstan's Policy in Field of Higher Education (1995—2018). *Nauchnyi dialog*, 5: 376-392.

Knight, De Wit (2018). Internationalization of higher education. Past and future. *Journal of International higher education*, p. 2.

Maudarbekova, B. & Kashkinbayeva, Z. (2014). Internationalization of higher education in Kazakhstan. *Procedia-Social and Behavioral Sciences*, 116, 4092-4097.

Peter Ling (2017). Transnational Education Research and Development: Paradigm Possibilities. *Methods and Paradigms in Education Research*, pp. 220-234.

Sabzalieva, E. (2015). Challenges in contemporary education in Kyrgyzstan, Central Asia. *Perspectives, Policy and Practice in Higher Education*, 19, 49–55.

Uralov, O. Sh. (2020). Internationalization of higher education in Uzbekistan. *Social Sciences & Humanities Open*, vol. 2, issue 1.

UNESCO Institute of Statistics (2023). Global flow of tertiary-level students. <http://uis.unesco.org/en/uis-student-flow>

ХАЛЫҚТЫҚ ДИПЛОМАТИЯ ҰҒЫМЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Халықтық дипломатия – бұл мемлекеттік дипломатияның ресми арналарын айналып өтіп, адамдар арасындағы тікелей қарым-қатынас пен өзара әрекеттесуге негізделген сыртқы қатынастардың бір түрі. Бұл термин қарапайым азаматтардың халықаралық түсіністікті, ынтымақтастықты және қақтығыстарды шешудегі рөлін көрсетеді.

Халықтық дипломатия мәдени алмасу, спорттық іс-шаралар, білім беру бағдарламалары, туризм, жастар бастамалары және азаматтар мен үкіметтік емес ұйымдар деңгейінде болатын халықаралық өзара іс-қимылдың басқа түрлері сияқты алмасу мен өзара іс-қимылдың әртүрлі нысандарын қамтиды. Дипломатияның бұл түрі әртүрлі мәдениеттер мен ұлттардың адамдары арасында түсіністік пен сенім көпірлерін құруға бағытталған.

Елдер арасындағы қатынастар тұрғысынан халықтық дипломатия халықаралық шиеленістерді азайтуға, достық байланыстарды нығайтуға және басқа елдердің азаматтарының алдында елдің оң имиджін қалыптастыруға ықпал етуі мүмкін.

Сонымен қатар, халықтық дипломатияны қарапайым адамдардың, азаматтық қоғамның және үкіметтік емес ұйымдардың қатысуы халықаралық қақтығыстарды шешуде, халықтар арасындағы сенімді қалыптастыруда және халықаралық ынтымақтастықты нығайтуда шешуші рөл атқаруы мүмкін деген идеяға негізделген тұжырымдама деп негіздей аламыз (Nye, 2002).

Халықаралық қатынастардағы халықтық дипломатияның маңыздылығын келесідей сипаттауға болады. Ең алдымен, сенім құру. Халықтық дипломатия әртүрлі елдердегі адамдар арасындағы тікелей байланыс пен өзара іс-қимыл арқылы мемлекеттер мен халықтар арасындағы өзара сенімді орнатуға және нығайтуға ықпал ете алады. Сонымен бірге, мәдени түсінуді ілгерілетуде

маңызды орынға ие. Ол мәдени құндылықтар, идеялар мен дәстүрлер алмасуға ықпал етеді, бұл халықтар арасындағы жақсы түсіністікке ықпал етеді. Және де азаматтық қоғамның халықаралық мәселелерге қатысуында айрықша маңызға ие. Халықтық дипломатия азаматтық қоғамға өз мүдделері мен көзқарастарын білдіре отырып, халықаралық саясат пен қауіпсіздік мәселелеріне белсенді қатысуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, қақтығыстарды шешу және бейбітшілікті құру. Ол бейбіт шешімдер іздеуге және шиеленісті азайтуға ықпал ететін қақтығысушы тараптар арасындағы диалог пен өзара әрекеттесуді ынталандыруы мүмкін. Жаһандық мақсаттарды қолдау. Халықтық дипломатия климаттың өзгеруімен күресу, кедейлікпен күресу, адам құқықтарын қамтамасыз ету және т.б. салалардағы халықаралық ынтымақтастықты арттыруға көмектеседі. Үкіметтің іс-әрекетін бақылау (Абашидзе, 2022). Ол азаматтарға өз пікірлерін білдіруге және үкіметтердің іс-әрекеттерін бағалауға мүмкіндік бере отырып, мемлекеттік құрылымдардың іс-әрекетін бақылау құралы бола алады.

Жалпы, халықтық дипломатия қоғам азаматтарының мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, неғұрлым ашық, демократиялық және гуманитарлық халықаралық қатынастарды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Жаһандық проблемалар мен қиындықтар ұжымдық шешімдер мен ынтымақтастықты қажет ететін қазіргі әлемде халықтық дипломатия ұғымы халықаралық қатынастарда маңызды бола түсуде. Халықтық дипломатия-бұл әртүрлі елдердің азаматтары арасындағы диалог, өзара түсіністік және ынтымақтастық қағидаттарына негізделген сыртқы саясатқа және халықаралық өзара іс-қимылға қоғамдық Қатысу нысаны. Бұл эсседе біз қазіргі әлемдегі халықтық дипломатияның маңыздылығын және оның халықаралық қатынастардың қалыптасуына әсерін қарастырамыз.

Біріншіден, халықтық дипломатия халықаралық сенім мен түсіністікті нығайтуға ықпал етеді. Ол стереотиптер мен алалаушылықтардың жойылуына ықпал ететін әртүрлі мәдениеттердің, халықтардың және қоғамдық топтардың өкілдері арасындағы тікелей байланысты қамтамасыз етеді. Мәдени құндылықтармен, идеялармен және дәстүрлермен алмасу арқылы халықтық дипломатия халықтар арасындағы өзара сыйластық пен түсіністік үшін негіз жасайды, бұл мемлекеттер арасындағы

ұзақ мерзімді әріптестік қатынастарды қалыптастырудың негізгі факторы болып табылады.

Екіншіден, халықтық дипломатия халықаралық қақтығыстарды шешуге және бейбітшілік орнатуға ықпал етеді. Азаматтық қоғамның қақтығыстарды бейбіт жолмен шешу процестеріне қатысуы Тараптар арасындағы сенім мен ынтымақтастықтың дамуына, сондай-ақ компаға келу мен өзара тиімді шешімдерді іздеуге әкелуі мүмкін. Халықтық дипломатия жанжалдарды шешуде делдалдар мен диалог агенттері ретінде әрекет ете алатын азаматтық бастамаларды, бейбіт қозғалыстар мен ұйымдарды белсенді түрде тартады (Светлов, 2001)].

Үшіншіден, халықтық дипломатия климаттың өзгеруіне, кедейлікке және адам құқықтарының бұзылуына қарсы күрес сияқты жаһандық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуді қолдайды. Азаматтық ұйымдар мен белсенділердің желілері арқылы халықтық дипломатия ұжымдық іс-қимыл мен ынтымақтастықты қажет ететін маңызды мәселелерді шешуге күш пен ресурстарды жұмылдырады.

Маңызды мәселе халықтық дипломатия мен қоғамдық дипломатия ұғымдарының айырмашылығы. Халықтық дипломатия мен қоғамдық дипломатия екі түрлі ұғымды білдіреді, бірақ олардың кейбір ортақ белгілері болуы мүмкін. Олардың арасындағы негізгі айырмашылықтарды қарастыра кетсек. Халықтық дипломатия қарапайым азаматтардың халықаралық қатынастарға қатысуына бағытталған. Мақсат-әртүрлі мәдениеттер, ұлттар мен діндер арасындағы байланыстарды, түсіністік пен ынтымақтастықты құру. Азаматтық қоғамды, үкіметтік емес ұйымдарды және басқа да саяси емес факторларды қамтиды. Ал, қоғамдық дипломатия әлемдік қоғамда елдің имиджін қалыптастыруға бағытталған. Оның мақсаты-әлемдік аренада ел туралы қоғамдық пікірді басқару. Әдетте, мемлекеттік дипломатияны үкіметтік құрылымдар жүзеге асырады және бұқаралық ақпарат құралдарына, қоғамға және халықаралық қауымдастықтарға бағытталған.

Халықтық дипломатия мәдени делегациялармен, студенттік алмасулармен, Мәдени іс-шаралармен, волонтерлік қызметпен және қоғамдық өзара әрекеттесудің басқа түрлерімен алмасуды қамтиды. Қоғамдық дипломатия ел туралы қоғамдық пікір қалыптастыру үшін бұқаралық ақпарат құралдарын, ресми мәлімдемелерді, жоғары лауазымды тұлғалардың көпшілік

алдында сөйлеген сөздерін және басқа құралдарды пайдаланады. Халықтық дипломатия үкіметтік емес салада жұмыс істейтін азаматтар мен азаматтық ұйымдарды қамтиды. Қоғамдық дипломатия мемлекеттік құрылымдарды, дипломатиялық қызметтерді және басқа да ресми институттарды қамтиды.

Халықтық дипломатия басты назар өзара түсіністікті жақсартуға, мәдени байланыстарды кеңейтуге және адамдар арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған. Қоғамдық дипломатия елдің қолайлы имиджін қалыптастыруға, әлемдік қоғамдастық тарапынан сенімді қолдауға және сыртқы саясатты қолдауды қамтамасыз етуге бағытталған (Sheffer, 1986).

Дипломатияның бұл екі түрі өзара әрекеттесіп, бірін-бірі толықтыра алатындығын, халықаралық қатынастарға жан-жақты және тиімді тәсіл жасай алатындығын атап өткен жөн.

Қорытындылай келе, халықаралық қатынастардағы халықтық дипломатияның маңыздылығын жаһандық ынтымақтастықты нығайтудың, шиеленісті азайтудың және жаһандық мәселелерді шешудің маңызды факторы ретінде тану қажет. Халықаралық аренада азаматтық ұйымдар мен топтардың қоғамдық қатысуы мен белсенді өзара іс-қимылын қолдау барлық халықтардың мүдделері мен қажеттіліктері ескерілетін және қорғалатын неғұрлым әділ, бейбіт және орнықты әлем құруға ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

Абашидзе, А. Х., Урсин, Д. А. (2002). Неправительственные организации: международно-правовые аспекты. Москва, 2002. С. 123.

Светлов, В. А. (2001). Аналитика конфликта: Учебное пособие для студентов ВУЗов. Санкт-Петербург: Росток. 511 с.

Nye, J. (2002). *Soft Power: The Means for Success in World Politics*. New York: Public Affairs.

Sheffer, G. (1986). A New Field of Study: Modern Diasporas in International Politics. In *Modern Diasporas in International Politics* (pp. 1-15). Лондон.

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Кіріспе

Әлемдік аренада болып жатқан негізгі өзгерістер мемлекеттердің экономикалары арасындағы өзара байланыс пен динамика деңгейінің жоғарылауымен қатар, көптеген даму кезеңдерін бастан өткеретін әлемдік экономиканың жаһандануымен байланысты орын алып жатыр. Көпжақты байланыстардан бөлек екіжақты байланыстардың ара салмағы көбейе бастады, екі мемлекеттердің арасындағы экономикалық байланыстар арқылы мемлекеттердің мүдделері мен жұмсақ күш стратегияларын қалай жүзеге асыратындығын, үшінші тараптардың әрекеттері немесе ұмтылыстарын байқай аламыз. Екіжақты экономикалық байланыстардың үлгісі ретінде Қазақстан мен Түркия мемлекеттерінің экономикалық байланысын зерттеу қазіргі таңда өте өзекті.

Қазақстан Түркия үшін үлкен қызығушылық тудыратыны сөзсіз. Көптеген сарапшылардың көзқарасы бойынша, Түркияның Қазақстанға және Орталық Азияның басқа мемлекеттеріне назар аударуы негізінен түркі халықтарымен тілдік және мәдени-тарихи туыстықпен, сондай-ақ саяси және экономикалық прагматизммен түсіндіріледі (Воробьев, 2022) Орталық Азия мемлекеттері тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жаңа экономикалық қауіптерге тап болды және олармен күресте сыртқы күштердің инвестицияларына тәуелді болды. Дегенмен, мүдделердің тоғыспауы мен қарама-қайшылығы көптеген сәттерде кедергі келтірді. Мәселен, саяси себептерге сәйкес Өзбекстан мен Түркия арасындағы теке-тірес жаңа бастамаларға қол жеткізуге кедергі келтірді, тек Мирзиевтың билікке келуімен жағдай салыстырмалы түрде реттеле бастады. Ал Қазақстан мен Түркияның арасындағы жағдай мүлдем басқаша еді. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап алғаш болып мойындаған мемлекеттердің бірі Түркия болды. Сол уақытта Қазақстан өзінің саяси бағытын қалыптастарды, плюрализм мен

көпвекторлы саясат Түркия үшін қолайлы әрі оң нәтиже беретін стратегия болып есептелінді, сондай-ақ пайдалы қазбаларға және шикізатқа бай біздің еліміздің қоры түркі бизнесіне жаңа мүмкіндік ретінде қаралды (Kazakistan-Türkiye). Түркия мен оның Закавказье мен Орталық Азиядағы достас түркі республикалары арқылы өтетін Шығыс-Батыс көлік арналары түрік билігін қызықтырады. Ұзақ мерзімді келешекте бұл бізге саяси және экономикалық ынтымақтастықтың пантүркілік аймағын құру мәселесін талқылауға мүмкіндік береді және Түркияның геосаяси салмағын арттыруы мүмкін.

Пікірсарап

Түркия мен Қазақстан арасындағы экономикалық қарым-қатынастардың бастауы негізінен экономикалық және техникалық ынтымақтастық, инвестицияларды өзара ынталандыру және қорғау және табысқа қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісімдерге негізделген. Сонымен қатар, жеке секторлар арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін Түрік Қазақ Іскерлік кеңесі 1992 жылы құрылып, екі ел арасындағы экономикалық қарым-қатынастың маңызды элементіне айналды. Сол жылы алғашқы экспорттың ағыны да басталған болатын. 1992 жылы біздің жиынтық саудамыз отыз миллион долларды құрады. Бұл сан кейінгі жылдары артып, 2005 жылы 1 миллиард доллардан асты. Түркия статистика институты жариялаған статистикада 2012 жылы екі ел арасындағы өзара сауда көлемі 3 миллиард 126 миллион долларға жеткен. Бұл сома кейінгі жылдары азайып, 2016 жылы 1,7 миллиард долларға жеткені анық. 2017 жылы екі жақты тауар айналымымыз екі миллиард доллардан астамға өсті. Экономикалық ынтымақтастықтың көлеміне келетін болсақ, импорт пен экспорт ең маңызды факторлар болып табылады. Түркия Қазақстаннан металл, астық, мұнай және мұнай өнімдерін және басқа да шикізатты сатып алады. Қазақстан Түркиядан үй өнімдерін, құрылыс материалдарын, киім-кешек, өнеркәсіптік құрал-жабдықтарды, маталарды жеткізуде (Товарооборот, 2020).

Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда қарым-қатынастарының сәйкессіздігін бағалағанда екі сауда қатынасындағы факторларды қарастыруымыз керек. Бұл факторлардың ең маңыздысы – географиялық қашықтық. Қазіргі уақытта географиялық қашықтықты тасымалдауда қолданылатын

әдістермен тасымалдау құны өте жоғары және бұл екіжақты саудаға айтарлықтай теріс әсер етеді. Сондықтан да, мемлекеттер тарапынан осы бағытта қандай жұмыстар жасалынып жатқандығын зерттеу маңызды. Мәселен, Қытай тарапынан «Бір белдеу, бір жол» жобасы аталған мәселелерді шешуде ұсынылған жобалардың бірден-бір дәлелі. Қазақстанның Еуразия орталығындағы геостратегиялық орналасуы және Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасын жүзеге асыру аясында Қазақстанның трансевразиялық көлік дәліздерін дамытуға белсенді қатысуы да Түркияның тарапынан белсенді қызығу-шылық тудыруда. Осы тұрғыда екіжақты ынтымақтастықтың экономикалық күн тәртібін дамытуда Түркия үшін маңызды мәселе Каспий теңізі арқылы Әзірбайжан және Қазақстанмен көлік-логистикалық байланысты нығайту болып табылады.

Жобалардың бір нұсқасы ретінде Түркия «Орта дәліз» атты жаңа Жібек жолы бастамасын алға тартты. Түркияның бұл бастаманы іске қосудағы негізгі мақсаттары аймақта өркендеу белдеуін құру, адамдарды халықтық қарым-қатынасқа ынталандыру, аймақтық меншік сезімін нығайту, Еуропаны Азиямен, атап айтқанда Кавказ, Орталық Азия, Шығыс Азия және Оңтүстік Азиямен байланыстыру, Шығыс-Батыс дәлізі мен Солтүстік-Оңтүстік дәлізі арасындағы байланысты құру, нарықтарды кеңейту және үлкен экономикалық ауқымдарды құру және Еуразиядағы аймақтық ынтымақтастықты дамытуға нақты үлес қосу (The State., 2015) Аталған барлық факторлар әрине, маңызды және экономикалық байланысқа жаңа сипат әкелетін бастама ретінде көрінгенімен, жұмсақ күш саясатының көрінісі де байқалады.

Аталған екі жобада Қазақстанның қатысуы қаншалықты біз үшін пайдалы немесе қауіпті деген сұрақ туындайтыны сөзсіз. Экономикалық көрсеткіштерді және өсу динамикасын арттыру әрине, біз үшін де тиімді, дегенмен бұл бастамаларда мемлекеттердің мүдделері жатыр және транзиттік талаптар өзге мемлекеттерден келетін қауіптерге жол ашуы мүмкін. Ол үшін ең алдымен, Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» жобасы мен Түркия ұсынған «Орта дәліз» жобаларының мұхитқа шығу мүмкіндігі жоқ Қазақстан үшін маңыздылығы бар. Басқа мемлекеттермен де сауда көлемі, сауда айналымы өсетіні сөзсіз, дегенмен Түркияның бастамасында Орталық Азия мемлекеттерін, соның ішінде Қазақстанды Ресейге де, Иранға да тәуелділігін азайтатын

мақсаты жатыр деген сараптама бар (Kadılar, 2017). Кейінірек, 2022 жылдың 31 наурызында Грузия, Әзірбайжан, Түркия және Қазақстан 2023 жылға дейін жұмыс істеуі тиіс Орта дәліз бойынша Бірлескен кәсіпорын құру туралы шешім қабылдады. 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспары жүк тиеу процестерін жеңілдету және біркелкі өту үшін қабылданатын қадамдарды әзірлейді. Мамыр айының басында Грузияның мемлекеттік теміржол мамандары Анкарада Түркия, Әзірбайжан және Қазақстан әріптестерімен кездесіп, Орта дәліздің келешегін талқылады. Нәтижесінде Грузия, Әзірбайжан және Қазақстан компаниялары Грузияның Поти мен Румынияның Констанца порттары арасында жаңа фидерлік кемелерді іске қосты. Бұл жаңашыл әрекеттер Түркия мен Қазақстан арасындағы экономикалық көрсеткіштердің өсуіне демеу беріп қана қоймай, логистика мен үшінші тараптарды қосу арқылы ортақ жол қалыптастыруда жаңа бастамалардың қолданысқа ие болуына алып келді және екіжақты қарым-қатынастардың дамуына үлес қосты.

Қазақстан екіжақты және көпжақты ынтымақтасты дамытуда президент қабылдаған тұжырымдамалардың негізінде ынталандырады. Қазақстанның 2020–2030 жылдарға арналған сыртқы саясатының тұжырымдамасы Қазақстанның Түркияға қатысты мақсат қоюының негізгі элементтерін қамтиды. «Ресеймен одақтастық қарым-қатынастарды одан әрі дамыту, Қытай Халық Республикасымен жан-жақты стратегиялық серіктестік, Америка Құрама Штаттарымен кеңейтілген стратегиялық серіктестік, Орталық Азия мемлекеттерімен стратегиялық қарым-қатынастар, Еуропалық Одақпен кеңейтілген серіктестік дегенмен негізгі байланыстардың қатарында көрсетілген. Түркияның рөлі жөнінде басқа тармақта жазылған. Дегенмен, Тұжырымдаманың кейінірек сол бөлімінде Таяу Шығыспен және Шығыс, Оңтүстік-Шығыс және Оңтүстік Азиядағы басқа елдермен байланыстарды нығайту Қазақстанның аймақтық және көпжақты дипломатиядағы басты басымдықтарының бірі болып табылатыны туралы мәлімдеме бар. Бұдан басқа, Қазақстанның Азия аймағында жұмыс істейтін түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі және Ислам ынтымақтастығы ұйымы сияқты халықаралық ұйымдардың қызметіне белсенді қатысуының маңыздылығы талқыланды (Özдіl, 2014).

Түркия мен Қазақстан арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту әлеуетіне қарамастан, көлік және жеткізу қауіпсіздігінен бөлек екі ел арасында туындап отырған кейбір мәселелерді екі тарап біріге отырып, шешуді қолға алуда.

Қорытынды

Бейбіт жағдайда жалғасатын әлеуметтік, мәдени және саяси қарым-қатынастарды экономикалық ортаға көшіру және құқықтық негізге салу мақсатында экономикалық ынтымақтастықты құрайтын көптеген келісімдер жасалды. Өткеннен бүгінге дейінгі сауда байланыстарының жалғасуына қарасақ, Түрік-Қазақстан сауда көлемінің белгілі бір деңгейге жеткенін байқауға болады. Қазақстан өзінің бай табиғи ресурстарымен басқа түркі республикалары арасында стратегиялық және даму перспективасы ең жоғары мемлекет болып табылады. Тәуелсіздік алғаннан бері ішкі және сыртқы сауданы ырықтандыру, шағын компанияларды жекешелендіру, баға мен пайыздық мөлшерлеме, тікелей шетелдік инвестицияны, әсіресе энергетикалық секторға салуды ырықтандыру және ашық даму қозғалысы бар басқа елдер де жіті бақылап отырды.

Қазақстанның айтарлықтай әлеуеті бар энергетика саласындағы Түркиямен қарым-қатынасы мұнай және табиғи газ саласындағы халықаралық консорциумдар жүзеге асырып жатқан жобалардағы және Түркияға жеке бөлінген кейбір кен орындарының үлесімен шектеледі.

Қазақстанға тасымалдау мәселесі әлі шешілмегендіктен, тасымалдау процесі ұзаққа созылып, құны біршама жоғары. Екі ел арасындағы тасымалдау жүйесін қайта қарау, баламалы бағыттарды айқындау, қолданыстағы тасымалдауды автомобиль тасымалы, әсіресе теміржол және әуе тасымалы негізінде бағыттау бағытында бірлескен инвестиция салу қажет. Екі ел арасындағы коммерциялық қарым-қатынастарды жақсарту мақсатында жарнамалық іс-шараларға назар аудару керек; жәрмеңкелер, көрмелер және т.б. Екі елдің компаниялардың ұйымдарға қатысуын ынталандыру керек. Осы мәселені шешуде «Орта дәліз» бағдарламасының жандануын қарастыру қажет және бірнеше келісімдерге қол қойылуы керек. Ал коммерциялық қарым-қатынастарды жарнамалық негізде ынталандыру және дамыту үшін Түркісой секілді мәдени ұйымдардың жұмысымен байланыстыру қажет.

Қорытындылай келе, Түркия мен Қазақстан арасындағы сауда-экономикалық байланыстардағы жетістіктер ең жоғары даму динамикасына және шарықтау шегіне жетпесе де, осы уақытқа дейінгі жеткен жетістіктің өзі көңіл аударарлық. Бұл тұрғыда, ең алдымен, екі елдің әлеуетін шынайы бағалай отырып, оның алдындағы қаржылық міндеттемелердің орындалатын көлемде болуын қадағалау керек екенін атап өткен жөн. Қазіргі уақытта еліміз үшін тұрақты және дәйекті экономикалық саясатты құру, сондай-ақ осы елмен қарым-қатынастарымызды барлық аспектіде маңызды, шынайы және берік негізде құру өте маңызды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- Воробьев, А. (2021). Казахстан и Турция: опциональная дружба. РСМД. Kazakhstan-Türkiye ilişkileri. (н.д.). – URL: <https://www.eurasian-research.org/publication/kazakistan-turkiye-iliskileri/?lang=tr#:~:text=Kazakistan'a>
- Товарооборот Казахстан – Турция 2010-2020 | KazDATA INSIDER. (2022, 5 апреля). – URL: <https://blog.kazdata.kz/import-export/tovarooborot-mezhdu-kazaxstanom-i-turciej-2010-2020.html>
- The State Council of the People's Republic of China. (2015, 30 марта). Action plan on the Belt and Road Initiative. – URL: <http://english.gov.cn/beltAndRoad/>
- Kadilar, R., & Ergüney, E. (2017, 9 октября). One Belt One Road: Perks and challenges for Turkey. *Hürriyet Daily News*.
- Özdil, T., & Turdalieva, A. (2014). Comparing the Economies of Turkey and Kazakhstan by Input-Output Analysis. *Ege Academic Review*, 14(3), 383-398. – URL: <https://dergipark.org.tr/en/pub/eab/issue/39931/474351>

ҚЫТАЙДЫҢ ӘСКЕРИ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МҮМКІНДІКТЕРІНІҢ КЕЙБІР АСТАРЛАРЫ

Кіріспе

Бүгінгі күні Қытай әлемде экономикалық, саяси, әскери салаларда алдыңғы қатардағы мемлекет. Қытайдың жаңа реформалар жүргізу есебінде Қытай қысқа мерзімде өзінің экономикасын ілгерілетіп, әлемдік державалармен бәсекелестікке түсуге қауқары бар деңгейге шығуда. Қытайдың әлеуетінің өсуі, әлемдегі ықпал етуші елдермен бәсекелестікке түсуі, жетекші державалармен экономикалық және саяси тұрғыда тартыс жүргізуі, мемлекеттің барлық салаға кең көлемде назар аударуын талап етуде.

Қазіргі күнгі халықаралық алаңдағы болып жатқан әскери қақтығыстар мемлекеттің қауіпсіздік саласының маңыздылығын көрсетуде. Жетекші елдердің мүдделерінің қарама-қайшылықтары, мемлекеттерді үлкен қақтығысқа алып келуі әбден мүмкін. Сол себепті, бүгінгі күні қалыптасқан әлемдік жағдайда, әр мемлекет үшін қауіпсіздік мәселесінің маңыздылығы арта түсті. Сондықтан, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мемлекеттер сыртқы және ішкі қауіптердің алдын алу үшін әртүрлі алдын алу шараларын ұйымдастырып, жүзеге асыруда. Ал ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі басты элемент ол – әскери қауіпсіздік. Әскери қауіпсіздік дегеніміз – мемлекетаралық және мемлекет ішіндегі әскери-саяси жағдай, бұл деструктивті күштердің жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің, әлемдік қоғамдастықтың мүдделеріне әскери құралдармен зиян келтіру әрекеттерін бейтараптандыруға, жолын кесуге, елдің егемендігін, оның тұрақты және үдемелі дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Теориялық негіздеме

Мақала тақырыбына байланысты жүргізілген зерттеудің әдіснамалық негізін – салыстырмалы талдау, статистикалық мәліметтерді қолдану және мәселенің болашағын болжау секілді

әдістер қолданылды. Пайдаланылған теоретикалық әдістер арқылы мәселенің өзектілігін ашуға септігін тигізді. Мәселені қарастыру барысында, Қытайдың қазіргі уақыттағы әскерінің күші, Қытайдың әскери стратегиясы, Си Цзиньпиннің әскери қауіпсіздік саясатының ерекшеліктері, Қытайдың қауіпсіздігіне қауіп-қатер туғызуы мүмкін себептер, Тайвань мәселесі секілді Қытайдың қауіпсіздігі үшін өзекті мәселелер қарастырылды.

Пікірсапан

Қытай Халық Республикасының (ҚХР) әскери-саяси басшылығының әскери саясатқа көзқарасы және әскери стратегияның маңызды мәселелері арнайы құжаттарда – ҚХР Орталық әскери кеңесінің "Әскери стратегия бағыттарында" көрінеді (Справочник.). Бұл құжаттарда Қытай қарулы күштерінің негізгі міндеттері, ел алдында тұрған қауіптер сипатталған. Қытай басшылығының қазіргі заманғы әскери іс-қимылдарының сипаты мен әскери өнердің даму тенденциялары туралы көзқарастары баяндалған, әрі қарайғы әскери құрылыстың мақсаттары мен міндеттері анықталады. Бұл ұзақ мерзімді болашаққа әзірленген аса маңызды құжаттар. Оларға Қытай қарулы күштерін басқарудың жоғары органы – Қытай Халық Республикасының Орталық әскери кеңесінің төрағасы қол қояды. Әдетте, бұл басшы жоғары партиялық және үкіметтік қызметтерді де (ҚКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы және Қытай Халық Республикасының Төрағасы) атқарады.

2019 жылы жариялаған Ұлттық қорғаныс туралы Ақ кітапта Қытайдың қауіпсіздікке байланысты жақын болашаққа арналған мақсаттары мен міндеттері көрсетілген. Ақ кітапта Қытайдың ядролық арсеналын «ең төменгі деңгейде» ұстауды жоспарлап отырғаны және ядролық қаруды жасауға қатыспайтыны атап өтілді. Сонымен қатар, құжатта ҚХР-дың ядролық қаруды «ешқандай жағдайда» бірінші болып қолданбау және оны үшінші елдерге қолдануына жол берілмейтін қауіп төндірмеу жөніндегі міндеттемелері көрсетілген. Сонымен бірге ҚХР-дың өз егемендігін қорғау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға дайын екендігі туралы тікелей айтады. Әскери күш қолдану мәселесінде, мысалы Қытай билігі оны қолдану Тайвань халқына қарсы емес, тек «сепаратистердің шағын тобына» және сыртқы араласуға қарсы бағытталғанын дәйектейді.

Жалпы Қытайдың әскери саясаты келесідей маңызды мақсаттарды белгілейді: – Қытайдың құрылықтағы, әуедегі және теңіздегі егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғау; – Елдің қайта бірігуін қамтамасыз ету (яғни Тайваньға тиімді бақылау орнату); – Жаңа салаларда (киберкеңістік, ғарыш және т.б.) Қытайдың мүдделері мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету; – Қытайдың сыртқы мүдделерін қамтамасыз ету; – Стратегиялық ядролық тежеу және кепілдендірілген жауап соққысын қамтамасыз ету; – Халықаралық және жаһандық қауіпсіздікті нығайту жөніндегі іс-шараларға қатысу; – Дұшпандық күштердің енуіне, сепаратизмге және лаңкестікке қарсы күрес; – Табиғи және техногендік апаттардың зардаптарын жою жөніндегі іс-шараларға қатысу, қауіпсіздік қызметін жүзеге асыру, халық шаруашылығына көмек көрсету (Каменнов, 2019).

Орталық Әскери кеңестің алдыңғы баяндамаларында назарды көбінесе аумақтық тұтастық пен егемендікті қамтамасыз етуге аударған болатын. Ал қазіргі кезеңде Қытай шетелдегі мүдделері жайында, өзінің ядролық әлеуеті, халықаралық қатынастардағы белсенділігі, Тайваньға қатысты нақты ұстанымын айқындауда. Бұл Қытайдың өзінің ұстанымын нақты білдіруінен және белсенді, сенімді қадамдарынан Қытайдың жана әлемдік тәртіпке сай, өзінің бағытын нақтылағандығын байқаймыз. Жалпы Си Цзиньпин билікке келуімен, Қытай сыртқы саясатының белсенділігін аңғаруға болады. 2017 жылдан бастап, бұл саяси бағытқа "Қытай ерекшеліктері бар ұлы держава дипломатиясы" ретінде бекітілді. Қытайдың әскери қауіпсіздігінің негізін құрайтын және бұл саясатты жүзеге асырушы күш – Қытай Халық Азаттық Армиясы (ҚХАА).

Вашингтонда орналасқан Стратегиялық және қорғаныс зерттеулер орталығының мәліметі бойынша, Қытайдың әскери шығындары кем дегенде 10 жыл бойы елдің ішкі жалпы өніміне қарағанда жоғары қарқынмен өсуде. Соңғы деректер бойынша Қытайдың әскери шығындары 2023 жылы 229 млрд долларды құрады. Алдыңғы жылдармен салыстыратын болсақ, Қытайдың әскери шығындарға бөлінетін қаражаты сегіз жыл қатарынан өсуде (РБК. 2024). Қытайдың әскери шығындарының өсуін, Бейжің мен Вашингтон арасындағы текетірес, Украинадағы соғысқа, Тайвань мәселесіне байланысты жауап ретінде қарастырсақ болады.

Қытай Халық Азаттық Армиясын қазіргі жағдайын және жалпы Қытайдың әскери әлеуетіне байланысты АҚШ-тың Қорғаныс Министрлігі даярлайтын жыл сайынғы “China Military Power” есебіндегі мәліметтер бойынша (Atlantic Council, 2023):

ҚХАА Құрлық әскерлері (PLA) жауынгерлік бөлімшелердегі белсенді қызметте 975 мыңға жуық әскери қызметшіні құрайды және ҚХАА-ның негізгі құрлықтағы жауынгерлік күші болып табылады. 2021 жылы Құрлық әскерлері нақты және стандартталған дайындыққа баса назар аударды.

ҚХАА Әскери-теңіз күштері (PLAN) 340-қа жуық кемелер мен сүңгуір қайықтарды, соның ішінде 125 ірі су үсті әскери кемелерін қамтиды. Саны бойынша бұл әлемдегі ең ірі әскери-теңіз флоты.

ҚХАА Әуе күштері (PLAAF) Әскери-теңіз күштерімен бірлесе авиациясы аймақтағы ең ірі авиациялық күштерді және әлемдегі үшінші ірі күштерді құрайды. Бұл әскер құрамында 2800-ден астам ұшақ бар, олар оқу ұшақтары мен ұшқышсыз ұшақтарды есепке алмағандағы саны. 2019 жылы ҚХАА әуе күштері әуе арқылы жанармай құю мүмкіндігі бар алғашқы ядролық бомбалаушыны көрсетті.

ҚХАА Зымыран әскерлері (PLARF) ҚКП стратегиялық жердегі ядролық және кәдімгі зымыран құралдарын, сондай-ақ олармен байланысты қамтамасыз ету жүйелері мен зымыран базаларын пайдалануды, жарактандыруды және дайындауды жүзеге асырады. 2021 жылы, PLARF сынау және оқыту процесінде 135 баллистикалық зымыранды ұшырды – бұл әлемдегі барлық басқа елдермен салыстырғанда едәуір көп.

Стратегиялық қолдау күштері (SSF) ғарыш, киберкеңістік, ақпараттық жүйелер, байланыс және психологиялық соғыс сияқты салалардағы ҚХАА стратегиялық миссиялары мен мүмкіндіктерін орталықтандыру үшін құрылған командалық деңгейдегі құрылым болып табылады.

Логистикалық қолдаудың бірлескен күштері (JLSF) оқыту, сондай-ақ азаматтық өнімдер мен қызметтерді біріктіру арқылы логистикалық өнімділікті стратегиялық және операциялық деңгейде жақсартуға ұмтылады. JLSF сонымен қатар COVID-19 пандемиясымен күресте үкіметке қолдау көрсеткен болатын.

Қараша айында АҚШ Қорғаныс министрлігі Қытай 2030 жылға қарай қолындағы оқтұмсықтардың санын төрт есеге, кем дегенде 1000-ға дейін көбейтеді деген болжамын жариялады

(Burns, 2021) Қытайдың мемлекеттік БАҚ өкілдері мұны «дұрыс емес болжам» деп атап, дәстүрлі түрде елдің ядролық күштері «талап етілетін ең төменгі деңгейде» деп жауап қайтарған болатын. Стокгольм бейбітшілік институтының сарапшылары елдердің ядролық арсеналдарының жай-күйін жыл сайынғы бағалайтын рейтинг жариялайды, оған жүгінсек Қытай олардың соңғы бірнеше жылда санын арттыруда деп мәлімдейді. Бүгінгі күні Қытайдың ядролық арсеналы 500-ге жуық ядролық оқтұмсықтарды құрайды. Әрине, Қытай өзінің 5,5 мың оқтұмсығы бар АҚШ-тан әлі алыс, бірақ оның ядролық құрылысы Батыстың әскери артықшылығына төнетін басты қауіптердің бірі болып саналады (Ali, 2023). Жоғарыда көрсетілген мәліметтер, Қытайдың әлемдегі озық әскерге ие ел екеніне дәлел. АҚШ Қорғаныс министрлігінің пікірінше, Қарулы Күштерді модернизациялау ҚХР-ны қуатты армиясы бар бай елге айналдыру стратегиясын жүзеге асыру үшін қажет. АҚШ Қорғаныс Министрлігінің Қытайдың әскери әлеуеті туралы жыл сайын есеп жасауы, АҚШ Қытайдың әскери әлеуетінің өсуіне сескенетіндігіне дәлел және олардың АҚШ-ты қуып жетуіне жол бермеу үшін барлығын жасайтынына да дәлел.

Қытайдың әскери саласының ерекше дамып, алдыңғы қатарда болғанына қарамастан, Қытайдың да бұл салада, әлсіз тұстары да бар. Әрине, өзіне тән күшті жақтары да бар.

Күшті жақтары:

1. Көлемі мен күші: Қытай армиясы әлемдегі ең үлкен армия болып табылады, оның 2,3 миллионнан астам белсенді әскері бар. Бұл қажет болған жағдайда Қытайға көптеген әскери күштерді жұмылдыруға мүмкіндік береді.

2. Әскери бюджет: Қытай АҚШ-тан кейінгі әлемдегі ең үлкен әскери бюджетке ие. Құрал-жабдықтарға, технологияға және оқытуға қомақты инвестиция Қытайға заманауи және жоғары технологиялы әскер құруға мүмкіндік береді.

3. Қару жарақ пен технологиялар: Қытай өзінің қару-жарағы мен әскери техникасын белсенді түрде дамытып, шығаруда. Олардың жеке жауынгерлік ұшақтары, кемелері, танктері және басқа да қару түрлері бар. Қытай киберсоғыс пен ғарыштық технологияларды зерттеуде де белсенді.

4. Географиялық орны: Қытай Тынық мұхиты мен Үнді мұхитына шығу мүмкіндігі бар стратегиялық жерде орналасқан. Бұл Қытайға теңіз жолдарын бақылауға және аймақтық қауіпсіздікке ықпал етуге мүмкіндік береді.

Әлсіз жақтары:

1. Ескірген құрылым: 1979 жылғы Вьетнам соғысы сияқты өткен қақтығыстар кезінде Қытай армиясы ескірген және тиімсіз командалық құрылымды көрсетті. Қытай қазіргі уақытта құрылымын белсенді түрде модернизациялауда, бірақ бұл уақытты алуы және айтарлықтай күш салуды қажет етеді.

2. Шектеулі жауынгерлік тәжірибе: Қытай 1950 жылдардағы Корей соғысынан кейін елеулі әскери қақтығыстарға қатысқан жоқ. Практикалық жауынгерлік тәжірибенің жоқтығы қазіргі заманғы әскери операцияларда кемшілік болуы мүмкін.

3. Тәжірибелі кадрлардың жетіспеушілігі: Қытай өзінің орасан зор көлемі мен қарқынды дамуына байланысты тәжірибелі әскери кадрлардың тапшылығына тап болуы мүмкін. Жаңа әскери кадрларды дайындау үшін уақыт қажет.

4. Аймақтық қақтығыстардағы қиындықтар: Қытай Жапония, Үндістан және Оңтүстік Қытай теңізі елдері сияқты бірқатар көршілерімен күрделі қарым-қатынастарда. Егер қақтығыс басталса, аймақтағы шиеленіс Қытай үшін қиындықтар туғызуы мүмкін.

Тұтастай алғанда, Қытай армиясын күшті және ықпалды ететін көптеген күшті жақтары бар. Қытай армиясының дамуы мен модернизациясы жалғасуда және бұл әлсіздіктердің қалай еңсерілетінін болашақ көрсетеді. Қытайдың әскери қауіпсіздік саясатына және әскерінің құрамы мен құрылымын қарастырып шыққан соң, міндетті түрде жалпы бұл іс-шаралар комплексі қандай мақсатта жасалып жатқанын қарастырғанымыз жөн. Себебі, Қытайдың әскери қауіпсіздік саясаты ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерге бағытталған.

Қытайдың әскери қауіпсіздігіне төнетін қауіптер өте көп және әртүрлі аспектілерді қамтиды. Мысалы аумақтық даулар: Қытай Шығыс Қытай теңізі мен Оңтүстік Қытай теңізі аймағында аумақтық дауларға тап болу мүмкіндігі жоғары. Басқа елдердің әскери қатысуы шиеленісті тудырады және жанжал қауіпін арттырады.

Қытай сонымен қатар лаңкестік пен экстремизм қауіпіне тап болуда, әсіресе Шыңжаң-Ұйғыр провинциясы орналасқан елдің солтүстік-батыс аймағында. Бұл қауіптер Қытайдың ішкі қауіпсіздігіне қауіп төндіреді және тиісті шараларды қажет етеді.

Қытай да басқа дамыған елдер сияқты кибершабуыл қауіпіне ұшырауда. Кибер тыңшылық, хакерлік шабуылдар және киберқылмыстар елдің әскери қауіпсіздігін бұзып, құнды

ақпаратты ұрлауы ықтимал. Сондықтан, мұндай қазіргі заманғы жаңа қауіп-қатерлер түрі де, биліктің назарында болуы тиіс. Аймақтық тұрақсыздық: көрші елдердегі тұрақсыздық пен аймақтық қақтығыстар Қытайдың әскери қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін. Мысалы, Корей түбегіндегі немесе Оңтүстік-Шығыс Азия аймағындағы қақтығыс Қытайдың қауіпсіздігіне тікелей әсер етуі мүмкін. Басқа мемлекеттердің әскери экспансиясы: Азия-Тынық мұхиты аймағында басқа елдердің, әсіресе Америка Құрама Штаттарының әскери қатысуы мен белсенділігінің кеңеюін Қытай оның әскери қауіпсіздігіне ықтимал қауіп ретінде қарастыруы мүмкін. Бұл Қытайдың әскери қауіпсіздік саласындағы негізгі қауіптерінің кейбірі ғана. Осы қауіп-қатерлерге қарсы тұру үшін Қытай өзінің қарулы күштерін нығайтуды жалғастыруда, өзінің әскери мүмкіндіктерін оқыту мен жаңартуды жүзеге асыруда және басқа аймақтық және халықаралық акторлармен ынтымақтастықты күшейтуде.

Жоғарыда қарастырып өткен қауіп-қатерлердің ішінде қазіргі күні ең өзекті мәселе – ол Тайвань мәселесі. Бұл аумақ Қытай үшін ХХ-ғасырдың 50-жылдарынан бері өзектілігін сақтап келе жатқан мәселе. 2022-2023 жылдары бұл аумақтағы Қытай мен Тайвань арасындағы қарым-қатынастар күрт нашарлап кеткен болатын. Екі тарап арасындағы қақтығыстың бірнеше өлшемдері бар, соның ішінде саяси, экономикалық және әскери аспектілер. Қытай Тайваньды материктік Қытаймен қайта біріктіруге белсенді түрде ұмтылуда, кейде күшпен сес көрсетуде байқалады. Екінші жағынан, Тайвань өзінің мемлекеттігін нығайтуға және халықаралық танымға ие болуға талпынуда.

2022 жылдың басында «Тайвань мәселесі» бұрынғыдан да айқын көрінді. Соңғы жылдары Тайваньдағы жағдайды БАҚ жиі Ресей мен Украина арасындағы қақтығыспен салыстырады: әскери әлеуеті жоғары үлкен көрші кіші көршінің тәуелсіздік құқығын мойындамайды. Ресей Украина шекарасына жақын жерде әскерлерін шоғырландыра бастағаннан кейін Тайвань билігі тіпті ресей-украин қақтығыстарын бақылау үшін жұмыс тобын құрды. Ресейдің ықтимал басқыншылығы шындыққа айналғанда, Тайбэй тұрғындары ҚХР басып алу қауіпі туралы айта бастады. Содан бері аралдың айналасындағы жағдайды болжау өте қиын. Дегенмен де бүгінгі қалыптасқан халықаралық жағдайда Қытай Тайваньға қатысты да жұмсақ күш сияқты құралдарын қолданады деп үміттенеміз.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Қытайдың қазіргі әскери қауіпсіздік саясаты Си Цзиньпиннің келуімен бағытын өзгертті. Қазір Қытай сыртқы саясатта өзінің орнын одан әрі күшейту үшін бар күш жігерін салуда. Қытайдың қазіргі кезде қалыптасқан әскери қауіпсіздік саясаты, Си Цзиньпиннің билік ету барысында қалыптасты. Әскери саяси стратегия да Қытай белсенді қорғаныс саясатын ұстанатыны сөзсіз. Бұл саясатты ұстану арқылы Қытай қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуді дәріптейді, бірақ егер елге қауіп төнсе әскерінің әрқашан дайын екендігін көрсетуде. Жалпы, Қытай әскері соңғы жылдарда күшейе түсуде. Себебі, Қытай әскерінің әлсіз жағы деп техникалардың ескіруін айтатын, бірақ Си Цзиньпин билікке келгелі әскери техника өндірісіне қыруар қаражат бөлінді. Осының көмегімен, Қытай жақын болашақта әскери күш рейтингісінде орнын жаңартары анық. Қытайдың әскери қауіпсіздік салаларында Си Цзиньпиннің бекіткен бағыттары әлі күнге дейін өзекті бағыттар болып қалады және де жаңадан сайланған Си Цзиньпин жаңа мерзімде әскерді модернизациялауды жалғастырып, әскери стратегиясындағы мақсаттарын өзгеріссіз қалдыратыны хақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

Справочник. (н.д.). Военная стратегия Китая. – URL: https://spravochnik.ru/mezhdunarodnye_otnosheniya/voennaya_strategiya_kitaya/

Каменнов, П. Б. (2019). КНР: военная политика в начале XXI века. Москва: Институт Дальнего Востока РАН.

РБК. (2024, 5 марта). Китай увеличит военный бюджет до рекордного показателя. – URL: <https://www.rbc.ru/politics/5/03/2024/65e686cf9a7947229e1ad5e7>

Atlantic Council. (2023, 23 октября). Analyzing the Pentagon's 2023 China Military Power Report. – URL: <https://www.atlanticcouncil.org/news/transcripts/analyzing-the-pentagons-2023-china-military-power-report/23.10.2023>

Burns, R. (2021, 3 ноября). Pentagon: Chinese nuke force growing faster than predicted. Yahoo News. – URL: <https://news.yahoo.com/pentagon-chinese-nuke-force-growing-163056136.html/03.11.2021>

Ali, I. (2023, 19 октября). China's nuclear arsenal has more than 500 warheads – Pentagon report. Reuters. – URL: <https://www.reuters.com/world/chinas-nuclear-arsenal-more-than-500-warheads-pentagon-report-2023-10-19/>

О ВОЗМОЖНОСТЯХ И ПЕРСПЕКТИВАХ ВСТУПЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА В БРИКС

Западные страны продолжают обвинять Китай и Россию в попытках раздробить устоявшийся мировой порядок. Это отражается в их взаимной поддержке во время голосования в Совете Безопасности ООН, и в общих позициях и взглядах на целый ряд актуальных вопросов современной повестки дня.

Более того, с началом военной операции Москвы в Украине, китайские власти не только не присоединились к международным антироссийским санкциям, но и существенно нарастили торгово-экономические связи с РФ. Также обе страны пытаются расширить свое мировое политическое влияние посредством различных инструментов, одним из которых является объединение БРИКС.

До определенного времени, БРИКС представлял собой образование некоторого декларативного характера, несмотря на регулярные встречи, саммиты и другие мероприятия. Однако формат начал постепенно меняться в контексте ухудшения геополитической обстановки в мире.

Сегодня страны БРИКС обладают более 40% мировых сырьевых и природных ресурсов. В них проживает более 40% населения мира (Alicia Garcia-Herrero, 2024)

На саммите 2011 года члены БРИКС приняли несколько основополагающих принципов, включая в том числе открытость, нейтральность по отношению к третьим странам, и внеблоковую природу организации (Non-bloc nature) (Dr Andrew G. Ross, 2024). Таким образом, участники БРИКС дали понять, что интеграция строилась исключительно на экономической основе и не несет никакой политической привязки.

Впервые о намерении расширить структуру официально высказался Китай в 2022 году. Другие члены БРИКС поддержали Пекин, и начали выдвигать собственные предложения о будущих кандидатах на вступление.

26 апреля 2023 года в Кейптауне состоялась встреча министров иностранных дел БРИКС, куда также были приглашены «друзья БРИКС», включая представителей Ирана, Саудовской Аравии, ОАЭ, Кубы, Демократической Республики Конго, Габона, Коморы и Казахстана. Египет, Аргентина, Гвинея Бисау, Бангладеш и Индонезия принимали участие удаленно (Europarliament, 2024).

Участники обсуждали вопросы руководящих принципов, стандартов, критериев и дальнейшей процедуры по принятию новых членов.

Заявку на членство в БРИКС, по некоторым сведениям, подало около 19 стран – кроме упомянутых «друзей БРИКС» сюда входят Алжир, Нигерия и Мексика. (Europarliament, 2024).

Большинство из кандидатов представляют так называемый «глобальный Юг», что незамедлительно спровоцировало соответствующие выводы со стороны международного сообщества.

С другой стороны, существует определенная доля скептицизма и беспокойства по поводу принятия новых членов – на встрече в Кейптауне поднимались вопросы о возможности предоставления статуса наблюдателя на несколько лет, а также вопросы о дальнейшем положении, правах и привилегиях нынешних членов в свете расширения организации.

В западной прессе данная встреча вызвала оживленную дискуссию с некоторой долей геополитического беспокойства (Dr. Hans-Dieter Holtzmann, 2024). Отмечается факт противопоставления БРИКС Большой семерке, в качестве альтернативы существующим международным финансовым и политическим институтам.

К примеру, некоторыми западными политологами высказывались такие точки зрения, что со временем БРИКС из объединения, созданного чисто по экономическим обоснованиям, может превратиться в политический блок, где будут собраны страны с сугубо авторитарным и националистическим режимами правления.

Между тем с начала 2024 года, БРИКС принял в свои ряды дополнительно 6 стран – это Аргентина, Египет, Эфиопия, Иран, ОАЭ и Саудовская Аравия (Philipp Sandner, 2024).

Внешние наблюдатели называют следующие причины, по которым БРИКС может быть интересен будущим кандидатам:

- поиск малыми и средними экономиками нового финансового центра вследствие недостаточной помощи со стороны США и его союзников, включая международные финансовые институты в плане оказания регулярной поддержки отстающим экономикам. К примеру, Новый банк развития БРИКС планирует стать эффективным инструментом для этих целей – участники БРИКС при основании вложили каждый по 10 млрд. долларов США. Египет, ОАЭ, Уругвай и Бангладеш с небольшим капиталовложением успели приобрести там акции в 2021 году;

- БРИКС воспринимается как вероятная платформа для стран «глобального Юга» для высказывания своих многочисленных претензий и жалоб в отношении развитых стран. К ним относятся: слабый уровень содействия при вспышке эпидемии КОВИД-19, серьезное падение либо сокращение международной гуманитарной помощи по причине мирового экономического кризиса и другое. ДРК, к примеру прямо говорит о необходимости установления нового мирового порядка (Matthias von Hein, 2023).

Таким образом, среди целей БРИКС на сегодняшний день можно отметить:

- попытки реформирования мирового порядка, установленного после завершения холодной войны;
- попытки по смещению доллара в качестве основной мировой валюты;
- формирование процедуры и критериев по расширению состава участников. (Reuters, 2023)

Тот факт, что ключевые члены, Россия и Китай готовы ускорить процесс расширения БРИКС, позволяет другим участникам проводить соответствующую политику, которая отвечает их собственным интересам.

В то же время сложно говорить о некоей идеологической объединяющей парадигме, поскольку как нынешние, так и будущие члены БРИКС принадлежат к различным цивилизациям, обладают уникальным культурно-языковым, историческим контекстом, а также политическими системами. И если между ЕАЭС и ШОС можно найти некоторые схожести в силу географических факторов, частичным совпадением участников с общим культурно-религиозным ландшафтом, то

применить такое сравнение к БРИКС не представляется возможным.

Россию введение целого ряда антироссийских санкций, вынуждает к поиску новых партнеров для выхода из глобальной изоляции. Ключевые интересы Китая сейчас сосредоточены вокруг Тайваня, в связи с опасениями по потенциальному обострению ситуации вокруг острова. На данный момент у каждого участника БРИКС имеется свой накопленный багаж претензий к так называемому «коллективному Западу», часть которых переплетается и согласуется друг с другом.

К примеру, Москва продолжает предпринимать активные усилия по деолларизации, и фактически уже заручилась поддержкой Китая, Индии и Бразилии (BNE Intellinews, 2024). Таким образом, БРИКС становится инструментом продвижения Россией своих внешнеполитических и геоэкономических целей. Партнеры Москвы готовы следовать проводимому курсу, при условии его совпадения с их собственными национальными интересами.

По некоторым данным, доллар используется при совершении более 84% трансграничной торговли в мире, юань – 4,5%. По статистике БРИКС торгует больше со странами Большой семерки (G7) нежели между собой (BNE Intellinews, 2024).

Страны G7 также прекрасно понимают текущий геоэкономический и геополитический расклад и уже предложили ЮАР и Индии некий формат сотрудничества во время последнего саммита в 2022 году.

Тем не менее, присоединение к БРИКС может предложить для Казахстана некоторые экономические и торговые преимущества. Страна уже участвовала в некоторых совместных мероприятиях в рамках организации, включая различные форумы, встречи на высоком уровне.

Президент РК Касым-Жомарт Токаев также предлагал объединить усилия и наработки стран участниц БРИКС и ШОС по таким направлениям как кибербезопасность, реализация транзитного и транспортного потенциалов, «обеспечение глобальной безопасности, устойчивого развития и инклюзивности» (Akorda, 2023).

Другой вопрос состоит в том насколько сами государства участники БРИКС готовы приветствовать присоединение Казахстана в качестве полноправного участника? Сможет ли

Астана подкорректировать свою внешнюю политику в согласии с интересами БРИКС?

Таким образом, стране необходимо будет предпринять значительные усилия для рассмотрения ее кандидатуры государствами-членами БРИКС. Здесь можно выделить некоторые из них:

- Казахстану необходимо усилить экономическую интеграцию со странами участниками БРИКС, в частности посредством торговых соглашений, учреждения совместных предприятий с солидными инвестиционными портфолио. Такие договоренности можно осуществить в сферах энергетики, развития транспортных коридоров и прилегающей к ним инфраструктуры, а также сельского хозяйства, бизнеса, искусственного интеллекта, НИОКР. Таким образом это поможет стране нарастить свою конкурентоспособность на глобальном рынке;

- возможно РК необходимо будет скоординировать свою политическую направленность с учётом общих целей и взглядов будущих партнёров. Это может включать сотрудничество по актуальным вопросам региональной и глобальной повестки дня в контексте продвижения многосторонней дипломатии, а также инициатив, направленных на развитие и безопасность.

- Казахстан должен будет определить несколько ключевых направлений и стратегических приоритетов развития с учетом текущего геополитического ландшафта преимущественно в Евразии.

Одновременно с преимуществами, следует дополнительно отметить и отдельные отрицательные стороны. В случае присоединения к БРИКС, даже в качестве наблюдателя, Казахстан так или иначе столкнется со следующими факторами:

- ни одна из упомянутых ранее целей БРИКС не отвечает среднесрочным национальным интересам Республики Казахстан;

- существует вероятность того, что пострадает имидж страны как приверженца многовекторности в силу позиционирования БРИКС как «антизападного» союза;

- могут ухудшиться отношения со странами ЕС, США и его союзниками, более того это может привести к возможным косвенным или вторичным санкциям со стороны последних;

- критическая зависимость РК от экспорта природных ресурсов на мировой рынок, в котором основные расчеты осуществляются в долларах США;
- у РК также наблюдается существенная зависимость от зарубежного импорта, также привязанного к доллару США;
- никто другой из центральноазиатских соседей Казахстана не выразил намерения вступить в БРИКС – тем самым остается неизвестно как возможное казахстанское участие в нем повлияет на региональную расстановку сил.

И еще одна веская причина против вступления РК в БРИКС тесно связана с тем, что Казахстану уже становится достаточно сложно защищать свои политические, экономические и транспортные интересы против России в евразийском экономическом пространстве, не говоря об Индии и других крупных игроках.

Таким образом, крайне необходимо чтобы соответствующие специалисты, включая экономистов внимательно и тщательно просчитали все возможные, а также сопутствующие риски, связанные с вступлением РК в это крайне политизированное на данный момент объединение.

Цитируемая литература:

Akorda (2023). Президент Касым-Жомарт Токаев принял участие в Саммите БРИКС. 24 августа 2023 года/ – URL: <https://www.akorda.kz/ru/prezident-kasym-zhomart-tokaev-prinyal-uchastie-v-sammite-briks-2471927>

Alicia Garcia-Herrero, China continues to dominate an expanded BRICS, 12 April 2024, East Asia Forum/ – URL: <https://eastasiaforum.org/2024/04/12/china-continues-to-dominate-an-expanded-brics/>

BNE Intellinews, BRICS currency is coming soon, Iranian ambassador, May 19, 2024/ – URL: <https://www.intellinews.com/brics-currency-is-coming-soon-iranian-ambassador-325781/>

Dr Andrew G. Ross, Will BRICS Expansion Finally End Western Economic and Geopolitical Dominance? January 26, 2024, Geopolitical Monitor/ – URL: <https://www.geopoliticalmonitor.com/will-brics-expansion-finally-end-western-economic-and-geopolitical-dominance/>

Dr. Hans-Dieter Holtzmann, Anna Marti Portrait, Anna Marti, Inge Herbert, Martin Kothé, et al, BRICS enlargement – a "non-event" or a stage victory against the West?, 27 March, 2024, Friedrich Naumann Foundation/ – URL: <https://www.freiheit.org/latin-america/brics-enlargement-non-event-or-stage-victory-against-west>

Expansion of BRICS: A quest for greater global influence? Briefing, 15 March, 2024/ – URL: [https://www.europarl.europa.eu/RegData/etudes/BRIE/2024/760368/EPRS_BRI\(2024\)760368_EN.pdf](https://www.europarl.europa.eu/RegData/etudes/BRIE/2024/760368/EPRS_BRI(2024)760368_EN.pdf)

Matthias von Hein, Will BRICS expansion set a new agenda for the Global South? 29 December, 2023, DW/ – URL: <https://www.dw.com/en/will-brics-expansion-set-a-new-agenda-for-the-global-south/a-67725812>

Philipp Sandner, Ethiopia becomes BRICS member amid economic crisis, 16 January, 2024, DW/ – URL: <https://www.dw.com/en/ethiopia-becomes-brics-member-amid-economic-crisis/a-68000253>

What is BRICS, which countries want to join and why? Reuters. August 22, 2023/ – URL: <https://www.reuters.com/world/what-is-brics-who-are-its-members-2023-08-21/>

ЖАПОНИЯНЫҢ ТАБЫСТЫ ЖҰМСАҚ КҮШІ МЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ «ЖҰМСАҚ КҮШТІҢ» ДАМУ ҮДЕРІСІНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ САРАПТАМА

Кіріспе

XXI ғасырдағы халықаралық қатынастардың жаһандық жүйесінде байқалып отырған үдерістер жаңа міндеттер қойып, мемлекеттер мен әлемдік саясаттың басқа субъектілерінің өзара әрекеттесуінің жаңа үлгілерін қалыптастырды. Қазіргі әлемде билік феноменін түсінуде трансформация бар, тек билік ғана емес, әсер ету құралдарына қатысты және құралдардың сипатын түсінуге қатысты гибридіті форма қалыптасқан.

Жапонияның екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі «жұмсақ күш» әлеуетін арттыруы халықаралық аренада белді ойыншыға айналуына себепші факторға айналды. Дәл осы жұмсақ қуат Жапонияның бірнеше жылдан бері қолданып келе жатқан құралы ретінде есептеледі. Көптеген саяси сарапшылардың осы тақырыптағы зерттеулері мәдени аспектіде қарастырылғанымен, жұмсақ күш құралы арқылы Жапония экономикалық дамудың қарқынын көтерді, қазба байлығы ресурстарына бай емес болса да әсер ету шеңберін кеңейту арқылы дамыған мемлекеттермен терезесін теңестірді.

Қазіргі таңда Жапонияның басқа мемлекеттерге «жұмсақ күшті» стратегиялық және тәжірибелік қолдану туралы үндеуі өзекті тақырыпқа айналды. Мақсат – жаһандық қоғамдастықпен ынтымақтастықты арттыру және мұндай ынтымақтастықты дамыту үшін көбірек қаржыландыру қажет екені мойындалады. Жапонияның осы бағытта іс-әрекеттері жүйесінде бір мезгілде екі тармағы бар: бірі экономикалық әлсіз дамушы елдерге бағытталған, ал екіншісі дамыған елдер мен айтарлықтай ресурстық және нарықтық әлеуеті бар дамушы елдерге бағытталған. Нәтижесінде мұндай операциялардың жүйелері әртүрлі мақсаттар мен міндеттерге ие: бірінші жағдайда, ең шешуші нәрсе – ұлттық бизнес мүдделерін ілгерілету; екіншісінде жапон мемлекеті мен қоғамының экономикалық

куаты мен гуманитарлық кемелдігін көрсету мақсаты қойылады. Бұл тұжырымдаманы сынға алушылар да бар, олардың пікірінше Жапонияның дамушы мемлекеттерде де мүддесі бар және айтылған көмектер тек бүркеніштік сипатта.

«Жұмсақ күш» елеулі әскери немесе материалдық әлеуеті жоқ орта және шағын мемлекеттерге әлемдік аренада өз мүдделерін сәтті жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуымен мемлекеттерге өздерінің «жұмсақ күшін» іске асыруға және шетелдік қоғамдармен үздіксіз байланыс орнатуға жаңа мүмкіндіктер ашылууда. Сонымен бірге ХХ ғасырдың екінші жартысында жасалған білім беру және экономикалық алмасулар, мәдени және тілдік бағдарламалар сияқты «жұмсақ» әсер ету құралдары өзекті болып қала береді. Студенттік алмасулар арқылы немесе шетелдік студенттер үшін қолайлы жағдай қалыптастыру арқылы мемлекет адами факторға кеңеле түспек, яғни, бірқатар азаматтардың ары қарай елде қалуы арқылы экономиканы көтеруге және инновациялар, ғылыми жаңалықтар, тың идеялардың туындауына жол ашады.

Теориялық негіздеме

Мәселені ғылыми негізде сараптау барысында, Жапонияның қазіргі уақыттағы «жұмсақ күш» стратегиясы, оның ерекшеліктері қарастырылады. Талқыланатын мәселені жан-жақты ашу мақсатында жүргізілген зерттеудің әдіснамалық негізін – статистикалық мәліметтерді қолдану, салыстырмалы талдау және мәселенің болашағын болжау секілді әдістер қолданылды. Пайдаланылған теоретикалық әдістер мәселенің мәні мен өзектілігін ашуға септігін тигізді.

Пікірсарап

Жапония ұлттық «жұмсақ күш» әлеуетін пайдалануды институционалды түрде қамтамасыз етеді және мемлекеттің саяси және экономикалық мүдделерін ілгерілетумен тығыз байланысты оның мәдени кеңеюінің ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарларын құрады. Мемлекеттермен байланыс орнатуда Жапонияның бір ерекшелігі – бір сала, жоба бойынша интеграцияны құрастыру және сол интеграцияның шеңберінде басқа да ұсыныстарын ұсыну арқылы бірқатар бағыттарды қамту болып табылады.

Жапония баяу, бірақ сенімді түрде өз ықпалын таратып отыр. Бірқатар дамушы елдерде ол әлеуметтік мәселелерді шешуге, олардың экономикалық өсуіне, жолдарды, ірі өнеркәсіптік нысандарды салу мен жаңғыртуға, ауыл шаруашылығына, сумен қамтамасыз етуді, денсаулық сақтауды, адам өмірін дамытуға бағытталған жобаларды инвестициялайтын негізгі донор болып табылады. Даму көмегін қажет ететін елдер қатарына кірмейтін дамыған елдерде халықтың әртүрлі топтары арасында жапон тілі мен мәдениетін ілгерілету мәдени және шығармашылық саланың ұлттық өндірушілеріне нарықтарды жаулап алу үшін жағдай жасаудың ауқымды мақсаттарын қояды.

The Japan Foundation, Cool Japan бағдарламасы, Дамуға ресми көмек (ДРК) Жапония, Japan International Cooperation Agency, WebJapan, The Colombo Plan секілді басқа да қауіпсіздікке, экономикалық бірлікке, әлеуметтік және гуманитарлық көмекке, қаржыландыруға, білімге, мәдени алмасуға негізделген бірнеше бағдарламалар іс жүзінде эффективті жүзеге асып жатыр (Japan Foundation).

Сәйкесінше, мемлекеттің жағымды имиджі қалыптасты, экономикалық кереметке айналды және әсер ету шеңбері кеңейе түсті (Take-profit). Мәдениет пен өнердің танымалдылығы, адами ресурстарды дамыту орталықтарының қызметі, белсенді гуманитарлық алмасулар әртүрлі мемлекет азаматтарының күншығыс еліне деген қызығушылығын арттырып келеді. Бірқатар екіжақты және көпжақты келісімдердің негізінде Жапонияда білім алушы шетелдік студенттердің саны да жыл сайын арта түскен. Өйткені Жапония өзінің ерекше мәдениеті мен тіліне байланысты халықаралық студенттер үшін шетелде танымал оқу орны болып табылады. Сонымен қатар, халықаралық студенттерді Жапониядағы оқудың ең қауіпсіз жағдайлары қызықтырады. Соңғы статистикалық мәліметтерге сәйкес, Жапонияның жоғары оқу орындарында 242 444 шетелдік студент оқиды (Egudega.). Жұмсақ күш саясатын іске асыру негізінен елшіліктер, сондай-ақ әртүрлі үкіметтер мен Жапон орталықтары деп аталатын Жапония Халықаралық ынтымақтастық агенттігі арасындағы келісімдер негізінде құрылған бірлескен адам ресурстарын дамыту орталықтары арқылы жүзеге асырылады. Жапония Халықаралық ынтымақтастық агенттігі Жапония үкіметінің ресми даму көмегін үйлестіреді. Бұл көмектің бір бөлігі Бұқаралық ақпарат

құралдарын дамытуға бағытталған. Бұқаралық ақпарат құралдарын дамытуды қаржыландыру оның «демократиялық басқару» бағдарламасы аясында жүзеге асырылады.

Жапония Халықаралық ынтымақтастық агенттігі өзінің демократиялық басқару әрекеттерін «дамушы елдердегі демократиялық басқару негіздерін нығайту үшін бірқатар шараларды жүзеге асыруға көмектесу» ретінде сипаттайды. Көмек әділ сайлауды қамтамасыз ету үшін сайлауды басқару комитеттерінің әлеуетін арттыру, Парламенттің функцияларын күшейту және билік пен ықпалды пайдалануды бақылау функциясын орындайтын Бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуетін нығайту сияқты шараларды қамтиды» (Жапон). Халықаралық ынтымақтастық агенттігі өзінің жалпы көзқарасы туралы мәлімдемесінде инклюзивті және серпінді дамуға баса назар аударады.

Ал Қазақстан үшін «жұмсақ күш» әлеуеті қаншалықты маңызды және қолданысқа ие? Әлемдік тәртіптің халықаралық ауысуы жағдайында Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының негізгі мақсаттарының бірі елдің қолайлы имиджін көрсету болып табылады. Саяси бағытта көптармақты саясатты ұстанады. Ұлы өркениеттердің түйіскен жері Ұлы Жібек жолының басым бөлігі Шығыс пен Батыстың тоғысқан жері Қазақстан арқылы өтеді. Пайдалы қазбалардың көптігі мен географиялық орналасуы, көп ұлттың шоғырлануы және көптеген мемлекеттермен достық қарым-қатынаста болуы секілді факторлар бар. Қазақстанның табиғи ортасында туристерді де, зерттеушілерді де қызықтыратын бірқатар ерекше орындар да бар. Сол себепті де америкалық әйгілі The Huffington Post газеті туристердің Қазақстанға келуін насихаттайды (Inform). Олардың мәліметтерінде Қазақстан Республикасы үшінші орында тұр. Жер аумағы бойынша әлемдегі тоғызыншы орынды иеленетін Қазақстан саяхатшылар үшінде, жабайы табиғи ортаны зерттеушілер үшінде қызықты аймақ болып табылады делінген. Алматы қаласынан бастауды, ондағы бірегей ғимараттарды қызықтаумен қоса, жеміс ағаштарына толы таулары мен Үлкен Алматы көліне баруға кеңес береді. Байқағанымыздай, Қазақстанда жұмсақ күш құралын жүзеге асырудың барлық постулаттары бар, тек жүзеге асыруда және тәжірибелік қолданыста аса өзекті емес немесе оптималды нұсқаның болмауы жатыр.

Бүгінгі таңда жанжалдарды шешудегі күрделі мәселелерді шешуде жұмсақ күш ұғымы және оның мүмкіндіктерінің барлық ауқымы маңызды. Қазақстан Еуразия орталығында бола отырып, бірегей диалог алаңы ролін де атқаруда. Жарқын және көрнекі мысал ретінде Сирияға қатысты оқиғаларды келтіруге болады, Қазақстан Республикасының қақтығыстық жағдайындағы мемлекеттерге гуманитарлық көмегі мен бейбіт жолмен шешуде ұсынатын ұсыныстары да маңызды компоненттер болып табылады.

Яғни, Қазақстанның миссияларының бірі ретінде аумақтағы беделін арттыру, дамушы елдердің ішінде өсім динамикасы бойынша жаңа деңгейге шығу және өзге мемлекеттерге үлгі болу болып табылады. Осы мақсатты жүзеге асыруда Жапонияның тәжірибесі үлгі бола алады, дегенмен әр мемлекеттің географиялық орналасуы бойынша, ресурстардың қоры бойынша спецификасы әртүрлі, сондықтан Қазақстан жағымды тәжірибелерді ескере отырып, өзіне тиімді даму үлгісінде алға жылжуы керек. Қазақстан, кез келген басқа ел сияқты, жұмсақ күшін арттыру үшін өз ресурстары мен мүмкіндіктерін пайдалана алады.

Ең алдымен, Қазақстанның бай тарихын, дәстүрін, өнері мен әдебиетін көрсету үшін мәдени іс-шараларды, алмасу бағдарламаларын және фестивальдерді қолдау бойынша жұмыстар көптеген ұйымдардың шеңберінде жүзеге асырылып жатса да, бұл бағытқа қатысты инвестицияны арттыру жолға қойылған. Соның негізінде мемлекеттің «ұлттық брендін» қалыптастыру керек, әртүрлі тауарларда қазақи нақыштағы өрнектердің болуын трендке айналдыру маңызды. Инфлюенсерлердің қазіргі таңда әсер ету шеңбері кеңейген, бірқатар инфлюенсерлерге ЖОО тегін білім алуға мүмкіндік беру арқылы, белгілі бір жарна төлеу арқылы, сонымен қатар басқа да қолдаулардың түрлерін қарастыру отырып, оларды «ұлттық брендті» трендке айналдыруда жарнама жасату арқылы пайда көзі ретінде қолдану да өте маңызды болып табылады.

Екіншіден, Қазақстанда оқуға халықаралық студенттерді тарту үшін стипендиялық бағдарламалардың шеңберін де кеңейтудің маңызды екендігі белгілі. Стипендиялық бағдарламаларға қатысты келісімшарттарда көбінесе басқа мемлекеттің мүддесіне орай әрекеттер жасалған. Қазақстанның тарапынан ұсынылатын тиімді жағдайлардың мүмкіндігін де

кеңейтудің қажеттілігі туындауда. Бұл бағдарламалардың маңыздылығы адамдар арасындағы байланысты нығайтады және шетелдіктерді елдің құндылықтары мен өмір салтын таныстырады. Бұл үдеріс қазіргі таңда керісінше орын алуда. Ол әртүрлі себептерге байланысты: өзге мемлекеттің біліміне, мәдениетіне, өмір сүру салтына деген қызығушылықтың басымдылығы, ақылы оқудың өзге мемлекеттегі бағасының салыстырмалы түрде төмендігі, гуманитарлық және шығармашылық салаларда грант санының аздығы және т.б.

Қазақстаннан басқа мемлекеттерге білім алу мақсатында көбірек ағылуы және нәтижесінде сол елдерде қалып қалу, өзге мемлекеттің азаматтығын алу үдерісі байқалады. Сондықтан да білім саласына бөлінетін қаржыны қажетті деңгейге жеткізу, жоғары оқу орындарының сапасын арттыру, бүгінгі күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сонымен бірге ғылыми зерттеушілердің ғылыми жұмыспен айналысу мүмкіндіктерін кеңейту, білім алушылардың стипендия мөлшерін арттыру, шетелдік студенттер үшін туристік зоналарға, әлеуметтік орындарға (музей, кітапхана, театр, цирк) тегін жолдамаларды қарастыру, жатақханадағы орындардың тиімді бағада ұсынылуы деген секілді шараларды қарастырудың да қажеттілігі туындап отыр.

Қорытынды

Қазақстанның жағымды имиджін көрсету үшін халықаралық бұқаралық ақпарат құралдарын кеңінен пайдалана отырып, еліміздің жетістіктерін, мәдени байлығы мен елдің жаһандық мәселелерге адалдығын насихаттау басты міндеттердің бірі. Қазақстан үшін өзінің бірегей күшті жақтарына, қиындықтарына және жаһандық сахнада қол жеткізуге бағытталған нақты мақсаттарына негізделген жұмсақ күш стратегияларын бейімдеу маңызды. Жүйелілік, шынайылық және ортақ құндылықтарға шынайы берілгендік жұмсақ күштің кез келген бастамасының табысты болуы үшін өте маңызды.

Қорытындылай келе, Жапонияның жұмсақ күш саясатының табысты қолдануы Қазақстан сияқты жас мемлекеттер үшін үлгі болмақ. Орталық Азияның алдыңғы қатарлы ел болуын жүзеге асыруда Қазақстанның әрбір қадамы жаңа нәтижелі мүмкіндікке алып келері айқын, сол себептен кей қадам «жұмсақ күштің» призмасымен жүзеге асырылатын болса, стратегиялық жаңа

шешімдердің, жемісті нәтижелердің пайда болатынына кепіл бола алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

Erudera. (н.д.). Japan International Student Statistics. – URL: <https://erudera.com/statistics/japan/japan-international-student-statistics/>

Japan Foundation. (н.д.). Cultivating friendship and ties between Japan and the world. – URL: <https://www.jpff.go.jp/e/>

Japan International Cooperation Agency (JICA). (н.д.). – URL: <https://www.cima.ned/org/donor-profiles/japan-international-cooperation-agency-jica/>

Inform.kz. (н.д.). The Huffington Post lists Kazakhstan in Top 17 places to travel. – URL: https://en.inform.kz/news/the-huffington-post-lists-kazakhstan-in-top-17-places-to-travel_a3006726/

Take-profit. (н.д.). ВВП Японии: объем, темпы роста, на душу населения, структура. – URL: <https://take-profit.org/statistics/gdp/japan/>

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАРИЯ ДИПЛОМАТИЯСЫ: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ

Кіріспе

Жаһанданудың тереңдеуімен, ақпараттық технологиялардың дамуымен және азаматтық қоғамының пайда болуымен үкіметаралық дипломатияға бағытталған дипломатия мемлекеттің халықаралық аренадағы әрекеттеріне елеулі шектеулер тудырды. Сондықтан біртіндеп қоғамның рөліне бағытталған "жария дипломатия" пайда болды. Жария дипломатия елдің болашағына маңызды инвестиция ретінде қарастырылғандықтан, ол бүкіл әлемдегі елдердің сыртқы саясатының маңызды бөлігіне айналды. Кейбір ғалымдар тіпті 21 ғасырдағы дипломатия «жария дипломатия» болады деп санайды (Riordan, 2005).

Халықаралық қатынастар саласында ерекше маңызы бар термин ретінде 1965 жылы Америка Құрама Штаттарындағы Туфтс университетінің Флетчер заң және дипломатия мектебінің профессоры Эдмунд Гуллион «жария дипломатия» ұғымын айналымға енгізді. Оның берген анықтамасына сай: «жария дипломатия көңіл-күйдің сыртқы саясатты қалыптастыруға және іске асыруға әсерін болжайды және ол халықаралық қатынастардың дәстүрліден тыс келесідей барлық аспектілерін қамтиды: ел үкіметі басқа елдерде қоғамдық пікір қалыптастыруы; жеке топтар мен елдегі мүдделер топтары мен басқа елдердегі мүдделер топтары арасындағы өзара іс-қимылдың орнауы; сыртқы байланыстар; халықаралық істер және олардың саясатқа әсері туралы есептер; дипломаттар мен шетелдік репортерлар сияқты байланыс журналистикасын мамандық ретінде пайдаланатын адамдар арасындағы алмасу; түрлі мәдениеттер арасындағы байланыс процесі және т.б. Ал жария дипломатияның негізгі өзегінде ақпарат пен идеялардың трансұлттық ағыны жатыр.» (Cull, 2009). Бұл Гуллион берген жария дипломатияның анықтамасына сүйенсек, біріншіден, дипломатия екіге бөлінеді: дәстүрлі дипломатия және жария

дипломатия және дәстүрлі дипломатиялық әдістерден басқа ел қабылдаған кез келген дипломатиялық әдіс жария дипломатия санатына жатады.

Екіншіден, қоғамдық пікір елдің сыртқы саясатын қалыптастыруға да, оны жүзеге асыруға да әсер ететіндіктен, жария дипломатияның мақсаты шетелдік қоғамның көзқарасына әсер ету және өз елінің мүдделерін қолдайтын мемлекет жайында жағымды қоғамдық пікірді қалыптастыру болып табылады. Үшіншіден, ел қолдана алатын жария дипломатияны жүзеге асырудың екі жолы бар: ресми, мақсатты елдің жұртшылығына әсер етуге бағытталған, онда үкімет шетелдіктер арасында өз еліне жағымды қатынасты қалыптастыру үшін әртүрлі құралдарды пайдаланады, өзіне тиімді сыртқы саясатты қалыптастыруға әсер ету мақсатында; мақсатты елдегі үкіметтік емес ұйымдармен және мекемелермен байланысты нығайтуды, сондай-ақ өз елінің мүддесі үшін шетелдік "жақтаушылар" мен "одақтастарды" дамыту мақсатында мақсатты елдегі азаматтық қоғам мен үкіметтік емес ұйымдар арасында түрлі іс-шаралар мен алмасуларды ұйымдастыруды қамтитын мемлекеттік емес.

«Жария дипломатия» мәселесі мен оның зерттелуі ұзақ уақыт бойы Қытай зерттеушілері арасында артта қалды, өйткені бұл ғылыми дискурсқа жақында ғана енгізілген салыстырмалы түрде жаңа ұғымдардың бірі болды. Алғаш рет қытайлық зерттеушілер мен халықаралық қатынастар мамандары XX ғасырдың 90-жылдарында "жария дипломатия" (гунгун вайцзяо) терминіне назар аударыла бастады. Мысалы, профессор Чжоу Ципэннің 1990 жылы жарық көрген "Шетелдік дипломатия" кітабында алғаш рет жария дипломатияға қатысты ескертулер жасалды (Кривохиж, 2014).

Жалпы Қытайдағы жария дипломатия институционалды түрде 1990 жылдардың соңы мен 2000 жылдардың басында қалыптасты. Зерттеушілердің осы мәселеге қатысты үлкен қызығушылық тудырып, зерттеу жұмыстары мен еңбектерінің жазылуы оған дәлел бола алады. Осыған байланысты, жария дипломатия бағытының Қытайдың академиялық қоғамдас-тығында белсенді түрде зерттелуінің негізгі себептерін көрсетуге болады. Біріншіден, мемлекет басшылығы Қытайдың әлемдік аренадағы ірі ойыншылардың біріне айналуы үшін қажетті негізгі атрибуттардың бірі елдің экономикасының қарқынды түрде дамуымен қатар, «жұмсақ күшті» арттыру қажет екендігін

түсінді. Екіншіден, «жұмсақ күш» тұжырымдамасының батыс елдерінде пайда болғандығына қарамастан, Қытай зерттеушілері басқа елдерге әсер ету үшін «жұмсақ» әдістерді пайдалануы бұрыннан қытайлық мәдениет пен саяси дәстүрдің бір бөлігі болып табылатындығына мән берді.

Қазіргі халықаралық қатынастардағы көптеген зерттеулерде Қытай Халық Республикасының имиджі мен оның жария дипломатиясы мәселелері белсенді түрде зерттеліп, тақырыпқа қатысты біршама зерттеу жұмыстарының ерекше тобы жарияланды. Халықаралық қатынастарда «жария дипломатия» ұғымының қалыптасуы мен дамуын жан-жақты зерттеуде, оның мемлекеттердің оң имиджін қалыптастыру мен сыртқы саясатындағы рөліне «жұмсақ күш» тұжырымдамасының негізін қалаушы американдық зерттеуші Дж.Най, халықаралық қатынастар мен геосаясат саласындағы зерттеуші Леонард Марк, Е.Гилбоа секілді халықаралық қатынастар теориясының классиктерінің еңбектерінде ерекше назар аударған.

Ал Қытай Халық Республикасының жария дипломатиясын Концур А. В., Кривожих С.В. секілді ресейлік зерттеушілер қарастырған. Кривожих С.В. өзінің «Қытай Халық Республикасының жария дипломатиясы: қалыптасуы және дамуы» атты еңбегінде ҚХР сыртқы саясатындағы жария дипломатия бағыттарын, 1949 жылы құрылған сәтінен бастап халықаралық имиджі саласындағы Қытай қызметіне, жария дипломатиясының мақсаттары мен құралдарына көп назар аударады. Сондай-ақ, Сымэн И. және Цзан Ш. атты қытай зерттеушілерінің еңбектерінде ҚХР жария дипломатиясы толық зерттелген.

ҚХР-ның жария дипломатия саласындағы негізгі құралдарын отандық зерттеуші Ноғаева А.М. «Қытайдың «мәдени дипломатиясы» мен «жұмсақ күші»: Орталық Азияның мысалында» атты еңбегінде анықтаумен айналысқан.

Мақаланың мақсатына жету үшін зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы талдау әдісі, сонымен бірге Қытайдың жария дипломатия саласындағы құралдары туралы ақпараттарды жинау бірлескен бақылау әдісімен жүргізілді. Сонымен бірге, зерттеу жұмысы барысында тәжірибелік тұжырымдар мен болжамды талдау жасау үшін талдау және синтез, кейс-стади әдістері пайдаланылды.

Сондай-ақ, Қытай Халық Республикасы көшбасшыларының көпшілік алдында сөйлеген сөздеріне контент талдау Қытайдың

қазіргі заманғы жария дипломатиясының жетістіктерін анықтау мақсатында жасалды. Сондай-ақ, жария дипломатиясындағы жетістіктерді анықтау үшін көрсеткіштерді жүйелі талдау және салыстыру әдістері қолданылды.

Теориялық негіздеме

Қытай жан-жақты және жылдам экономикалық және әлеуметтік дамуға бағытталған реформалар мен ашықтық саясатының арқасында әлемдік аренаның перифериясынан әлемдік сахнаның орталығына айналды. Бүгінде Қытайда болып жатқан оқиғалар бүкіл әлемге жиі әсер етеді. Осы тұста Қытайдың жария дипломатиясының өзіндік ерекшелігі бар. Біріншіден, көршілермен достық қарым – қатынас орната отырып, қытай мәдениетін, тілін және Қытайдың өзін белсенді түрде насихаттау жүріп жатыр; екіншіден, Қытайдың жария дипломатиясы дәстүрлі қытай құндылықтарына сүйенеді; үшіншіден, жария дипломатия шетелдік азаматтарға ғана емес, өз азаматтарына да бағытталған. Қытай Халық Республикасы өзінің мүдделерін ілгерілету және әлемдік аренада өзінің имиджін жақсарту үшін жария дипломатия саласында әртүрлі құралдарды қолданады. Жалпы, жария дипломатия құралдары – бұл елдер мен ұйымдар шетелдік аудиториямен өзара әрекеттесу, қоғамдық пікірге әсер ету және әлемдік аренада өз мүдделерін алға жылжыту үшін қолданатын әдістер мен тәсілдер жиынтығы.

Пікірсаран

Ең алдымен, Қытай Халық Республикасы өзінің жария дипломатиясында қолданатын негізгі құралдарының ішінде «жұмсақ күш» пен мәдени алмасуларды атай аламыз. "Жұмсақ күш" тұжырымдамасын ұсынған Джозеф Най «білім беру және мәдени алмасу жобалары арқылы басқа елдің жұртшылығына ұзақ мерзімді әсер ету БАҚ-тағы қысқа мерзімді үгіт-насихатқа қарағанда әлдеқайда жақсы» деп болжаған (Нуе, 2008). Бұл тек халықаралық білім мен мәдени алмасудың, яғни мәдени дипломатияның маңыздылығын көрсетеді. Сондықтан мәдени дипломатияны жария дипломатияның өзегі ретінде қарастыруға болады, өйткені дәл мәдениет арқылы ұлт әлемге өзінің бірегейлігін, құндылықтары мен идеяларын ұсынады. Қытай өзінің мәдениетін, өнерін, тілін және білімін әлемге таратуға белсенді түрде инвестиция салуда. Бұған оқу бағдарламалары,

студенттермен алмасу, халықаралық мәдени фестивальдар және қытай әдебиеті мен киносын тарату кіреді. Сонымен қатар, Қытай көпжақты мәдени дипломатияны қолдану, әлемге Қытайды түсінуге мүмкіндік беру және жаңа Қытайды халықаралық қауымдастыққа көрсету үшін Олимпиада ойындарына, халықаралық көрмелерге және халықаралық конференцияларға қатысу мүмкіндігін белсенді пайдаланады.

Келесі негізгі құралдары ретінде халықты тек ақпаратпен таныстырып қана қоймай, қоғамдық пікірді қалыптастырып, бағалаулар мен айыптаулар жасайтын бұқаралық ақпарат құралдарының пайдаланылуын біріктіретін медиялық құралдар саналады. CCTV Орталық телевизиялық станциясын, People' s Daily ("Жэньмин Жибао") секілді газеті, China Radio International радиосын, "Синьхуа" агенттігі мен China Today журналы секілді мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары ақпаратты таратуда және Қытайдың имиджін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады (Концур, 2019).

Халықаралық қоғамдық пікірде бұқаралық ақпарат құралдары Қытайдың "ұлттық имиджін" тікелей қалыптастырады, ал шетелдік қоғамдастық Қытайға деген негізгі көзқарастарын негізінен негізгі бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламалары арқылы қалыптастырады. Оның маңыздылығы жайында Қытайдың жария дипломатияны насихаттау мен тәжірибе саласындағы жетекші сараптамалық орталықтарының бірі «Чахар» институтының негізін қалаушы және төрағасы Хан Фанминде жария дипломатияның мақсаты-шетелдік азаматтардың беделіне ие болу, яғни адамдардың жүрегі мен санасын жаулап алатын, қоғамдық санаға әсер ететін, саяси байланыстар орнататын және ұлттық құндылықтарды насихаттайтын қызмет деді және ол үшін Қытай бұқаралық ақпарат құралдарын да қарқынды пайдалануы керек деген еді (Сымэн, 2020).

Соңғы жылдары жоғарыда аталған шетелде хабар, радиохабар тарату құралдарынан бөлек, Интернеттегі әлеуметтік медиа мен Интернет жария дипломатия құралы ретінде белсенді түрде қолданыла бастады. Қытай Sina Weibo, Tencent Weibo, WeChat және Renren сияқты тек қытай тіліндегі қытайлық әлеуметтік желілер құрды. Қытай бұл құралдарды жария дипломатия стратегиясын ілгерілету үшін белсенді пайдаланады. Қытайдың жария дипломатиясындағы осындай мысалдарының

бірі- 2011 жылғы 13 сәуірде Сыртқы істер министрлігінің Жария дипломатия басқармасымен Sina Weibo әлеуметтік желісінде пайда болған «барлығы Қытай дипломатиясы туралы» атты шағын блогы. Ол маңызды дипломатиялық оқиғаларды уақтылы жариялау және жұртшылықты Қытай саясатымен, Қытай-халықаралық қатынастармен, сондай-ақ әртүрлі елдердегі саяси және экономикалық оқиғалармен таныстыру мақсатында құрылды. Тіпті оған қысқаша кіріспеде былай жазылған: «..Қытай Халық Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жалғыз ресми аккаунты ретінде біз сіздер мен дипломатия арасындағы көпір болуға дайынбыз». Ресми сайт статистикасына сүйенер болсақ, қазіргі уақытта бұл аккаунтқа 8 084 000 адам тіркелген және құрылған сәтінен бастап жалпы саны 17 569 блог жазбалары жарияланған (Все о дипломатии.)

Конфуций институты – Қытай 2004 жылдан бері насихаттап келе жатқан тілдік және мәдени коммуникация жобасы ретінде жария дипломатияның маңызды құралдарының бір түрі. Қазіргі таңда Конфуций Институты қытай мәдениетін түсінетін орынға, қытай-шетелдік мәдени алмасулар алаңына және қытай халқы мен бүкіл әлемдегі адамдар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға арналған көпірге айналды (Ноғаева). Тілді тарату арқылы ол әлемге өз елінің тарихы мен мәдениетін айтып, басқа елдердің адамдары нағыз Қытайды білуіне септігін тигізуде. Сондықтан Конфуций Институты мәдениетті тарату алаңы ретінде жария дипломатияда ерекше рөл атқарды. 2004 жылы Оңтүстік Кореяның Сеул қаласында алғашқы Конфуций институты құрылғаннан бері Конфуций Институты тез дамып келеді. Соңғы ақпараттарға сәйкес, әлемде 476 Конфуций Институты бар және ол әлемнің 127 елінде (аймақтарда) орналасқан (Цзан, 2023). Осылайша, Конфуций институты құрылғаннан бері соңғы 18 жыл ішінде әлемнің түкпір-түкпірінен ондаған миллион студенттерге қытай тілін үйрену және қытай мәдениетін түсіну бойынша қызмет көрсетті, халықаралық Қытай білімін дамытуда маңызды рөл атқарды және әлем Қытайды түсіну үшін маңызды алаң болды.

Қорытынды

XXI ғасырдың басында ұлттық қуаттың қарқынды өсуімен және Қытайдың халықаралық қоғамдастықтағы ықпалының тұрақты нығаюымен ел әлемдік жұртшылықтың назарын көбірек

аударуда. Бұл назар, бір жағынан, Қытайға өзі туралы ақпаратты халықаралық ауқымда белсенді түрде таратуға мүмкіндік береді. Екінші жағынан, бұл айтарлықтай қысым жасайды және қытайлық БАҚ пен қоғамдық дипломатия ұйымдары үшін халықаралық дискурста шектеулерге тап болады. Халықаралық қоғамдастықтың Қытайға деген өсіп келе жатқан назары қытайлық жария дипломатияна дамытуға жаңа мүмкіндіктер берді. Қытайдың халықаралық қоғамдастықтағы мәртебесі мен рөлінің артуы, Қытайдың жаһандық экономикалық басқарудағы ерекше маңызды рөлі Қытайдың әлеммен қарым-қатынасын өзгертті, яғни Қытай мен әлем жаңа кезеңге кірді. Осы «стратегиялық түзету кезеңінде» халықаралық қауымдастық Қытайды қайта түсіну және бағалау үшін Қытай туралы көбірек ақпарат алуы керек. Сонымен қатар, Қытай Қытайды әлемге қалай жақсы танытуға болатынын және Қытайды халықаралық қауымдастық түсінуі мен тануын жақсартуды зерттейді. Қытайдың әлеммен қарым-қатынасындағы өзгерістер Қытайдың жария дипломатиясына өзінің халықаралық дауысын күшейтуге және Қытайдың дауысын халықаралық қоғамдастықта жақсы көрсетуге мүмкіндік береді. Қытайдың жария дипломатиясы "дағдарыстарды мүмкіндіктерге айналдыру" және Қытайдың дамуы үшін жақсы жағдайларға қол жеткізу үшін Қытайдың дамуына ықпал етудің маңызды міндетін ғана емес, сонымен қатар жаһандық серіктестік желісін кеңейтудің және Қытайдың «ынтымақтастық шеңберін» үнемі кеңейтудің маңызды міндетін өз мойнына алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

Все о дипломатии Китая. (н.д.). – URL: <https://weibo.com/wjxlt> (дата обращения: 31.10.2023).

Концур, А. В. (2019). Инструментарий публичной дипломатии китайской народной республики. В Социально-политические и историко-культурные аспекты современной геополитической ситуации (стр. 149-152).

Кривохиж, С. В. (2014). Публичная дипломатия Китайской Народной Республики: становление и развитие (Дис. канд. ист. наук). Санкт-Петербургский государственный университет, СПб., 35.

Ногаева, А. М. (н.д.). «Культурная дипломатия» или «мягкая сила» Китая: на примере Центральной Азии. – URL: <https://dspace.enu.kz/bitstream/handle/data/6067/kulturnayadiplomatiya.pdf?sequence=1&isAllowed=y>

Сымэн, И. (2020). Публичная дипломатия во внешней политике США и Китая (Дис. канд. полит. наук: 23.00.04). СПб., 39.

Цзан, Ш. (2023). Роль института конфуция в российско-китайском образовательном сотрудничестве. В Межкультурный диалог в современном мире (стр. 83-86).

Cull, N. J. (2009). Public diplomacy before Gullion: The evolution of a phrase. В Routledge handbook of public diplomacy (стр. 19-23).

Nye, J. S. Jr. (2008). Public Diplomacy and Soft Power. The Annals of the American Academy of Political and Social Science, 1, 52.

Riordan, S. (2005). Dialogue-based Public Diplomacy: A New Foreign Policy 'Paradigm'? В J. Melissen (ред.), The New Public Diplomacy: Soft Power in International Relations (стр. 187). Basingstoke and New York: Palgrave Macmillan.

ҚЫТАЙДЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ АЙМАҚТЫҚ САЯСАТЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әлемдік саясаттағы ірі державалардың мүдделері мен сыртқы саяси бағыттары бүгінде Орталық Азия аймағын айналып өтпейді. Ресей, Қытай, АҚШ сияқты мемлекеттердің мүдделері түйісіп жатқан аймақ үшін әрбір ықпал етуші мемлекеттің сыртқы саяси бағыттары мен стратегиялары, жүзеге асырудың әдіс-тәсілдері бір-бірінен ерекшеленетіні немесе ұқсас болатыны анық. Тарихи-географиялық және саяси-идеологиялық факторларды ескере отырып, Шығыстан Қытай Орталық Азия мемлекеттерін сыртқы саясаттарының бір бағыты ретінде қарастыруы өз кезегінде ұлттық қауіпсіздіктері мен мемлекеттік мүдделері үшін пайда әкелуі мүмкіндігін жоғарылата түседі.

Ғасырлар бойы Қытай мен Орталық Азия арасында тығыз экономикалық байланыстар болды. Ұлы Жібек жолының гүлдену кезеңінде (Б.З. II мыңжылдықтың ортасына дейін) аймақ аумағындағы және оның айналасындағы мемлекеттік құрылымдар (мысалы, қазіргі Шыңжаңда) қытай мен Еуропа арасындағы байланыс қызметін атқарды және дамыған экономикалық, сауда және қаржы орталықтары болды. Ұзақ уақыт бойы бұл аумақтардың "сауда локомотиві" Қытай болды, ол сонымен қатар ғылыми білім мен озық технологиялардың маңызды көзі болды. XIX ғасырдың екінші жартысында Орталық Азия елдері Ресей империясының құрамына кірді және оның Қытаймен, оның ішінде Шыңжаңмен байланысы әлсірей бастады. Кейіннен Орталық Азия аймағы КСРО-ның құрамдас бөлігіне айналды, оның Қытаймен тәуелсіз қарым-қатынасы іс жүзінде жойылды. Қытай Халық Республикасының Орталық Азия мемлекеттерімен тікелей экономикалық байланыстарын дамыту Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін ғана мүмкін болды. Посткеңестік кезеңдегі ҚХР экономикалық саясатының Орталық Азия векторын қарастыра отырып, үш негізгі кезеңді шартты түрде ажыратуға болады:

Бірінші кезең 1992 – 1995 жылдар, екінші кезең 1996 – 2001 жылдар аралығын, үшінші кезең 2001 жылдан бастап қазірге дейінгі аралықты қамтиды. Бірінші кезеңде Қытай аймақ мемлекеттерімен екіжақты форматта қарым-қатынастарды жүзеге асыруды жөн санаған болатын. Бұл екіжақты қарым-қатынастарда нақты нәтижеге қол жеткізу үшін әрбір мемлекеттік жағдайының ерекшеліктерін зерттей отырып, ынтымақтастықтың негізін қалауға жағдай жасады. Ол ҚХР-ның ОА-ға қатысты өте сақтықпен қарауымен және олардың арасындағы алғашқы сауда байланыстарын орнатумен сипатталады. Сол кезеңде Қытайдың сыртқы стратегиясында Орталық Азия бағыты ерекше мәнге ие болмады. Бұл ҚХР-ның аймақтағы ұзақ мерзімді мүдделерінің белгісіздігімен және тұтастай алғанда ОА-ға ену мүмкіндіктерінің (экономикалық, саяси-дипломатиялық және т.б.) шектелуімен байланысты болды. Қытайдың Орталық Азия мемлекеттерімен институционалды ынтымақтастығындағы алғашқы қадам 1992 жылы қыркүйекте Минскте Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан делегациясы және Қытай делегацияларынан тұратын жұмысшы топтың құрылуы болды. «4+1» формуласы деп аталған топтар қауіпсіздік мәселелерінің кешенімен айналысты және оның жұмысы «Шанхай бестігі» (1996 ж.) деп аталған мемлекетаралық бірлестіктің негізін қалаудағы алғышарттарды қамтамасыз етті. Сонымен қатар, ҚХР ОА-ны Мәскеудің ерекше ықпал ету аймағы ретінде қарастырды. Сондықтан Қытай негізінен аймақ елдерімен дипломатиялық байланыстарды дамытуға, Ресеймен шекара-аумақтық дауларды шешуге, шекара маңындағы аудандарда әскери қатысу деңгейін төмендетуге және жалпы қауіпсіздік мәселелеріне назар аударды. Сол кезеңде аймаққа экономикалық ену мәселесі әлі күнге дейін күн тәртібінен түскен жоқ (Особенности, 2008).

Екінші кезең 1990 жылдардың ортасы мен аяғын қамтиды, 2001 жылы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ) құрылғанға дейін. Екінші кезеңде (1996-2001) Қытай сыртқы саяси бағытының маңызды бөліктеріне толықтай мән беріп қарауға мәжбүр болды. Бұл Тайвань төңірегіндегі (1995-1996 жж.) мәселелердің ушығуы мен қытай-америкалық қарама-қайшылықтың туындауына және Оңтүстік-Шығыс Азиядағы қаржылық дағдарысқа (1997-1998 жж.) байланысты еді. Осы оқиғалардың орын алуы қытайлық билікті белсенді сыртқы

саясатсыз мемлекеттің экономикалық дамуда масштабты өркендеуге қол жеткізуі мүмкін емес екендігін және жаһандану дәуірінде әлсіз болып, АҚШ-тың жетекшілігімен бірполярлы халықаралық қатынастар жүйесінің қалыптасуына жол беретіндігіне ойландыра түсті.

Қытай Орталық Азия мемлекеттерінің трансұлттық қауіптерге, әсіресе лаңкестік, исламдық радикализм және экстремизм, сондай-ақ есірткі айналымына келгенде осал екендігін жақсы түсінді. Көрші Ауғанстандағы тұрақсыздық Орталық Азия мемлекеттерінде діни сипаттағы экстремистік ұйымдар мен лаңкестік және ұлттық сипаттағы бірлестіктердің көбеюіне әкеп соқты. Ал Пекинді алаңдатқан мәселе Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданындағы және Орталық Азиялық аймақтың кейбір аумақтарында ұйғыр сепаратистерінің күресте лаңкестік әдістерді қолдануы болды (China, 2019).

1990 жылдардың бірінші жартысында іске қосылған «4+1» форматын байқап көргеннен соң, 1996 жылы Пекин Мәскеумен бірге «Шанхай бестігінің» – қауіпсіздік саласындағы жаңа аймақтың институттың негізін қалауға бастама болды. Бірлестікке Қытай, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан мүше болды. Бұл тізімге кейіннен Өзбекстан қосылып, 2001 жылы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының (ШЫҰ) негізі қаланды. 1996 жылы сәуірде Шанхайда Шекаралық аудандардағы әскери саладағы сенімді нығайту туралы келісімшартқа қол қойылды. Ал араға бір жыл сала отырып, 1997 жылы сәуір айында Мәскеуде Ресей, Қазақстан, Қытай, Қырғызстан және Тәжікстан мемлекет басшылары шекаралық аудандарда қарулы күштері өзара қысқарту туралы келісімге қол қойды. Осы негізгі екі құжат «Шанхай бестігінің» көпжақты тетігін қалыптастырудың құқықтық негізін қалаған болатын (Декларация)

Қытай саясаттанушысы Чжао Хуашэн Қытайдың қауіпсіздік мәселелерінің арасында шекаралық қауіпсіздік пен ұйғыр сепаратизмімен күресті атап көрсетеді. ҚХР мен Орталық Азия мемлекеттерінің арасындағы шекараны делимитациялау және демаркациялау және оңтайлы шекаралық қатынастар орнату ХХ ғасырдың 90-жылдарының ортасына толықтай шешілді. Ал 1997 жылдан бастап Қытайдың қауіпсіздік қамтамасыз ету шеңберіндегі негізгі мақсаты лаңкестікпен күрес болды (Хуашэн, 2008).

Бұл Қытайдың аймаққа мақсатты экономикалық енуімен сипатталады, ол өзінің шикізаттық ресурстары мен нарық сыйымдылығының (шамамен 55 миллион адам) арқасында Бейжіңде елдің орталық және батыс аудандарын, ең алдымен Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданын (СУАР) жедел дамыту бағдарламасы аясында көбірек қарастырылды. Осы уақытқа дейін Қытайдың ОА-дағы негізгі ұзақ мерзімді мүдделері айқынырақ белгіленді. Шекаралар, әскери қауіпсіздік және жалпы қауіптер (халықаралық терроризм, сепаратизм, ислам радикализмі және есірткі трафигі) мәселелері бойынша өңір елдерімен ынтымақтастықтан басқа, ҚХР Орталық Азия көмірсутек ресурстарына (ол кезде бұл, ең алдымен, қазақстандық мұнайға қатысты) қол жеткізуге және өз тауарларын ОА елдерінің нарықтарына жылжытуға көбірек қызығушылық таныта бастады.

Үшінші кезең – 2001 жылғы 11 қыркүйектегі оқиғалардан осы уақытқа дейін жалғасуда. Ол ҚХР-ның сыртқы экономикалық және сыртқы саяси стратегиясындағы ОА маңыздылығының едәуір артуымен және, тиісінше, Қытайдың Орталық Азия бағытында айтарлықтай жандануымен сипатталады. Қытай ОА — дағы жағдайдың оған қолайсыз сценарий бойынша дамуына жол бермеуге және аймақтың бай шикізаттық (тек мұнай-газ) ресурстарына ғана емес, оның транзиттік мүмкіндіктеріне де қол жеткізуге тырысады. Бұл кезеңді ҚХР-ның Орталық Азия елдеріне "жұмсақ экономикалық кеңеюінің" бастауы деп санауға болады. Әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс Пекиннің ОА стратегиясына айтарлықтай түзетулер енгізбеуі мүмкін. Көмірсутекті және басқа да шикізат кен орындарын игеру, сондай-ақ өнеркәсіптік шикізатты жеткізу үшін қажетті тиісті көлік инфрақұрылымын салу мәселелері маңызды басымдықтар болып қала бермек. Бұл міндеттер Қытай экономикасы үшін өте маңызды, сондықтан Пекин мұнда қысқа мерзімді конъюнктуралық ойларды басшылыққа алмайды, бірақ стратегиялық мақсаттарды көздейді.

Үшінші кезеңде (2001 жылдан қазірге дейін) ҚХР сыртқы саясатында ұлттық мүдделерді қорғау бағытын ұстанған белсенді курсты қарастыратын жаңа «түзетулік» өзгерістер болды. Қытай сыртқы саяси қызметінің өзгерісі көп жағдайда 2001 жылы 11 қыркүйек оқиғасынан кейінгі халықаралық жағдайдың тұрақсыздығына, сондай-ақ, АҚШ пен оның одақтастарының

әскери-саяси және экономикалық ықпалының күшеюімен байланысты болды.

Қытай ШЫҰ-ны Орталық Азиядағы үрдістерді бақылайтын және аймаққа антиқытайлық альянстардың енуінен қорғауға кепілдік беретін ұйым ретінде оның ауқымын кеңейтуге және халықаралық бейнесін жақсартуға, ынтымақтастықтың экономикалық құрылымының мәнін арттыруға тырысты. Осы мақсатта Қытай Ресеймен біріге отырып, ұйымға мүшелікке жаңа мемлекеттердің қосылуын қолдады: 2004 жылы Моңғолия, 2005 жылы Иран, Пәкістан, Үндістан бақылаушы мәртебесіне ие болды. Бүгінде 2001 жылы ұйымның негізін қалаған мемлекеттерден бөлек, Пәкістан, Иран және Үндістан ұйымның толыққанды мүшесі болып табылады. (Тураева, 2014)

2013 жылы 16 қыркүйекте ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Астана қаласындағы Назарбаев университетінің қабырғасында баяндама жасап, Орталық Азия мемлекеттері мен Қытайдың ынтымақтастығын тереңдетуде «Жібек жолы экономикалық белдеуінің» негізін қалау идеясын алға тартты (Си Цзиньпин, 2013).

2013 жылдан бастап Қытайдың аймақ мемлекеттерімен ынтымақтастығы жаңа сыртқы саяси бастама ХХІ ғасырдың Жібек жолы экономикалық белдеуінен және теңіздік Жібек жолы белдеуінен тұратын «Бір белдеу – бір жол» жобасының құрамдас бөлігі болып табылады. Жоба шеңберінде негізгі үш экономикалық «Қытай – Орталық Азия – Ресей – Еуропа», «Қытай – Орталық Азия – Батыс Азия – Парсы шығанағы – Жерорта теңізі», «Қытай – Оңтүстік-Шығыс Азия – Оңтүстік Азия – Үнді мұхиты» дәліздерінің негізін қалау Қытай үшін тауарлары мен қызметтерін құрлықтық жолмен тасымалдауды жеңілдетеді. (Бір белдеу).

Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» жобасының құрлықтық дәлізі Орталық Азия елдерінің Алматы, Бішкек, Самарқанд, Душанбе сияқты ірі қалаларынан өтетін болғандықтан, аймақтың қытайлық тауарларды тасымалдаудағы құрлықтық бағытта жоғары рөл ойнайтындығы сөзсіз. 2022 жылы 13 наурыз бойынша, бастама шеңберіндегі ынтымақтастық келісіміне әлемдегі 148 мемлекеттің ішінде Орталық Азиядан Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан қол қойған. Қытайлық модель экономикалық өсімді нығайтуға мән береді, дегенмен «Бір белдеу

– бір жол» жобасына қатысушы мемлекеттердің билігі мен саяси режимдерді өзгертуге ұмтылмайды. Батысқа қарағанда,

Қытайдың жаңа кезеңдегі саясаты нарықтық реформаларға, сөз бостандығы сияқты мәселелерге назар аудармайды. 2022 жылы қаңтардың соңында ҚХР төрағасы Си Цзиньпин Орталық Азия мемлекеттерімен дипломатиялық қатынастар орнатылуына 30 жыл толуына орай аймақтағы бес мемлекет басшысымен виртуалды саммит өткізді. (Дипломатиялық, 2022)

Қытайдың экономикалық және саяси тұрғыдан белсенуі қазіргі әлемдік саясаттың негізгі үрдістерінің бірі болып табылады. Бүгінде Қытай аймақ мемлекеттерімен жоғары деңгейде әрекеттесетін басты актор ретінде аймақтағы өзіндік ұстанымдарға және сыртқы саясатында бірнеше стратегиялық бағыттарға ие: қауіпсіздік, сауда, энергетика, мәдени ынтымақтастық. Шыңжаң Ұйғыр Автономдық ауданы Қытайдың басқа аудандарынан этникалық құрамы (қазақ, өзбек, ұйғыр) бойынша ерекшеленеді және аталған этностардың қатарында Орталық Азия мемлекеттеріндегі автохтонды этностар да кездеседі. ҚХР территориясының солтүстік-батыс аудандары Орталық Азия мемлекеттерімен шектесетіндігі белгілі.

Қытай өзінің аймақтағы сыртқы саяси стратегиясында келесідей негізгі ұлттық мүдделер қарастырылады:

- Тұрақсыз солтүстік-батыс шекараларда және шекаралық аймақтарда тұрақтылықты қамтамасыз ету. 3700 км-ге созылып жатырған Қытайдың Орталық Азиямен жалпы шекарасы қытайлық басшылықтың назарын аударарлықтай мәселе болып табылады. Қазіргі уақытта «сепаратистік» Тайваннан бөлек, Пекин үшін батыстық бағыттан ҚХР-ның егемендігі мен тұтастығына және мемлекетшілік тұрақтылығына қауіп төніп тұр. Қытай қазіргі уақытта Шыңжаң аумағында тек қана провинцияның шекаралық жағдайымен ғана емес, ұйғыр ұлттық топтарының этносаяси қарсыластықтарын басу үшін мықты әскери топтарын ұстап отыр. Азиядағы аймақтық қауіпсіздіктің сын-қатерлеріне қарсы күресті Қытай тек ШЫҰ шеңберінде ғана емес, Ауғанстан, Пәкістан, Тәжікстанмен екіжақта форматта жүзеге асырады. 2016 жылы 4 тамызда Қытай аталған мемлекеттермен барлаушы ақпарат алмасу мен кадрлар дайындау үшін төртжақты тетікті құруға келісті. ҚХР-ның қаржылық қолдауымен ауған-тәжік шекарасындағы Бадахшан провинциясында Ауғанстанның әскери базасы салынып жатыр.

Ауған тарапының пікірінше, Қытай осы жолмен ауғандық Бадахшаннан «Ислам мемлекеті» лаңкестік құрылымындағы ұйғыр содырларының өз аумағына баса көктеп келуінің алдын алады. (Жуков, 2009)

- ҚХР-ның батыс аудандарының дамып, Орталық Азия мемлекеттері және Батыс әлемімен сауда-экономикалық ынтымақтастықтың күшеюі есебінен экономикалық дамыған аудандар мен ішкі аудандардағы экономикалық дамудағы алшақтықтың азаюы маңызды мәселе болып табылады. Бүгінде Қытай Орталық Азия елдерінің басты экономикалық серіктесі және аймақ мемлекеттері экономикасының басты инвесторы болып табылады. ҚХР Сауда министрлігінің мәліметі бойынша, 2023 жылы Қытайдың аталған аймақпен сауда айналымы 89,4 млрд. долларды құраған. Сонымен қатар, Қытайдың аймақтағы сыртқы саясатының маңызды экономикалық бағыттарының бірі Қытаймен шекаралас аймақтарда еркін сауда аймағын құру болып табылады.

- Өсіп жатқан өндіріс үшін энергия көздеріне кепілдікті қолжетімділікті қамтамасыз ету. 1990 жылдардың ортасынан бері Қытайдың Орталық Азиядағы энергетикалық саясатының негізгі құрамдас бөлігі қытай капиталы мен технологияларының халықаралық нарыққа шығуын жүзеге асыратын «шекарадан шығу» (цзоу чуцной) стратегиясы болып табылады. Орталық Азия мемлекеттері үшін мұнай мен газ орындарының жұмыс жасауы және сәйкес экономикалық салалардың дамуы үшін қытайлық инвестициялар қажет, ал Қытай үшін өз өнімдерін өткізу үшін жаңа нарықтар мен энергоресурстарды импорттайтын жаңа энергия көздері керек. Осылайша, Орталық Азияның энергетикалық ресурстары Қытайдың ерекше мүдделерінің шеңберіне кіреді, ал бұл ресурстарға Ресей тарабының бақылауынсыз кіру Қытай үшін Ресейдің ұлттық мүдделеріне қайшы келетін маңызды экономикалық болып табылады (Либман, 2006).

- ТМД және Еуропа елдерінің нарықтарына шығу үшін сенімді көлік дәліздерінің негізін қалау Қытайдың экономикалық саясатының басым бағыты болып қала бермек. Қытайдың орталық және батыс аймақтарының тікелей Орталық және Оңтүстік Азиямен байланысы қытай тауарларының аймақ нарықтарына тікелей қолжетімділігін арттырады және транспорттық кедергілерді төмендетеді. Орталық Азия елдерінің

транспорттық саясатына келер болсақ, М. Тураев «Солтүстік және Орталық Азияға транспорттық жобалардың басты мақсаты – «Шығыс-Батыс», сондай-ақ «Солтүстік-Оңтүстік» меридиональдық бағыты бойынша аймақтағы елдерді транзитті мемлекеттердердің қатарына қосу және баламалы мультимодальды дәліздерді құрастыру» деп атап көрсеткен болатын (Воробьев, 2012).

- ҚХР-ның аймақтағы сыртқы саясатының маңызды деңгейдегі тағы бір бағыты Орталық Азияға ықпалын таратуға тырысу арқылы бірполярлы жүйеге және АҚШ-тың экономикалық, саяси және әскери деңгейдегі басымдығына қарсы күрес болып табылады (Ли Лифань 2004).

Посткеңестік кеңістіктегі аймақ мемлекеттері ҚХР үшін «Бір белдеу – бір жол» бастамасын жүзеге асыруда ерекше маңызға ие. Ең алдымен Орталық Азия елдерінің Қытаймен географиялық шектесуі маңызды фактор екендігі сөзсіз. Мәселен, Қазақстан Қытаймен 1782 км жалпы шекараға ие болса, оның 1215 км құрлық арқылы өтеді. Қытай маңызды инфрақұрылымдық жобаларды іске қосуда Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданымен шектесетін Қазақстан мен Қырғызстанның көршілігін есепке алады.

Орталық Азия елдерінің аумағы Еуропаға қытайлық тауарларды жеткізуде құрлықтық транзиттік дәліз ретіндегі әлеуетті мүмкіндіктерге ие. Қазіргі кезеңде Қытайдан Еуропаға жөнелтілетін контейнерлік жүктердің 94% теңіздік транспортпен жеткізілсе, 6% ғана құрлықтық тасымалмен өтеді. Қытай саудасының негізгі бөлігі жасалынатын Малакка бұғазы АҚШ-тың теңіздік флотының бұғаттау қаупінің астында үндемі болғандықтан, қытайлық жоба АҚШ тарапынан қарсылыққа ұшырады. Ал Үндістан, Жапония сияқты Қытайдың көршілері бастаманың қаржылық мөлдірдігіне әлі де күмән келтіріп, Қытайды экологиялық қауіпсіздікті бұзуда айыптайды. Сондықтан, негізгі рөл Орталық Азия мемлекеттеріне берілетін үрдісте Қытай құрлықтық жолдарды да дамытуға мүдделі. (Воробьев, 2012)

Қорытындылай айтатын болсақ, Орталық Азия аймағының Қытай сыртқы саясатының бағыты ретінде қарастырылуы аймақта орналасқан бес мемлекет үшін маңызды болып табылады. Қытайдың Орталық Азиядағы сыртқы саясатының қалыптасуын үш кезеңге: 1992 – 1995, 1996 – 2001, 2001 жылдан

бастап қазірге дейінгі жылдар аралығын қамтитын кезеңдерден тұрады.

Орталық Азия аймағында Қытайдың аймақтағы ұстанымдарына солтүстік-батыс шекараларында, әсіресе Шыңжаң аймағындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен аймақ мемлекеттерін негізгі энергетикалық шикізат көзін жеткізуші ретінде қарастыруы жатады. Сондай-ақ, аймақ мемлекеттері арқылы Ресей мен Еуропа мемлекеттеріне тауар тасымалдаушы құрлықтық транспорттық маршруттардың өтуі Қытай экономикасына тиімді факторлардың бірі болып табылады.

Аймақтың бес мемлекетіндегі қытайлық жұмсақ күштің ықпалы әртүрлі деңгейде жүзеге асып келеді. Мәдени ықпалын білім және ғылым саласында тіл үйрену орталықтары мен институттардың негізін қалау арқылы, мәдениет пен спорт саласында экономикалық маңызы бар көрмелер мен конференциялар ұйымдастыру арқылы іске асыруда.

Бес мемлекеттегі қытайлық лобби ең алдымен экономикалық салада көрінеді. Қытайлық лобби америкалық лобби секілді мемлекеттердің саяси режимдеріне араласпайды және Қытайға тиімді келісімшарттардың жасалуын көздейді. Ол аймақ елдерінде айқын байқалмайтын сипатымен және өз ұстанымдарын нақты көрсетпеуімен ерекшеленеді. Қытайлық лобби қай сипатта көрінгенімен де, мемлекеттердің экономикалық негізі мен Қытайға экономикалық тәуелділігі проқытайлық саясаттан ауытқып кетуге мүмкіндік бермейді.

Орталық Азия аймағында АҚШ – Қытай қарама-қайшылықтары экономикалық және геосаяси мүдделерге тікелей байланысты. Екі мемлекеттің бәсекелестігі америкалық «Үлкен Орталық және Жаңа жібек жолы» және Ресей мен Қытай инициативасымен негізі қалаған ШЫҰ, сондай-ақ, «Бір белдеу – бір жол» бастамасынан көрінеді. Екі мемлекеттің бақталастығын екіжақты емес, АҚШ – Қытай – Ресей үшбұрышында қарастырған тиімді болып табылады.

Қытайдың аймақ мемлекеттеріндегі мәселесіне синофобия, яғни антиқытайлық көңіл-күйдің таралуы жатады. Қазақстан мен Қырғызстанда антиқытайлық сарындағы митингтердің болып өтуі, сондай-ақ Қырғызстан және Тәжікстанның белгілі бір экономикалық секторларының толығымен қытайлық тарап арқылы басқарылуы бұған дәлел болып табылады.

Аймақ мемлекеттерінің экономикалық негіздерінің Қытайға және Ресейге тәуелді болуы және АҚШ-тың географиялық алшақ орналасуы таяу уақытта аймақтағы үш мемлекеттің қатарында қандай да бір гегемон мемлекеттің пайда болуына жол бермейтін факторлар болып табылады. 2022 жылы ақпанда Ресейдің Украинадағы әскери операциясының басталуы аймақ мемлекеттерінің экономикасына тікелей әсер ететін мәселелердің пайда болуына себеп болды. Мемлекеттердегі саяси режимдер мен саяси элиталардың өзгермеуі америкалық және қытайлық лоббидің әрекетін күшейте түспек. Ресей мен Қытай бәсекелестігі шеңберінде Қытайдың экономикалық ықпалы арта түседі, себебі Ресей экономикасының көптеген секторлары бүгінде Қытайға тәуелді.

G-7, G-20 бірлестіктеріне қарағанда Қытай мен АҚШ-тың келешектегі әлемдік экономикаға айтарлықтай ықпалы бар және бұл екі мемлекет «үлкен екілікті» – G-2 құрайды. «Үлкен екіліктің» қарама-қайшылығы ең алдымен Оңтүстік Қытай теңізінде болса, екіншіден, «Бір белдеу – бір жол» бастамасы шеңберінде әлемдік экономиканың энергетикалық картасын қайта жасауға байланысты болып табылады. Ресей секілді экономикалық серіктесі дағдарысқа бет бұрып келе жатқанына байланысты Орталық Азия елдері қытайлық инвестицияларға мүдделілігін арттыра түсуде. Аймақ елдерінің аталған мемлекеттердің үшбұрышында көпвекторлы саясат ұстанып, ішкі істерге араласуына жол бермеуі, тепе-теңдікті сақтап тұруы бес мемлекеттің де аумақтық тұтастығы мен шекараларының мызғымастығы үшін маңызды болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

“一 帶 一 路” «Бір белдеу – бір жол бастамасы». (н.д.). – URL: <https://www.imsilkroad.com/news/p/455272.html>

Воробьев, В. Я. (2012). ШОС как растущий властелин «хартлэнда». Россия в глобальной политике, 10(1).

Декларация о создании Шанхайской организации сотрудничества. (н.д.). Получено из https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1027310

中国同中亚五国领导人关于建交 30 周年的联合声明 (全文)
Дипломатиялық қатынастардың орнағанына 30 жыл толуына орай Қытай мен Орталық Азиядағы бес мемлекет басшысының бірлескен мәлімдемесі (толық мәтін). (2022). – URL: https://www.mfa.gov.cn/zyxw/202201/t20220126_10633759.shtml

Жуков, С. В., & Резникова, О. Б. (2009). Центральная Азия и Китай: экономическое взаимодействие в условиях глобализации. Москва: ИМЭМО РАН.

Қытай билігі Орталық Азия елдерімен ынтымақтастыққа дайын. (н.д.). – URL: <https://egemen.kz/article/306081-qytay-biligi-ortalyq-aziya-elderimen-ynymaqtastyqqa-dayyn>

Ли Лифань, & Дин Шиу. (2004). Геополитические интересы России, США и Китая в Центральной Азии. Центральная Азия и Кавказ, (3).

Либман, А. М., & Хейфец, Б. А. (2006). Экспансия российского капитала в страны СНГ. Москва: Экономика.

Особенности китайской дипломатии в Центральной Азии: взгляд из Казахстана. (2008). В Центральная Азия — Китай: состояние и перспективы сотрудничества (стр. 83). Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан.

Си Цзиньпин. (2013). Выступление Председателя КНР в Назарбаев университете (полный текст). «Укреплять дружбу народов, вместе открыть светлое будущее». – URL: http://kz.china-embassy.gov.cn/rus/zhgx/201309/t20130916_1045309.htm

Тураева, М. О. (2014). Транспортная инфраструктура стран Центральной Азии в условиях современной регионализации. Москва: Институт экономики.

Хуашэн, Ч. (2008). Центральная Азия в китайской дипломатии. В Центральная Азия: взгляд из Вашингтона, Москвы и Пекина (стр. 158). Москва.

China Defense White Papers. (1995-2019). Қытай қорғанысының Ақ кітабы. – URL: <https://www.andrewerickson.com/2019/07/china-defense-white-papers-1995-2019-download-complete-set-read-highlights-here/>

BELT AND ROAD INITIATIVE VS GLOBAL GATEWAY: GOALS, MOTIVATIONS, AND LIMITATIONS

Introduction

In December 2021, the European Commission and the European External Action Service jointly launched a global infrastructure investment initiative for developing countries, known as the "Global Gateway" strategy, which aims to bolster investments in the transportation, digital, energy, and health sectors within developing nations (European Commission, 2021).

The EU's "Global Gateway" strategy is widely perceived as a political countermeasure to China's "Belt and Road" initiative (BRI) (Valero, J., & Follain, J. 2021; Fleming, S. 2021). Considering the political relations between BRI and Global Gateway, several scholars have tried to analysis them comparatively (Lang, F., & Pehl, M. (2022); Cinci, C. (2022)). However, the comparative analysis of BRI and Global Gateway is insufficient. No scholar has compared the goals, motivations, and limitations behind them, which is crucial to understand the similarities and differences of their meanings and influence on the international society, and matters to predict their future developments. Thus, this paper conducts a comparative analysis of the BRI and Global Gateway, focusing on their goals, motivations, and limitations.

Goals

Political goals

The policymakers behind both BRI and Global Gateway harbor political ambitions, aiming to exert influence on the international stage.

China utilizes the BRI to redefine its role in global economic governance and bolster its image as a responsible global leader (Cheng, Z. 2020). Specifically, the BRI strives to promote an open, inclusive model of sustainable international cooperation that hinges on mutual benefits, cultural exchange, and political cooperation (Dunford, 2019).

The EU, however, prioritizes the promotion of democracy and other core EU values through the "Global Gateway" strategy. This plan underscores cooperation based on shared values, linking

cooperation to the rule of law, human rights, and a "rules-based order", highlighting how the democratic values manifested in the "Global Gateway" program ensure certainty and fairness for investors (European Commission, 2021. Global Gateway). The EU also emphasizes the importance of strengthening cooperation with partners that share "similar values" (such as the USA, India, and Japan), particularly highlighting mutual support with the US's "Build Back Better World" initiative (European Commission, 2021. Questions...). At the G7 summit in Germany in June 2022, the EU reiterated its commitment to closely collaborate with like-minded partners in the global infrastructure domain (Lemire, 2022).

Economic goals

Both the BRI and Global Gateway are underpinned by economic objectives.

The BRI aims to spur economic growth across Asia, Europe, and Africa through infrastructure investment, trade enhancement, and financial support, potentially transforming these regions into dynamic economic zones (Huang, Y. (2016). It also addresses internal economic challenges such as industrial overcapacity and the necessity for new markets for Chinese products, in addition to securing energy resources and promoting the international use of the Chinese yuan (Lai, H. 2020). A significant sub-goal of the BRI is to improve infrastructure and connectivity between China and BRI nations, thereby reducing transportation costs and fostering a more interconnected world (Garcia-Herrero, 2016).

Comparing with BRI, Global Gateway's economic goals involve more consideration of sustainability. For example, the "Global Gateway" plan intends to provide 2.4 billion euros to Sub-Saharan Africa and 1.08 billion euros to North Africa, and through the "Africa-EU Green Energy Initiative" and cooperation with the US "Power Africa" initiative, it supports the construction of renewable energy and related industrial chains (European Commission, 2021. Joint Communication...). The aim is to provide renewable energy to 100 million people by 2030 (European Commission. 2022, June 21). Additionally, the "Great Green Wall" project under the "Global Gateway" plan seeks to enhance the desert land environment and boost food production in countries such as Senegal, Niger, and Ethiopia (European Commission. 2022, June 21).

Motivations

Improvement of global influence

The ambition to enhance global influence underpins both the BRI and Global Gateway initiatives.

A key motivation behind the BRI is to bolster China's geopolitical presence across Asia, Europe, and Africa, using it as a strategic avenue to strengthen trade networks, amplify soft power, and cement its status as a global leader (Zhou, Esteban, 2018).

Similarly, the Global Gateway strategy is viewed as a vehicle for the EU to assert itself as a formidable geopolitical force. Michael Clauss, Germany's Permanent Representative to the EU, noted in a media interview that this strategy positions the EU to emerge as a strong geopolitical player (Valero, 2021).

Response to international political pressure

Both China and the EU are navigating international political pressures, prompting them to launch their respective initiatives.

The BRI is seen as a countermeasure to containment efforts by the United States and its allies, aiming to diversify China's strategic partnerships and mitigate geopolitical vulnerabilities through infrastructure development and economic ties (Clarke, 2018).

The EU perceives the BRI as encroaching on its market share in overseas infrastructure projects, thereby impacting its economic interests (Fleming, 2021). In response, the EU's new trade policy report in February 2021 highlighted China's state capitalism as a challenge to global economic governance (European Commission, 2021, February 18). In the Q&A session following the release of the "Global Gateway" plan, when asked whether the "Global Gateway" plan was aimed at the "Belt and Road" initiative, the EU did not respond directly but instead emphasized the distinct characteristics of the "Global Gateway" plan from the "Belt and Road" initiative, thereby indicating its stance (European Commission, 2021. Questions...).

Addressing economic challenges

Economic challenges drive both the BRI and Global Gateway.

China seeks to alleviate domestic economic issues. For example, China can redirect its surplus production capacity abroad to solve its industrial overcapacity issue. Investing in infrastructure projects along the BRI routes allows China to utilize its excess industrial capacity constructively (Huang, Y. 2016). Besides, amid slowing economic growth, China seeks to open new markets for its goods and services.

The BRI facilitates access to new markets, helping Chinese companies expand their global footprint and contributing to the global economy's rebalancing (Lai, H. 2020). Another challenge driving the BRI is energy security. By developing infrastructure projects, particularly in Central Asia, China aims to secure and diversify its energy supply routes, reducing reliance on vulnerable maritime chokepoints (Tekdal, 2018). In addition, an economic motivation of the BRI is China's broader strategy to develop its western regions. By enhancing connectivity and infrastructure in these less developed areas, China aims to stimulate economic growth, reduce regional disparities, and integrate these regions more closely into the global economy (Jones, 2019).

Differently, the EU faces external economic challenges. At the onset of the pandemic, there was a disruption in the supply of medical supplies and personal protective equipment in Europe, leading to significant criticism and questioning of the EU from the outside world (Vanhanen, 2020). During the period of economic recovery and development, the European manufacturing industry was impacted by the interruption of certain raw material supplies, affecting the recovery of the European economy. In response, an EU policy maker pointed out that EU need to strengthen connectivity in key areas, which helps to build a community of shared interests and enhances the resilience of the EU's supply chain (European Commission. 2021, Global Gateway).

Limitations

Financial limitations

Financial constraints are a significant hurdle for both China and the EU, albeit for different reasons.

The sheer scale of investment required for BRI projects poses substantial financial and economic risks for China, including the potential for non-performing assets and the strain on China's financial system (Liu, W.,2020). The focus on overseas investment has sparked debates within China regarding the prioritization of domestic needs and development over international expansion. Balancing domestic development with international ambitions is a critical challenge (Hughes, 2020).

Different from the hierarchical relationship between the central government and provincial governments in China, the European Commission mostly has a parallel and equal relationship with the

members in EU. Therefore, it lacks the coercive power to ensure other entities execute related deployments according to its will, especially for the European financial institutions that are the main sources of funding for projects (European Commission, 2021. Questions).

Besides, due to the impact of the COVID-19 pandemic, the fiscal deficits and government debts of some EU member states have surged significantly in the past two years. Southern European member states, represented by Greece and Italy, face particularly severe debt issues. In 2021, the government debts of these two countries reached 195% and 150% of their GDP, respectively (EUROSTAT, 2022).

Challenges from the host countries

The host countries of both BRI and Global Gateway cause challenges, limiting China and the EU to achieve their goals.

Some countries view the BRI with skepticism, fearing it may lead to undue Chinese influence or a debt trap. This has led to resistance and renegotiation of terms in several participating countries, impacting the initiative's overall cohesion and implementation (Pendrakowska, 2018). Some countries are in fears of debt dependency due to the financing of large infrastructure projects, which could compromise the economic sovereignty of participating nations and lead to geopolitical tensions (Chu, 2023). Ensuring projects are economically viable and do not burden host countries with unsustainable debt is a significant challenge (Liu, 2020) Besides, coordinating a vast array of projects across different countries, each with its unique legal, social, and political environments, poses significant operational challenges. Ensuring projects align with both Chinese and host country interests require sophisticated management and diplomacy (Huang, 2016).

Global Gateway faces skepticism from lower and middle-income countries that prioritize economic development over adopting a Western value-oriented agenda, indicating a preference for pragmatic relations with China (Kliem, 2021).

Other limitations

Some challenges to BRI and Global Gateway are quite special.

The BRI's infrastructure projects, especially in sensitive ecological zones, raise significant environmental concerns. The initiative's emphasis on large-scale construction and development projects can lead to environmental degradation, pollution, and loss of biodiversity in participating countries, which may hinder its acceptance and sustainability (Lindberg, 2021).

The technological gap is one of limitations of Global Gateway. The EU's "Global Gateway" plan focuses on areas like digital, communication, and healthcare, which do not possess the technological advantages necessary to guide international cooperation. The EU itself admits there is a huge gap between it and the US and China in the field of digital and other high-tech technologies (Harries, 2020).

Besides, the Russia-Ukraine conflict limits the geographic range of Global Gateway. Previously, an official from the European Commission mentioned in an interview "Africa will be the focus of the 'Global Gateway' strategy (Parker, 2021) "However, the Russia-Ukraine conflict has affected the EU's strategic layout to a certain extent. According to official statements, Ukraine and the Western Balkans will be the focus of the EU's "Global Gateway" strategy in the current and future periods, with related projects also tilting towards the aforementioned countries and regions (German Federal., 2022).

For example, in May 2022, the European Commission and the European Investment Bank signed a guarantee agreement amounting to 26.7 billion euros, most of which will be used to support public investment in the Western Balkans and the Eastern and Southern European neighborhoods. (European Commission and EIB..., 2022).

Conclusion

The BRI and Global Gateway reflect China's and the EU's efforts to extend their political and economic influence globally. Politically, the BRI aims to project China as a responsible leader, while Global Gateway emphasizes EU values like democracy and human rights. Economically, the BRI focuses on boosting both international and domestic markets through infrastructure investments, contrasting with the EU's emphasis on sustainability within the Global Gateway.

Both China and the EU are motivated to enhance their global influence and respond to international political pressure through their global strategies, although the sources of their international political pressure differ. Both BRI and Global Gateway are motivated by the economic challenges. The economic challenges behind BRI are mainly those domestic economic challenges, such as industrial overcapacity and regional disparities. The economic challenges motivating Global Gateway, in contrast, have more relations to international economic problems such as the disruption in the global supply chain.

Financial constraints limit both the BRI and Global Gateway. For the BRI, the main cause of financial issues is the large scale of oversea investments. For the Global Gateway, the internal rules of the EU and the COVID-19 pandemic are the primary reasons for financial insufficiency. Host countries for both the BRI and Global Gateway present limitations to both strategies. In the case of the BRI, host countries fear debt traps, and China needs to become more acquainted with the local environments. For the Global Gateway, less wealthy host countries show limited interest in the EU's value-oriented agenda. Moreover, there are specific limitations unique to each initiative. The BRI is criticized for being environmentally unfriendly. For the Global Gateway, the technological disadvantages of the EU and the Ukraine conflict significantly impede progress.

References:

Clarke, M. (2018). The Belt and Road Initiative: Exploring Beijing's motivations and challenges for its New Silk Road. *Strategic Analysis*, 42, 84-102.

Cinci, C. (2022). Global Gateway vs. Belt and Road Initiative: towards Stronger or Weaker Global Governance. Retrieved March 1, 2024. – URL: https://www.researchgate.net/profile/Cristian-Cinci/publication/361506627_Global_Gateway_vs_Belt_and_Road_Initiative_towards_Stronger_or_Weaker_Global_Governance/links/643f45de39aa471a52490bca/Global-Gateway-vs-Belt-and-Road-Initiative-towards-Stronger-or-Weaker-Global-Governance.pdf

Cheng, Z. (2020). Building the belt and road initiative? – practices en route. *The Pacific Review*. 33. 788-812.

Chu, T.-W., & Haenssger, M. J. (2023). Review of the Research on the Belt and Road Initiative in Myanmar. *European Journal of East Asian Studies*, 22. 229-251.

Dunford, M., & Liu, W. (2019). Chinese perspectives on the Belt and Road Initiative. *Cambridge Journal of Regions, Economy and Society*, 12(1), pages 145-167.

European Commission. (2021, December 1). Joint Communication to the European Parliament, the Council, the European Economic and Social Committee, the Committee of the Regions and the European Investment Bank: The Global Gateway. JOIN (2021) 30 final. – URL: <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=CELEX:52021JC0030>

European Commission. (2021). Global Gateway: Up to €300 Billion for the European Union's Strategy to Boost Sustainable Links around the World. – URL: https://ec.europa.eu/commission/presscorner/detail/en/ip_21_6433

European Commission. (2021). Questions and Answers on Global Gateway. – URL: https://ec.europa.eu/commission/presscorner/detail/en/qanda_21_6434

European Commission. (2021, February 18). Trade Policy Review – An Open, Sustainable and Assertive Trade Policy. – URL: <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/ALL/?uri=CELEX%3A52021DC0066> p. 2.

European Commission. (2022). European Commission and EIB sign an Agreement to enable further investments worldwide. – URL: https://ec.europa.eu/commission/presscorner/detail/en/ip_22_2870

European Commission. (2022, June 21). Opening Speech by President von der Leyen at the European Development Days. – URL: https://ec.europa.eu/commission/presscorner/detail/en/speech_22_3903

EUROSTAT. (2022, October 21). General Government Gross Debt. – URL: https://ec.europa.eu/eurostat/databrowser/view/sdg_17_40/default/table?lang=en

Fleming, S. (2021). EU plans €300bn global infrastructure spend to rival China. Financial Times. – URL: <https://www.ft.com/content/610faad4-bacc-4a5e-ba9a-fbcb2a8208f4>

Garcia-Herrero, A., & Xu, J. (2016). China's Belt and Road Initiative: Can Europe Expect Trade Gains? *China & World Economy*, 25(6), 84-99.

German Federal Foreign Office. (2022, April 11). EU Foreign Affairs Council in Luxembourg: The Russian war of aggression in Ukraine and its global impact. – URL: <https://www.auswaertiges-amt.de/en/aussenpolitik/europe/baerbock-eu-luxembourg/2522226>

Harries, D. (2020, November 19). EU worried over 'dangerous' digital tech gap with U.S. and China. CGTN. – URL: <https://newseu.cgtn.com/news/2020-11-19/EU-worried-over-dangerous-digital-tech-gap-with-U-S-and-China-VwzxeYevuM/index.html>

Huang, Y. (2016). Understanding China's Belt & Road Initiative: Motivation, framework and assessment. *China Economic Review*, 40, 314-321.

Hughes, A., Lechner, A., Chitov, A., Horstmann, A., Hinsley, A., Tritto, A., Chariton, A., Li, B. V., Ganapin, D., Simonov, E., Morton, K., Toktomushev, K., Foggin, M., Tan-Mullins, M., Orr, M. C., Griffiths, R., Nash, R., Perkin, S., Glémet, R., Kim, M., & Yu, D. W. (2020). Horizon Scan of the Belt and Road Initiative. *Trends in Ecology & Evolution*, 35(7), 583-593.

Jones, L., & Zeng, J. (2019). Understanding China's 'Belt and Road Initiative': beyond 'grand strategy' to a state transformation analysis. *Third World Quarterly*, 40, 1415-1439.

Kliem, F. (2021, December 7). Europe's Global Gateway: Complementing or Competing With BRI? The Diplomat. – URL: <https://thediplomat.com/2021/12/europes-global-gateway-complementing-or-competing-with-bri/>

Lang, F., & Pehl, M. (2022). Belt and Road Initiative and Global Gate Way Initiative in Comparison. European Cooperation. Warsaw: Consilium LLC, 7-19.

Lai, H. (2020). The Rationale and Effects of China's Belt and Road Initiative: Reducing Vulnerabilities in Domestic Political Economy. *Journal of Contemporary China*, 30, 330-347.

Lemire, J., & Mathiesen, K. (2022, June 26). G7 unveils \$600B plan to combat China's Belt and Road. Politico. – URL: <https://www.politico.eu/article/g7-unveils-600b-plan-to-combat-chinas-belt-and-road/>

Liu, W., Zhang, Y., & Xiong, W. (2020). Financing the Belt and Road Initiative. *Eurasian Geography and Economics*, 61, 137-145.

Lindberg, J., & Biddulph, R. (2021). China's belt and road initiative: The need for livelihood-inclusive stories. *Geoforum*, 121, 138-141.

Pendrakowska, P. (2018). Poland's perspective on the Belt and Road Initiative. *Journal of Contemporary East Asia Studies*, 7, 190-206.

Parker, J. (2021, December 1). EU launches €300bn bid to challenge Chinese influence. BBC News. Retrieved March 1, 2024. – URL: <https://www.bbc.com/news/world-europe-59473071>

Tekdal, V. (2018). China's Belt and Road Initiative: at the crossroads of challenges and ambitions. *The Pacific Review*, 31, 373-390.

Valero, J., & Follain, J. (2021). EU's 'Global Gateway' Infrastructure Push Offers Counter to China's 'Belt and Road'. Bloomberg. – URL: <https://www.bloomberg.com/news/articles/2021-11-30/eu-eyes-300-billion-euro-infrastructure-push-to-challenge-china>

Vanhanen, H. (2020). COVID-19 and European security of supply: Growing in importance. *European View*, 19(2), 146-153. – URL: <https://doi.org/10.1177/1781685820966908>

Zhou, W., & Esteban, M. (2018). Beyond Balancing: China's approach towards the Belt and Road Initiative. *Journal of Contemporary China*, 27, 487-501.

Научные издание

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ
МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ
В НОВЫХ ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ РЕАЛИЯХ
И V ЕВРАЗИЙСКИЕ ЧТЕНИЯ,**

**ПОСВЯЩЕННЫЕ 95-ЛЕТИЮ
ПРОФЕССОРА
Ж.У. ИБРАШЕВА**

Издается в авторской редакции

ИБ 15476

Подписано в печать 12.11.2024 г. Формат 60x84/16.
Объем 17,6. Тираж 40 экз. Заказ № 11431.

Отпечатано в типографии дом издательство
«Казак университети»

г. Алматы, пр. аль-Фараби, 71